

Аңыздар және

ШЫНДЫҚ



АБАЙЛАҢДАР!
АҢЫЗДАР!



Джош Макдауэлл
және Боб Хостетлер

ДЖ. МАКДАУЭЛЛ
БОБ ХОСТЕТЛЕР

АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ



Кіріспе

Бәлкім, ол да Пикассо сияқты дарынды болған шығар. Олардың арасындағы айырмашылық, тек Пикассо сурет салған, ал біздің кейіпкеріміз — жалған ақшалар жасаған.

Өзінің ісінде ол аса шебер. Оның шеберлігі туралы жұрттың арасында аңыздар жүрді. Ол жалған ақшаларды жасап шығаруға арналған мөртабандардың жиынтығын кемеліне жеткізу үшін бір жыл бойына тынбай еңбек етті және солай болды да, өйткені оның жасап шығарған ақшасы бұрын-соңды жасалған ақшалардың ішіндегі ең жақсысы еді.

Оны ұстап алған кезде, бұл «суретші» тұтқындауға келген, арнайы қызметтің қызметкерлеріне тексеру ұйымдастыруды ұйғарды. Ол өзінің қолымен жасап шығарған 20-долларлық жасанды ақшаны, үлгі ретінде істелген ақшаның қасына қойды. «Бәстесеміз бе, сіздер осы екі ақшаның арасындағы айырмашылықты таба алмайсыздар!» — деп ол тәртіп сақшыларына шақыру тастады.

Қазынашы онымен тартысып жатпады.

«Ешқандай айырмашылығы жоқ, — деп жауап берді ол. — Сіз үлгі деп алған ақша да, жасанды ақша екені, сөзсіз».

Көптеген мәсіхші-жасөспірімдер бүгінгі күнде дәл осындай қателік жасайды. Олар ата-аналары сенетін сенімді сөзсіз қабылдайды. Олар өз достарының көзқарастарын ойланбастан бөліседі. Қоғамда қабылданған құндылықтарды меңгереді. Олар өздерінің қауымының мүшелеріне тән мінез-құлық мәнерін көшірме жасайды. Алайда, өкінішке орай, олар үлгі тұтатын және еліктейтін нәрселердің көпшілігі — бұл шын мәнінде, жолы болмаған жасанды ақша жасаушының жағдайы сияқты, жалған өмір.

Киелі кітапты дүние жүзілік әдебиеттің тізіміне енгізу туралы, Энидің ұсынысын колледжде қалай қабылдағаны, оны қатты таңқалдырды. «Сен, қалжыңдап тұрған шығарсың, — деп кейбіреулер өз пікірлерін білдірді. — Киелі кітапта әрине, бірнеше таңқаларлық аңыздар мен әңгімелер бар. Алайда, сен біздің соның бәріне шындап сенгенімізді қаламайтын шығарсың, солай ма?»



Он алты жасар Саманта «мәсіхшілердің, буддисттер мен мұсылмандардың арасында үлкен айырмашылық жоқ. Барлық діндердің мәні бәрібір біреу: біз бәріміз де жұмақта болуды қалаймыз, тек ол жерге бару үшін, әр түрлі жолдарды таңдаймыз» — деген кеңінен тараған көзқарасты ұстанады.

Бозбалалар мен бойжеткендердің арасындағы қарым-қатынасты Кен әрқашан қарапайым қарым-қатынас деп көз алдына елесететін. Оның түсінігі бойынша бұл қарым-қатынас тек жыныстық қарым-қатынаспен ғана байланысты: «Сен әлі осылай істеп көрмеген болсаң, онда сен еркек емессің!». Жыныстық өмірдің басы ол үшін — бұл бозбала еркек болған кезде болатын ерекше бағышталу рәсімі болып табылады.

Стефанидің өзінің ата-анасымен болған ашық әңгімесі, оның нанымдарының бірін айқын ашып көрсетті. «Сендер маған ненің жақсы, ненің жаман екені туралы, өз пікірлеріңді таңа алмайсыңдар, — деп ол дегенінде қайтпай тұрып алды. — Менің жасым он сегізге келіп қалды. Осы күнге дейін тәлім бергендерің жетер енді. Егер сендер, бір нәрсені жаман деп санасаңдар, бұл әлі мен үшін де жаман дегенді білдірмейді».

Қайсысы шындық, ал қайсысы адасушылық? Жасөспірімдер мен жастар осы сұрақпен әр қадам басқан сайын кездеседі: ата-аналары оларға бір нәрсені айтады, ал достары мүлдем басқа нәрсені айтады. Голливуд фильмдері басқа өмір сүру салтын уағыздайды, ал қауымда бұлай өмір сүруге болмайды деп үйретеді. Кейде бұл шынында да әділетсіздік сияқты болып көрінеді, алайда, жиі — бұның арқасында тек аңыздар ғана тұр.

Біздің кітабымыздың әрбір тарауы шағын тапсырмамен аяқталады, бұл тапсырма осы тараудың материалы бойынша құрылған және осы мәселе ашып түсіндірілетін, Киелі кітаптың негізгі аяттарымен бекітілген.

Туындыгерлер осы кітаптың беттеріндегі аңыздардың қисынсыз екеніне, сіздер көз жеткізген соң, сіздер «...өздеріңіз ұстанған үмітті түсіндіруді сұраған кез келген адамға жауап беруге әрдайым дайын боласыздар. Тек ілтипат, құрмет танытып сөйлейтін боласыздар» деп үміттенеді (Пет. 1-хаты 3:15). Сонымен бірге біз сіздің ұстанған сеніміңіз Құдайдың Сөзін бұрмалайтын немесе оған қарама-қайшы келетін, ешкімнің қарсылығын туғызбайтын басқа да ойдан шығарылған жалғандарға қарсы тұра алатындай деңгейде өсіп жетілсін деп тілейміз.

1. Ғарыштық полицей



*Құдай тек басқалардың рақаттанып өмір сүріп
жатқан өмірін құртумен шұғылданатыны туралы аңыз*

Көптеген адамдар Құдайды көліктің қозғалысын бағыттайтын, реттеуші сияқты ғаламшардың ортасында тұратын, бір ғарыштық полицей деп көз алдына елестетеді.

«Ей, сендер! Иә, иә, сендерді айтып тұрмын. Сендер сауық-сайран құрып жатқан сияқтысыңдар ғой? Дереву мұның бәрін тоқтатыңдар!»

«Ал, сендер қолдарыңдағы видеокассета ма? Жас шектелімі қандай? Он алты жасқа дейін бе? Ақырын және ақымақтық жасамай, оны маған беріңдер!»

«Қараңғы бұрышта сүйісіп тұрған, мынау қандай жұп екен? А, сен Синдисің бе? Сен Робертсің ғой, әрине, сенен басқа кім болсын! Мен бұдан былай мұндайды көрмейтін болайын. Ең болмағанда, мен осы ауданды күзетіп жүрген кезде...».

Құдай тек басқалардың өмірін улайтын нәрселермен ғана шұғылданады. Өйткені бізге керегі тек — азғантай көңіл-көтеру ғана емес пе?! Алайда, Құдай бәрін құртуға тырысады.

Біз әзәзіл шайтанды сауық-сайранды ұнататын кішкентай жын деп ойлаймыз. Күлдіргі әртіс Филип Уильсон осыған ұқсас бір сөз айтты: «Менің осылай істеуіме шайтан түрткі салды». Олай болса, шайтан «досымыз» тек күні-түні біздің уақытты қалай көңілді өткізуімізге көмектесу туралы ойлайды екен ғой деген ойға қаласың.

Бұл жалған.

Сізге көңілді ме, жоқ па, онда шайтанның жұмысы жоқ. Ол сізді өлгенше жек көреді. Ол сізге тарпа бас салатын жағдайды күтіп тұрады. Елші Петір айтқандай, шайтан айнала шарлап, «кімді жалмасам деп торуылдап жүр».

Қасиетті жерде саяхат жасап жүрген саяхатшыларды алып жүрген жолбасшы, олар танысып жатқан елдің бір ерекшелігі туралы айтып



берді: «Сіздер, бәлкім, өз еліңізде табынның соңынан, жол бойында және егіндікте қойларды қуып жүрген бағушыларды көріп үйреніп қалған боларсыздар. Ал, Палестинада бәрі де керісінше — бағушы табынға жол көрсетіп, әрқашан олардың алдында жүреді».

Саяхатшылар қойлардың бірінші табынын кездестірген кезде, олардың өз көзімен көргені, оларды қуанта қоймады: адам табынның алдында емес, соңында ілесіп жүр еді. Қобалжыған жолбасшы одан: «Неге сіз қойдың соңында жүрсіз? Мен әрқашан Шығыста бағушылар табынның алдында жүреді деп ойлайтын едім» — деп сұрады.

«Бәрі дұрыс, — деп жауап берді бейтаныс кісі. — Бағушы табынның алдында жүреді. Тек мен бағушы емеспін, мен — қасапшымын».

Міне, осылай, шайтан — қасапшы. Ол бізге қуаныш пен рақат өмірді сыйлауды тіпті аңсамайды да. Оның ұмтылатыны, тек — сізді жалмап қойсам деп торуылдау ғана.

Иса бәрін өз орнына қойды және Ол былай деп айтқан кезде, осы аңызды сөйлетті:



Ұры [шайтан] ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге не болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім.

Жох. 10:10

Сізге көңілді ме, жоқ па, онда шайтанның шаруасы жоқ. Оның жалғыз қалауы — бұл сізді ұрлап, сойып, құрту.

Құдайдың сіздің көңілді өміріңізді құртамын деген ойы мүлдем жоқ. Ол сіздің ағыл-тегіл өмір сүргеніңізді және рақат өмір кешкеніңізді қалайды. Ол сіздің өмірдің қуанышын сезініп, мағыналы өмір сүргеніңізді және жыршы айтқандай өзіңізді «бақытты» сезінгеніңізді қалайды:



Шын өмір жолын маған көрсетесің, Көз алдында қуанышқа бөлейсің, Оң жағыңда мәңгі игілік бересің.

Заб. 15:11



Өзің көз жеткіз

Езбе туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырмаларды орында.

Петірдің 1 хаты 5-тарауы 8-аятын оқып шық. Шайтан бұл аятта қалай бейнеленген? Неліктен?

Әйүп пайғамбардың кітабының 2 тарауы 1–8 аяттарын оқып шық. Шайтан Әйүпті қалай сынауды ойластырды? Неліктен?

Зәкария пайғамбардың кітабының 3 тарауы 1-аятын оқып шық. Шайтан Исаға қатысты өзін қалай ұстаймын деп дайындалып жатыр?

Аян кітабының 12 тарауы 10-аятын оқып шық. Бұл аятта шайтан туралы айтылған. Ол «күні-түні» не істейді? Сен қазір ғана оқып шыққан Әйүп және Зәкария пайғамбарлардың кітабынан алынған аяттардың негізінде, «біздің бауырларымыз» дегенде кімдер туралы айтылып жатқанын айта аласың ба? Осы сөздердің саған да қатысы бар ма?

2.

«Жұлдызды соғыстағы»
Люктің Құдайы



Түсінесің бе,
Құдай — бір
құдыретті күш. Бас-
қаша сөзбен айтқанда,
құпиялы жолмен бүкіл
өлемді қамтитын және
безендіретін энерге-
тикалық өріс.

Құдай — бұл өңсіз өзіндік ерекшеліктен айырылған күш

«Кұмдауыт адамдардан» енді ғана құтылған Люк Скайуолкер, спартандық Обай-ван Кенобидің мекені, Татуин ғаламшарына тап болады, бұл оның әкесімен бірге машиналар соғысында шайқасқан джедай сері жігіт болатын. Обай-ван оған өзінің әкесінің сәулелі семсерін береді және сұхбат барысында, «күш» деген жұмбақ сөзді атап өтеді.

«Күш?» — деп қайта сұрайды Люк.

Оған Обай-ван былай деп жауап береді: «Түсінесің бе, күш — бұл джедай билік беретін құдырет. Бұл барлық тірі тіршілік иелері шығаратын энергетикалық өріс. Ол біздің айналамызда барлық жерде және тіпті біздің бойымызда да бар. Бүкіл ғаламшарды осы күш ұстап тұр».

Әйгілі «Жұлдызды соғыс» фильмінің топтамасында осыған ұқсас идея айтылады. Көптеген адамдар Құдайды қандай да бір «күш иесі» деп көз алдына елестетіп, осындай көзқарасты ұстанады. Олар үшін Құдай — бұл қандай да бір құпия жолмен бүкіл әлемді қамтитын және оны басқаратын кескінсіз, пішінсіз «қуат көзі».

Алайда, бұл бар болғаны тағы да бір аңыз.

Құдай барлық жерде бірдей бола алады және бүкіл әлемді басқаратыны, шүбәсіз. Ол барлық жерде бола алады, өйткені Ол — Рух. Алайда, бұл Ол — қандай да бір құпия «күш иесі», «бізден алыс» ұсталмайтын «қуат көзі» дегенді білдірмейді. Ол «беймәлім күш», бірақ «ол жансыз зат емес». Бұл қаншалықты таңқаларлық естілсе де, Құдай — Жеке Тұлға.

«Мен де сүйемін өзімді сүйгенді, — деді Ол, — Іздеп жүрген тауып алады Мені» (Нақ. 8:17). Жекеше есімдіктерді пайдаланып, Құдай Өзі туралы не айтатынына назар аударыңыз. «...Мені ...Мен ...Мені ...Мені». Бұл қандай да бір «ғарыштық қуат көзіне» ұқсай ма?



Құдайдың белгісіз өңсіз күшпен ортақ ешнәрсесі жоқ, Құдай Киелі кітапта бізге «Ата-бабаларыңның Құдайы, Ыбырайым, Ысқақ, Жақыптың сиынған Құдайы — Жаратқан Ие» ретінде ашылады (Мыс. 3:15). Ол Өзінің есімін Мұсаға ашты. Ол кішкентай бала Самуилға келеді. Ғибадатханада Ишаиямен сөйлеседі. Ол Еремияға былай дейді: «Мен сені анаңның құрсағында жаратпастан бұрын-ақ білген болатынымын...» (Ер. 1:5). Елші Пауыл Оны «менің Құдайым» деп атайды, ал Дәуіт патша — «Құдай Әке болады жетімдерге, Қорғаушы болады жесірлерге». Және барлық мәсіхшілер «Құдайдың рухани баласы еткен Киелі Рухты қабылдады», сондықтан олар Құдайды «Әке, Әке!» деп шақыра алады (Рим. 8:15).

Құдай, шынайы Құдай, жеке сенің өзіңе қызығушылық танытады. Ол сенің атыңды біледі. «Міне, — Ол Өзінің халқына былай дейді, — Есімді алақаныма ойып жазып алдым...» (Иш. 49:16). «Ол қамдарыңды ойлайды!», — дейді елші Петір (1 Пет. 5:7). Иса «Тіпті бастарыңдағы шаштарыңның саны да Оған белгілі!» деп айтты (Мат. 10:30). Құдай былай деп уәде берді:



Сол кезде Маған сиынып шақырасындар, алдыма келіп дұға етесіндер, ал Мен сендерге құлақ асамын. Егер де Маған шын жүректен бет бұрып сиынып Мені іздесеңдер, табасындар.

Ер. 29:12–13

Бұны Құдай сенің жеке өзіңе уәде етті.



Өзің көз жеткіз

Бұл тапсырма саған Құдай — бұл өңсіз күш деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізуге көмектеседі.

Еремия пайғамбардың кітабының 29 тарауы, 12 және 13 аяттарын оқып шық, олар осы тараудың ең соңғы азат жолында келтірілген. Осы аяттардағы барлық есімдіктерді («мен», «сен», «мені» және т. б.) белгілеп шық.



Еремия пайғамбардың кітабынан осы тарауда келтірілген үзіндіні тап (Ер. 1:5). Осы қысқаша сілтемеде жекеше есімдіктерді қоршап шық.

Мұсаның екінші кітабынан Мұсаның Құдаймен кездескені туралы оқып шық (Мыс. 3:1–15). 6 аятта Құдай Мұсаға Өзін қалай таныстырды? 14 аятта Ол Өзін қандай атпен атайды? Осы аяттарда «Мен» деген есімдікті Құдай неше рет қолданады (санап шық, сөйтіп жауабыңды мына жерге жаз: _____)?

3. Мейірімді Аяз Ата



Құдай Аяз Атаға ұқсайды деген аңыз

«Олай болса, Құдайым, Сенің шын мәнінде тіршілік ететінің рас екенін дәлелдеуің үшін, Саған мүмкіндік бермекпін».

Боб өзінің кереуетінің қасына тізерлеп отырды. Оның жасы жетіде болатын және ол Құдайға қатты сенгісі келді. Сондықтан ол өзінің мойынсұнбайтын жирен шашты басын иіп, алақанын жайып мінәжат ете бастады:

«Құдайым, мен шынында да Саған сенгім келеді. Егер таңертең ұйқыдан ояңған кезде, мен кереуетімнің астынан миллион долларды тауып алсам, онда мен Сенің шын мәнінде бар екеніңе сенемін. Және бұған ешқашан күмәнданбайтын боламын».

Ол миллион долларды ала алмады.

Мүмкін, ақша оған Құдайдан гөрі қымбат болғандықтан, ол алмаған болар?! Бәлкім, сол күні таңертең миллион доллар (ол, әрине, ұсақ ақша алғысы келген еді) оның кереуетінің астына сыймайтын болғандықтан, ол ала алмаған болар, өйткені оның кереуетінің астында онсыз да қаншама заттар тығылып жатқан болатын: «Монополия» ойыны, қалайыдан жасалған сарбаздар, магнитофон, буда-буда кір киімдер және шаң басқан қояндар мен аюлар.

Алайда, ең дұрысы, оның кереуетінің астында таңертең ақшаның болмай қалған себебі, бұл оның Құдай туралы түсінігінің дұрыс еместігінен еді. Боб Құдайды сусындар сататын автоматқа ұқсас деп көз алдына елестетін: мінәжат етесің, өзіңе қажет нәрсенің суреті салынған түймені басасың, сонда сенің тілегің орындалады. Немесе ол үшін Құдайдың бейнесі, алыс қар басқан жерде оның тілегін орындау үшін қолайлы сәтті күтіп отырған, Аяз Атаның бейнесімен бірігіп кеткен еді. Егер, әрине, ол бар ынты-шынтысымен мінәжат етіп, жеткілікті дәрежеде сенсе ғана, оның тілегі орындалады. Ол осы шарттарды



орындаса болғаны, Құдай — але-оп! — сол сәтте-ақ жеті жасар балаға оның қалаған нәрсесінің бәрін көктен тастай салады.

Қалай десек те, бала үшін мұндай ойлар түсінікті және кешіруге тұрарлық. Алайда, өкінішке орай, көптеген адамдар ересек болса да, Құдайды олардың қалаған тауарларын сататын, өзіндік ерекше автомат деп ойлауын жалғастырады. Олар Құдай туралы ойлағанда, Аяз Ата туралы аңыздың шеңберінен ешқашан шыға алмайды.

Құдай шынымен де мінәжатқа жауап береді. Ол былай дейді: «Маған сиынып мінажат ет, жауап беремін...» (Ер. 33:3). Ол тіпті: «...Маған сиынбастан бұрын Мен оларға жауап беремін, олар әлі сөйлеп жатқанда-ақ, Мен өтініштеріне құлақ саламын» — деп уәде береді (Иш. 65:24).

Алайда, мінәжат — бұл не қаласаң, соны алу үшін, автоматқа тастау қажет болатын тиын емес, ал, сенім — бұл осындай жағдайда басатын түйме емес. Құдай біздің қисынсыз тілектеріміз бен еркеліктерімізге бағынбайды. Жеті жасар Боб миллион долларды алу үшін қаншалықты мінәжат етсе де және бұған қатты сенсе де, ол келесі күні таңертең ақшаны кереуеттің астынан таппады. Және бұл Құдай оны сүймегендіктен осылай болған жоқ. Және тіпті кереуеттің астынан ақша қоятын орын табылмағандықтан да емес. Өйткені Боб шын мәнінде мінәжат еткен жоқ, ол өзінің тілегі мен арманын айтты, сондықтан миллион пайда болмады.

Құдай — бұл сыйлықтар мен тегін сыйларды тарататын, көктегі автомат деген Аяз Ата туралы аңызға қарамастан, Ол біздің барлық ұсақ-түйек тілекетіріміз бен қалауларымыздан жоғары. Өйткені бұл — құдыретті Құдай, нақты түрде көрсетілген адам кейпіне енген Сүйіспеншілік. Ол Өзінің балаларының ағыл-тегіл молынан жарылқанғанын, Оның сүйіспеншілігіне жауап бергенін қатты қалайды. Біз заттарды емес, Оны сүйгенімізді қалайды; Оның біздің пайдакүнемдік мінәжаттарымызға жауап бергеніне емес, Оның Өзіне ұмтылғанымызды қалайды. Ол бізге миллион доллар бере алатыны үшін, Оған мойынсұнғанымызды емес, қайта, керісінше, біз Оны сүйгендіктен, Оған ұнамды өмір сүруді қалағанымызды қалайды.

Бір қызығы, біз Құдайды әр түрлі заттарды сататын автомат немесе мейірімді Аяз Ата сияқты көз алдымызға елестетуді тоқтатқан кезде, онда Оның Сөзі уәде еткендей, «...Одан не сұрасақ та, аламыз. Өйткені Құдайдың өсиеттерін орындап, Ол не қаласа, соны істейміз» (Жох. 1-хаты 3:22).

**Өзің көз жеткіз**

Құдай Аяз Атаға ұқсас деген аңыздың бос сандырақ екеніне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Төменде келтірілген аяттардың әрқайсысы, мінәжатқа жауап болатын жағдайлар туралы айтады. Бұл шартты бір сөзбен айтуға болады. Оны аяттың қасындағы қатарға жаз.

Шеж. 2-жазба 7:14 _____

Ер. 29:13 _____

Мар. 11:24 _____

Жақ. 5:16 _____

Жох. 1-хаты. 5:14 _____

4. Иса пайғамбар



Мейірімді ұстаз туралы аңыз

Жын-перілер, әзәзіл шайтан бір сәтке көңіл аударуларыңызды сұраймын!»

Тамұқтың қап-қараңғы үңгірлердің бірінде өтіп жатқан құлаған періштелердің жиналысы ашық деп жарияланды.

«Бұл мәжіліс, жоғары зұлымдық мәртебелісінің басшылығымен өтеді, біздің Жауымыздың тұрағындағы адамдардың көшіп өтуінің алдын алу бойынша стратегияны жасап шығару және талқылауға арналған. Жексұрын бүлдіргіштен келіп түскен ұсынысты талқылауды ұсынамын».

Үсті-басының бәрі сүйел басып кеткен, жеркенішті жын-пері алға шығып, шайтандар қауымына қарап тұра қалды.

«Менің жексұрын, жеркенішті әріптестерім, — деп бастады өзінің сөзін Жексұрын бүлдіргіш, — мен оккультизмді және әр түрлі секталарды ұйымдастыру теориясын егумен, толық шұғылданып жүрген біздің түнек патшалығының ғалым қайраткерлері, біздің Жауымыздың Ұлы қарапайым „ізгі ұстаз“ болғаны туралы ойды таратуға күштерін бағыттауын ұсынамын».

«Қап, бәлем, сені ме... Жексұрын бүлдіргіш! — деп балағаттады оны оң жақта отырған қарсы пікір білдіруші, өзінің тұяғын көтеріп. — Иә, Жауымыздың Ұлына деген достық қарым-қатынасың жасырынған осындай ұсынысың үшін, сенің парша-паршанды шығарып азаптайтын, біздің әділетсіз жиналысымыздың қолына тапсыру керек!» Жексұрын бүлдіргіштің қасында тұрған бірнеше жындар, дәмеленіп түрпідей еріндерін жалады.

«Ақымақ, соған да ақылың жетпеді ме?! — деп қорғанды Жексұрын бүлдіргіш. — Менің ұсынысымда ешқандай достық қарым-қатынас жоқ». Ол мақтанышпен кеудесін керіп: «Менің ұсынысым шайтанға тән айлалы».



Тағы да бір жын орнынан тұрды.

«Сен қалайша мұндай орта қол идеяны шайтанға тән деп айта аласың?»

«Өйткені, — деп жауап берді Жексұрын бүлдіргіш, — Оны тағы да бір „ізгі мұғалім“ деп атай отырып, біз оны сол сәтте-ақ, Мұсамен, Заратустроймен, Мұхаммедпен қатар қоямыз... Және бұл даңқтауды жамылған қарғыс болады».

Жексұрын бүлдіргіштің ойының бүкіл аяласын жете түсінген қалың тобыр тынышталып қалды.

«Қалайша түсінбейсіңдер, ақымақтар, егер адамдар Оның тек „ізгі ұстаз“ екеніне сенсе, онда олар Оның — Жаратқан Ие, Оның болмысы — Құдайлық екенін ешқашан білмейтін болады».

«Олай болмайды, — деп қарсылық білдірді Күнкілдек есімді жын. — Олар бұған ешқашан алданбайды! Ол Өзінің шын мәнінде Кім екенін бәріне анық білдірді».

«Күнкілдектің айтқаны дұрыс, — деп жан-жақтан шуласып кетті басқалары. — Адамдарда Кітап бар. Олар Оның Өзі туралы не дегенін біледі: „Ыбырайым тумастан бұрын да Мәңгі Бар Болушы Менмін!“ (Жох. 8:58). Оның әлем жаратылмастан бұрын Әкесімен бөліскен даңқы туралы, олар Оның Сөзінен оқыған».

«Міне, солай, ақымақ, — деп қосты Күнкілдек. — Олар Оның адамдардың ойын және олардың жүрегінде не болып жатқанының бәрін білетін, сонымен бірге күнәларды кешіретін билікке ие екенін мәлімдегенін біледі. Оның Өзі оларға былай деді: „Мен көктен келдім“. Олар Оның өлімнен қайта тірілу билігіне ие екенін мәлімдегенін және Оның өлімнен қайта тірілгенін растайтын куәгерлер бар екенін біледі. Олар осындай қарапайым „ізгі ұстаз“ осыған ұқсас істі жасай алатынына сенетіндей, олар соншалықты ақымақ емес!»

«Бұған қоса, — деп Күнкілдек салтанатты түрде өзінің сөзін аяқтады, — егер Оның Өзі туралы айтқандары — шындық болмаса, онда Ол ешқандай „ізгі мұғалім“ емес екенін, олардың мойындауына тура келеді... Олай болса, Ол не өтірікші, не есі ауысқан біреу болған!»

Залда күнкіл мен наразылық басталды. Жексұрын бүлдіргіштің қасында тұрған жындар, тез арада жазанды тартқызамыз деп ойлаған олжасына қарап, қайтадан еріндерін жалай бастады, алайда, ол бұрынғысынша, өзіне сенімді болып көрінді.



«Мен өзімнің жексұрын жолдастарыма адамның бір әлсіздігі туралы естеріне салып өткім келеді, бұл әлсіздік біздің жиі көздеген мақсатымызға қол жеткізуімізге көмектеседі. Қазалы адамдар жиі өтірікті таңдайды, тіпті олар шындықты біліп тұрса да. Жауымыздың Ұлы Өзінің бір сөзінде былай деп айтқан болатын: „Егер Олар Мұса мен өзге пайғамбарларға құлақ аспағанда, өлгендердің біреуі тіріліп барса да, сенбейді“».

Жексұрын бүлдіргіш токмейілсіп, мәз болып күліп орнына отырды. Оны қоршап тұрған аш жындар таңқалған кейіппен, көңілі қалғандай бір-біріне қарасты.

«Жексұрын бүлдіргіштің ұсынысы, — деп еңіреп жылап жіберді төраға, — шайтандар жиналысымен мақұлданды. Сол сәттен бастап, „ізгі ұстаз“ туралы аңызды тарату, тозақтың арнайы стратегиясы бойынша ресми түрде танылған».



Өзің көз жеткіз

Ізгі ұстаз туралы аңыздың қисынсыздығын дәлелдеу үшін, келесі тапсырманы орында: Исаның сөздерін Ол Өзі туралы айтқан, Жаңа Өсиеттегі аяттарға берілген сілтемелермен қатар қолдан.

А. Мат. 5:17 «Мені Таурат заңы мен Пайғамбарлар жазбаларының күшін жою үшін келді деп ойламаңдар: Мен оларды жою үшін емес, қайта, толық мағынасында жүзеге асыру үшін келдім».

Б. Мат. 12:8 «...Себебі көктен келген Мен демалыс күнінің де Иесімін!».

В. Мат. 24:30 «...Олар Менің Билеуші ретінде ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен бұлттардың үстінде көктен келе жатқанымды көреді».



- | | |
|------------------|--|
| Г. Мар. 2:10 | «...Ал көктен келген Менің жер бетінде күнәларды кешіруге билігімнің бар». |
| Д. Мар. 13:23 | «Мен сендерге барлығын да алдын ала айтып тұрмын». |
| Е. Лұқа 12:9 | «...Менен жұрт алдында танған әркімнен Мен де Құдайдың періштелерінің алдында танбақпын» |
| Ж. Лұқа. 22:70 | «...Олардың бәрі: — Сонда Сен Құдайдың рухани Ұлысың ба? — деген сұрақ қойды. Иса: — Менің Сол екенімді өздеріңіз айтып тұрсыздар, — деп жауап берді». |
| З. Жох. 4:25, 26 | «Сонда әйел: — Мәсіх деген Құтқарушы Патшамыздың келетінін білемін. Ол келгенде бізге бәрін ашық айтып береді, — деді. Иса: — Сенімен сөйлесіп тұрған Мен Соның Өзімін, — деп әйелге жауап берді». |
| И. Жох. 5:21 | «Себебі Әкесінің өлгендерді тірілтіп жан беретініндей, Ұлы да Өзінің қалағандарын тірілтеді». |
| К. Жох. 8:51 | «...Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Менің сөзімді берік ұстанатын кісі мәңгі өлмейді, — деп жауап берді Иса» |
| Л. Жох. 10:18 | «Жанымды ешкім Менен тартып алмайды, оны өз еркіммен қиямын. Қиятын да, қайтып алатын да билігім бар». |
| М. Жох. 11:25 | «Қайта тірілу мен шынайы өмір — Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады». |

5. Иса — жәй көрнекті адам болған



Аты әйгілі «жұлдыз» туралы аңыз

«Иса Мәсіх — аты әйгілі жұлдыз» атты Эндрю Ллойд Вебердің Рок-операсы, XX ғасырдың 70-ші жж. басында қойылған болатын, ол түбегейлі қарама-қайшы пікірлерді туғызды. Біреулер бұл «Құдайға тіл тигізу» деп айтты, басқалары — бұл «бір тума үлгі» деп айтып жүрді! Опера барысында Мағдалалық Мәриям Иса туралы ән айтады, бұл ән кейінірек барлық радиостанцияларда хитке айналды. Бұл ән «Мен Оны қалай сүю керектігін білмеймін» деп аталған еді.

Бұл әнде Мағдалалық Мәриямның Исаға деген ынтық сүйіспеншілігі туралы айтылғаны аз болғандай, (бұған Киелі кітапта тіпті ишара да жоқ), бұған қоса, бұл әнде Иса Мәсіх туралы тағы да бір аңыздың көрінісі болып табылатын сөздер бар еді. Мәриям: «Ол — адам. Ол бар болғаны — жәй адам» — деп әндетеді.

Бұл аңыз.

Иса шынында да адам. Ол мал қорада, қарапайым әйел арқылы дүниеге келген. Егер сіздер мал қорада болып көрген болсаңыздар, Иса дүниеге келген кезде, Оның айналасындағы иістерді тіпті көз алдыңызға да елестетіп көре аласыздар, — бәлкім, бұл ең жағымды иістер болмаған болар.

Аты әйгілі «жұлдыз» туралы аңызға қарамастан, адамдық болмыс — бұл Исаның болмысының бір бөлігі ғана. Киелі кітап Оның болмысының екіжақтылығы туралы анық айтады: «Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын: Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра, Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта, Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан бас тартып, қабылдады құлдың сиқын: Ол адам секілді бұ дүниеге келді, әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді» (Філ. 2:5–7).



Бірнеше ғасырлар бойына адамдар Исаның болмысының екі жақтылығын түсіну үшін шарқ ұрып ізденді және тартысты. Кейде мәсіхшілер (және дарынды Ллойд Вебер сияқты мәсіхші емес адамдар) Исаның адамдық болмысына үлкен мағына беріп, Оның Құдайлық болмысын көлегейлеп келеді. Басқалар, керісінше, Оның адамдық болмысын жоққа шығаруға тырысты. Нәтижесінде көптеген адамдарда Иса Мәсіх туралы біржақты пікір қалыптасады. Сонымен бірге Құдайдың Сөзі күмәнға орын қалдырмайды. Ол — Құдай» (Мат. 1:23); және бір мезгілде толық мағынада Ол — «адам Мәсіх Иса» (Тім. 1-хаты 2:5).

«Мың бір түн» классикалық араб ертегісінде Бағдадтың билеушісі өзінің халқының қалай өмір сүріп жатқанын өз көзімен көріп-білу үшін, шаруаның киімін киіп алып, қаланың көшелерімен жүретін болғаны туралы айтылады. Иса осы билеушіден де шексіз көп нәрсені істеді. Ол тек уақытша өзінің патшалық жағдайынан жәй бас тартып қана қойған жоқ — Ол «құлдың кейіпін» қабылдады. Ол — Құдай және Патшалардың Патшасы — көктен жерге келді.

Өзінің Ұстазымен бірге сол шаң жолдармен жүрген және жер бетіндегі мардымсыз тамақты, нан мен балықты Онымен бірге бөліскен, Мәсіхтің шәкірті, Жохан, Ол туралы — Оны адам ретінде танығаны туралы былай деп жазады:



Әуел баста Сөз [Иса], болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді.

Жох. 1:1

Жохан өзі жазған Ізгі хабарындағы осы танымал сөзінде, ол «Сөз» дегенде Кімді меңзеп тұрғанына ешбір күмән қалдырмайды.



Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді. Сонда біз Әкенің жалғыз рухани Ұлының асқан ұлылығын көрдік: Ол рақымдылық пен шындыққа толы еді.

Жох. 1:14

**Өзің көз жеткіз**

Аты әйгілі «жұлдыз» туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Иса мен Оның шәкірттері адамның табынуына Кім лайықты екені туралы жақсы білетін яһудилер болды. Көрсетілген үзінділерді Киелі Жазбадан оқып шық және олардың әрқайсысының қарама-қарсы жағына, осы аятқа байланысты кімге табыну қажеттігін жазып шық.

Мыс. 20:3 _____

Заң. қайт. 6:14–15 _____

Лұқа. 4:8 _____

Ал, енді келесі аяттарды оқып шық және Киелі кітаптан алынған аяттарға сәйкес кімге табыну қажеттігін көрсет.

Мат. 2:2, 11 _____

Мат. 28:17 _____

Евр. 1:6 _____

Киелі жазба тек Құдайға ғана табыну қажет деп анық және нақты айтады, сенің ойыңша, Иса туралы айтылатын аяттардың негізінде қандай қорытынды жасау керек?

6. Жалған Иса



Кішіпейіл және биязы Иса туралы аңыз

Егер сіз Иса әлсіз болған және тәтті дауыспен сөйлейтін болған деп ойлайтын болсаңыз; немесе Оны суретшілер өздерінің кенеп матаға салынған суреттерінде бейнелегендей, Оны қолдары баптап күтілген нәзік жан деп көз алдыңызға елестетін болсаңыз, онда сіз қатты қателесесіз.

Ол Ақын болған, бұл шындық, Ол көктегі ұшып жүрген құстар мен далада жайқалып өсіп тұрған қызғалдақтар туралы әдемі сөздер айтатын. Оның тамаша Әңгімеші болғаны да рас, Ол нан жауып жатқан әйелдер мен балық аулау үшін ауларын салып жатқан балықшылар туралы әңгімелерді мәнерлеп қиыстыратын. Ол кішкентай балаларды тізесіне отырғызып, олардың көңілін көтерген, мейірімді Назареттік болғаны да рас. Ол шынында да билеушілердің алдында тұрып, Өзіне тіл тигізгендерге, жаман сөз қайырмаған, үнсіз Тұтқын болды. Алайда, соған қарамастан, Иса нағыз еркек болды. Қолдары күстеніп кеткен ағаш ұстасы болды. Шөл далада ұзақ уақыт кезіп жүруге дағдыланған Жолаушы кезбе болды. Оның батыл еркек болғаны соншалықты, Ол Өзінің заманындағы сыбайласқан билеушілерді «әктелген молалар», «соқыр жетекшілер» және «улы жылан-ның ұрпақтары» деп бетіне басып, батыл айта алатын нағыз ер азамат болды. Киелі кітапты зерттеуші Дж. Б. Филлипс бұл туралы былай дейді:

Лайықты қауым әнұранын жазу үшін, «бала» деген сөзбен үйлесетін сөздердің соншама аз болғаны, өте өкінішті. [Әйтпесе] біздің арамызда жүз мыңдаған адам бала кезінде жаттап алған, әннің қайырмасын жиі естуімізге тура келмес еді:



Мейірімді Иса балаға қарайды,
Кішкентай балаға, биязы және кішіпейіл.

...Біз өзінің заманындағы діншіл адамдарға олардың екіжүзділігін ашық айтып, екіленбей шақыру тастаған адамға; ызаланаған қалың тобыр халықтың арасынан өтуге батылы жеткен және аман қалған адамға; Оның маңызды адам болғаны соншалықты, билік иелері Ол қоғам үшін қауіпті деп есептеген адамға; ...Оған жақсылық тілеген достарының сөзіне қарамастан, өлім Ол үшін нені білдіретінін біліп тұрса да, өлімді қарсы алудан тайсалмаған, батыл адамға, «кішіпейіл» деген сөзді әдейі қолданатын сияқтымыз!

Исаға әлжуаз, сезімтал және әйел мінезді деген көзқарас — кезектегі аңыз. Ол шынында да мейірімді болды. Ол кішіпейіл болды. Алайда, Оның мейірімділігі мен кішіпейілділігі Оның құдыретін жоққа шығармайды; шын мәнінде, бұл Оның бақылауындағы құдыреттің белгісі.

Ізгі хабар бойынша, Иса Иерусалимдегі ғибадатханаға кіргенде, көрген нәрсесіне қатты ашуланады және барлық саудагерлер мен ақша айырбастаушыларды ғибадатханадан (бәлкім, бұл бір рет болған оқиға шығар) қуып шығарды. Олардың бірде-біреуі Оған қарсылық білдіре алмады немесе осы әділ ашу-ызаның ұшқынына қарсы сокқы бере алмады. Бұған қоса, Оның істеген ісіне қарамастан, егер Оның орнында кез келген басқа біреу осылай істегенде, сол кісі қатаң жазаланған болар еді, сонымен бірге Марқа жазған Ізгі хабарда айтылғандай, Ол ғибадатханада тек уағыздау үшін ғана емес, саудагерлердің қайтып келуіне жол бермеу үшін, сол жерде қалды. Иса зұлымдыққа кішіпейілділікпен қараған жоқ. Ол екіжүзділермен жұмсақ болған жоқ. Ол олардың зұлым әрекеттеріне күлімсіреп жауап берген жоқ.

Әрине, Иса балаларды сүйетін және оларды Өзінің тізесіне отырғызған, тіпті қолына көтерген адам болды, алайда Ол сонымен бірге Өзінің жауларының жүзіне тайсалмай қарайтын.

**Өзің көз жеткіз**

Исаның кішіпейіл және жұмсақ болғаны туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, мына тапсырманы орында.

Лұқа жазған Ізгі хабардың 13 тарауы 31–33 аяттарын оқып шық. Оның өміріне қауіп төніп тұр деп атқан парызшылдарға, Иса қалай жауап береді? Ол Иродты қалай атайды? Осы жағдай бізге Исаның күшті мінез-құлыққа ие болғанын көрсете ме?

Матай жазған Ізгі хабардың 23 тарауы 1–39 аяттарын оқып шық. Иса парызшылдар мен Таурат заңын үйретуші ғұламалар туралы айтқан кезде, Оның сөздерінің күші мен екі жүзді емес екеніне назар аудар. Ол оларды сипаттайтын эпитетті атап шық:

13 аят _____

16 аят _____

17 аят _____

19 аят _____

33 аят _____

7.

Иса — арманшыл



Қиял әлемінде ұшып жүрген Иса туралы аңыз

Тыңдашы, жігітім, — деді Дэн, мені көзімен тесіп жерердей болып, — осы кезге дейін маған ертегі айтқаның жетер, екі мың жыл бұрын өмір сүрген және өз өмірінің көп бөлігін ақ киім киіп алып, қала төңірегінде сенделіп өткізген және адамдарға әр түрлі ойдан шығарылған өтірік әңгімелерді айтып берген, қандай да бір жас жігіт, менің қазіргі кездегі өмірімде бір нәрсені өзгертеді дегенге, мені сенеді деп отырсың ба?!». Ол өзінің өмірден әбден тойғанын маған білдіріп, мойнын қолымен сермеп көрсетті.

«Менің бос сандыраққа уақытым жоқ, — деп жалғастырды ол. — Әр түрлі аңыз әңгімелерді ұнататын әйелдер мен балалар үшін, Иса туралы барлық осы әңгімелер жақсы және бұл тіпті оларға пайдалы болатын шығар ...Алайда, маған пайдалы болуы екіталай. Бір көлікті тез арада жөндеп болып, екінші көлікті жөндеуге кірісуі қажет жігітке, Исаның ешқандай қатысы жоқ деп ойлаймын».

Дэн көптеген адамдардың Иса туралы ойлайтын пікірін қайталады. Олар үшін Иса — көліктің аспаптық жиегіндегі пластик фигуралардың біреуі сияқты, төбесінде сәулесі жарқырап тұрған, ақ киім киіп алған, күлімсіреген тұлға. «Иса, — дейді олар, — бұл қиял әлемінде ұшып жүрген адамдар үшін арналған. Алайда, университетте физиканы оқып жүргендерге, немесе фабрикада жұмыс істеп жүргендерге, немесе балаларының тісіне пластина керек адамдарға, Оның ешқандай қатысы жоқ». Исаның заманауи өмірге қатынасы, ойыншық зымыранмен ғарышқа ұшқанмен бірдей.

Бұл аңыз.

Буддизм және конфуцианст сияқты, мәсіхші емес діндердің негізін салушылар, өзінің өмірлерін ойланып-толғанумен және пайымдаумен өткізгені, рас.



Ал, Иса еңбеккер болды. Ол ағаш ұстасы болды. Мен Оның шеберханасын былай деп көз алдыма елестетемін, шеберхананың есігі Назареттің шаң басқан көшелерінің біріне шыққан, ал, кіре берісте ағаш тақтайшада: «Жүсіптің ұлы, Иса, ағаш ұстасы» — деп жазылған. Мен Оның жұмыс үстелінде жатқан балқарағайдан жасалған тақтаға еңкейіп тұрғанын көріп тұрмын. Ол теріден тігілген алжапқыш киіп алған, ал маңдайынан терінің тамшылары ағып жатты. Ол пышаққа қолын созды, сосын ағаш балғаны алды. Шеберхананың ішінде еденнің үстінде үйіліп жатқан, балқарағайдың жаңқасының иісі аңқып тұр.

Назареттік Иса он сегіз жыл, немесе тіпті одан да көп жыл бойына ағаш ұстасының ауыр еңбегін бастан кешірді. Оның бұлшық еттері ширап, ал алақандары күстеніп кетті. Ол сонымен бірге жұмысты қалай жүргізу керектігін білетін: Оған қаржыны жоспарлау, тапсырысты қабылдау, бағаны белгілеу қажет еді.

Ол отбасын қамқорлаудың не екенін білетін. Жүсіптің өлімінен кейін Оның қарындастары мен інілері, Оның қамқорлығында болды. Ол балаларды киіммен қалай қамтамасыз етуді немесе базардағы саудагерлерден тауардың бағасын қалай түсіру керектігін білгені, шүбәсіз.

Назареттік Иса қандай да бір арманшыл қасиеттілердің бірі болған жоқ. Оның дүниесі, біздің дүниеміз сияқты, шаң-тозаң және көбінесе, жаман иістер шығып тұратын. Оның қолдары кірлейтін. Оның жиі жерде ұйықтауына тура келетін. Және Оның жер бетіндегі өмірі соғына таяған кезде, Ол қан мен тер ағып, азапты өліммен құрбан болды. Бірақ бәрібір Иса мен сенің өміріңнің арасында орасан үлкен айырмашылық бар. Оның өмірі мен өлімі, «Оған сенушілердің» бәріне кешірім мен құтқарылу әкелді» (Жох. 3:16).



Өзің көз жеткіз

Аспанда қалықтап ұшып жүрген қиялшыл Иса туралы аңыздың бос сандырақ екеніне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында. Марка жазған Ізгі хабардың 6 тарауы-



ның 1–3 аяттарын оқып шық. Оның туған қаласы Назареттік адамдар Исаны қандай күйде көріп үйреніп қалған еді? Ол олар үшін кім болды:

- сопы
- пайымдаушы
- киелі тақуа,
- еңбекқор.

Осы үзіндіде Исаның іні-қарындастары туралы айтылатын жерлерді атап көрсет (осы үзіндіге салыстырмалы түрде Матай жазған Ізгі хабар 13:53–58 үзіндімен де осы тапсырманы орында). Олар Исадан кіші болды деп айтуға бола ма? Осы үзіндіде олар Исадан кіші болған және бұрынғысынша Назареттегі үйінде болғанын растайтын сөздер тағы да бар ма?

8. Ақ нәсілді Иса



Нәсілдік артықшылық туралы аңыз

Американдықтар мен еуропалықтардың көпшілігі Назареттік Исаны Чарлтон Хестонға немесе Уильям Дефоға ұқсас етіп бейнелейді. Сарғылт шашты, әдемі қой көзді деп суреттейді.

Ал, ең бастысы — әрине, ақ нәсілді деп айтады. Шығыстық тұрпаты. Бәлкім, сәл күнге күйген болған шығар, бірақ ақ нәсілді болғаны анық. Мұндай «ақ нәсілді» кісілерді Калифорнияда, немесе Миннеаполисте, немесе Пиорияда, (Иллинойс штатында) кездестіруге болады.

Алайда, бұл аңыз.

Осы аңызды тарату үшін, көптеген адамдар мен қозғалыстар бірікті. Ку-клукс-клан ақ нәсілді протестанттардың қара нәсілділерден, яһудейлерден және басқалардан артық екендігін уағыздайды. Олардың кейбіреулері Иса олардың жағында деп ойлайды, өйткені Ол да өздері сияқты ақ нәсілді болған.

Гитлердің ұлтшылдық қозғалысы енді ғана пайда бола бастаған кезде, бүкіл халықты еврейлерге қарсы қою үшін, Исаның өлімі басты дәлел ретінде қолданылған. Ұлтшылдардың «Ізгі хабары» неліктен ақ нәсілді арийлықтар басқалардан артық екенін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Олар да, әрине, Иса олардың жағында деп ойлады. Өйткені, Ол да «ақ нәсілді» болды, солай емес пе?

Айқыш жорығы. Инквизиция. Патшалық Ресейдегі көтерілістер. Жаңа Әлемге құлдарды әкелу. Нәсілдік артықшылық туралы аңыз тарихтағы көптеген жеркенішті қылмыстар мен айуандықтардың себебіне айналды.

Нәсілдік артықшылық туралы аңыз бүгінге күнде де баршылық. Адамдар бұрынғысынша Исаны ағылшын-саксондық ерекшеліктері бар Құтқарушы деп бейнелейді. Олар Оны нәзік-қызғылт нәсілді деп суреттейді. Олар өздерінің еуропалық-американдық қиялына байланыс-



ты, Оның сыртқы келбетіне таптық қатыстылық пен дағдыларды жатқызады. Алайда, Иса ақ нәсілді болған жоқ және орта тапқа жатқан жоқ.

Шамасы, Исаның келбеті, орташа американдық пен еуропалықтарға қарағанда, әлдеқайда қараторы болды. Ол еврейден туылды, еврей сияқты өмір сүрді және Өзінің бүкіл өмірі бойына еврей болып қалды. Орта Шығыс халықтарының өкілдері сияқты, Ол бидай реңді болды, бәлкім, ақ нәсілді римдік Пилаттың қасында тұрғанда, Оның реңі одан да қараторылау болған.

Иса біздің дүниемізге белгілі бір жерде, белгілі бір уақытта келгеніне және белгілі бір нәсілдік белгілерге ие болғанына қарамастан (Ол голливуд фильмдерінде көрсеткеніне қарағанда, Оның американдықтардың нәсілдік ерекшеліктерінен әлдеқайда көбірек ерекшеліктері болды), ең кең мағынада айтатын болсақ, Иса нәсілдік шектеулерден жоғары.

Ол яһуди болды, бірақ Ол самариялық әйелмен емін-еркін және құрметпен сөйлесе білді.

Әдет-ғұрыптар яһудилерге басқа сенімдегі адамдардың үйіне кіруге тыйым салатын. Алайда, римдік жүзбасы Оған келіп, өзінің үйінде қатты ауырып жатқан қызметшісін сауықтыруын өтінген кезде, Иса: «Жарайды, барып сауықтырайын,» — деп жауап берді (Мат. 8:7).

Қанахандық әйел Оның ізінен қалмай, оның қызын сауықтыруын сұрап жалынған кезде (қанахандықтар ерте заманнан бері израилдіктердің жаулары болатын), Иса бұл әйелдің сенімі орасан зор екенін атап көрсетіп, оның қызын сауықтырды.

Оның да нәсілдік кемсітушіліктің құрбаны болуына тура келді. Бірде Оның самариялық ауыл арқылы өтуі қажет еді, алайда Оны сол жерде қабылдамады, өйткені самариялықтар Оның Иерусалимге бет алған израилдік екенін біліп қойған еді.

Иса адам болған кезде, тап болған қоғамда, адамдар үш негізгі белгілері бойынша бөлінетін. Олардың құқықтары, артықшылықтары және жағдайы олардың ұлттарымен (еврей немесе еврей емес), олардың таптарымен (құл немесе еркін адам) және олардың жыныс ерекшеліктерімен (еркек немесе әйел) анықталатын. Алайда, бұған қарамастан, Иса ерте заманнан бері келе жатқан ескіліктің сарқыншақтары мен нанымдарынан түбегейлі қол үзуді білдіретін Ізгі хабарды әкелді. Пауыл бұл туралы ойын келесі сөздермен білдірді:



Өйткені барлығың Иса Мәсіхке деген сенімдерің арқылы Құдайдың рухани баласысыңдар. Мәсіхпен тығыз байланысып, шомылдыру рәсімінен өткен бәрің де Мәсіхтің рухани қасиеттеріне бөлендіңдер. Бұл жерде яһуди мен басқа ұлт адамының, құл мен еріктінің, еркек пен әйелдің арасында айырмашылық жоқ, себебі барлығың Иса Мәсіхпен тығыз байланыста біртұтассыңдар.

Ғал. 3:26–28

Исаның ізбасарлары нәсілі немесе басқа да тәндік белгілері бойынша Оған ұқсас болуы қажет емес, қайта олар адамдардың жынысына, таптық немесе нәсілдік қатыстылығына тәуелсіз, адамдарды қабылдайтынымен және сүйетінімен, Оған ұқсас болуы қажет.

Исаны ақ нәсілді бала ақ нәсілді етіп көреді,
Бүгін біз үшін туылған Сәбиді.
Исаны ақ нәсілді бала ақ нәсілді етіп көреді,
Ол лалагүл сияқты, қардан да аппақ.

Исаны кара нәсілді бала кара нәсілді етіп көреді,
Мәриямның Ұлы, кішкентай Мәсіх тәтті ұйықтап жатыр.
Исаны кара нәсілді бала кара нәсілді етіп көреді,
Осы дүниеге көз жасынан құтқару үшін келген Құтқарушыны.

Исаны сары нәсілді бала сары нәсілді етіп көреді,
Көздері қысыңқы, түгін сияқты қап-қара.
Исаны сары нәсілді бала сары нәсілді етіп көреді,
Және ол мінәжат етіп, Оның алдында басын иеді.

Исаны қызыл нәсілді бала қызыл нәсілді етіп көреді,
Көктен келген Құтқарушыны.
Исаны қызыл нәсілді бала қызыл нәсілді етіп көреді,
Және періштелер Ізгі хабарды әндетіп айтады.

Дүние жүзіндегі әр түрлі нәсілді барлық балаларға,
Бұл көрініс осылайша көрінеді:



Ақырда жатқан — Иса оларға ұқсас сияқты —,
Оның күлкісінен бақыт пен тыныштық сезіледі.

Барлық мәселелерімізді кейінге қалдырайық,
Сүйіспеншілікпен Оған өз жүрегімізді әкелейік
Бетлехемде түнде туылған,
Бізге Әкенің сүйіспеншілігін әкелген Құтқарушымызға.

«Оны балалар да көреді», сөзі Уайлы Хатсондыкі, әуені Альфред Бертікі, туындыгерлік құқығы TRO тиесілі, 1954 (қайта жаңғыртылған), 1957 (қайта жаңғыртылған), Hollis Music, Inc., New York, N.Y. Used by permission



Өзің көз жеткіз

Нәсілдік артықшылық туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Киелі кітаптық аяттарға төменде келтірілген сілтемелер осы тарауда атап көрсетілген Жаңа Өсиеттен келтірілген аяттарға немесе үзінділерге жатады. Әрбір үзіндіні оқып шық, осыған арнайы қалдырылған жолдарға негізгі ойды қысқаша жазып шық және осы тараудың жолдарына Киелі кітапқа сәйкес сілтемелерін жаз.

1. Лұқа. 9:51–56 _____
2. Жох. 4:1–26 _____
3. Ғал. 3:26–28 _____
4. Мат. 8:5–13 _____
5. Мат. 15:21–28 _____

9.

Жалғыз, бірегей кітап



*Киелі кітап — бұл тағы да бір жәй ұлы
кітап деген аңыз*

Сіз, әрине, бұл сөздерді естігенсіз. Бәлкім, тіпті бір рет емес, бірнеше рет естіген де боларсыз. Әдетте, адамдар есі ауысқан адамдармен сөйлескен кезде, осындай дауыс мәнерімен сөйлеседі: «Сіз Киелі кітапты тұрақты оқисыз ба? Өте қызықты, солай ма?!».

Екінші жағдайда әлдекім, достық ықыласпен сіздің иығыңыздан қағып (әдетте, тіл алғыш күшікке өзінің ықыласын білдіру үшін, оның осылай иығынан қағады), былай дейді: «Иә, несін айтасың, Киелі кітап — бұл жақсы кітап. Ол „Илиада“ және „Одиссей“ сияқты кітаптарға қарағанда, әлдеқайда пайдалы».

Және, әрине, сіз өзінің кітап қоятын сөресінен Синодалды Киелі кітап (Киелі кітаптың патшасы Жақыптың — ағылшын тілінде жазылған нұсқасы — бұл Киелі кітап көне ағылшын тілінде жазылған) үшін орын табылды деп мақтанған ұстазды немесе профессорды оқтын-оқтын кездестірген боларсыз, — сірә, бұл ол қолына бірде-бір рет ұстамаған, бірақ Платонның «Мемлекетімен», Вергилийдің «Энеидасымен» және Шекспирдің шығармаларының толық жинағымен бір қатарда, шаң басып жатқан данасы болса керек. Барлық кітаптар өз орнында тұр және олардың арасында әдебиеттің «ұлы» біртума туындыларының бірі — Киелі кітап та тұр.

Бұл аңыз.

Киелі кітап — бұл біртума туындылардың бірі емес. Мұндай кітап мүлдем жоқ. Ол — жалғыз, бірегей кітап.

Егер сенің әдебиет пәнінен мұғалімнің оны сыныптағы кітап сөрелерінің біріне басқа кітаптардың қасына қойғысы келсе, онда Киелі кітапты ең биік сөреге қою үшін — сен мұғаліміңе тағы да бір шкаф сатып алу керектігін айтып кеңес берсең жақсы болады.

Киелі кітап — бірегей.



Сидни Коллетт өзінің «Бәрі Киелі кітап туралы» атты кітабында профессор М. Монтиро-Уильямстің сөздерін келтіреді, ол қырық екі жыл бойына шығыс әдебиетін оқып зерттеген. Ол былай дейді: «Егер, әрине, қатты қаласаңыз, өз үстеліңіздің сол жағына осы кітаптардың бәрін қойыңыз; бірақ оң жағына — Киелі кітап үшін орын қалдырыңыз. Басқа қалған кітаптардан бәрінен алыстау жерге оның жалғыз өзін қойыңыз. Өйткені... Шығыстың қасиетті кітаптары деп аталатын кітаптарынан, оны түпсіз тұңғыық ажыратып тұр, оны бірде-бір кітап ешқашан жеңіп шыға алмайды».

Киелі кітап — әдеби шығармашылықтың биік шыңы. Кейбір кітаптарды бүкіл өмір бойына жазады; ал Киелі кітапты жазу үшін, шамамен он алты ғасыр қажет болды. Кейбір кітаптар — бұл ғалымдардың бір тобының бірлескен еңбегі болып табылады; ал Киелі кітап — бұл әр түрлі таптан шыққан және әр түрлі мамандық иелері болып табылатын қырықтан астам туындыгерлердің еңбегінің жемісі — оны патшалар, шаруалар, пәлсапашылар, балықшылар, ақындар, мемлекет қайраткерлері мен ғалымдар жазды. Оны шөлдалада және жер асты үңгірінде, патша сарайында және қудалауда, соғыс уақытында және елде тыныштық орнаған уақытта жазды.

Киелі кітап үш құрлықта және үш тілде жазылды; ол әр түрлі жүздеген тақырыптарды ашып көрсетеді. Одан терең ойлы, жүректен шыққан ақынның шумақтарын, тарихи оқиғалардың егжей-тегжейлі сипаттамасын, қызықты өмірбаяндарды, хаттарды, өткендегі оқиғалар мен адамдар туралы естеліктер мен пайғамбарлықтарды табуға болады. Соған қарамастан, бұл таңғажайып кітап таңқаларлық түрде бөлек-бөлек бөліктерге ажырап немесе бұзылып кетпеген. Кітаптың бірінші бетінен ең соңғы бетіне дейін бірдей оқиғаның өрбуінің арқасында осындай біртұтастыққа қол жеткізіледі — бұл Құдайдың адамды құн төлеп құтқарып алу оқиғасы.

Бірде маған «Батыстың Ұлы кітаптары» деп аталатын кітаптар топтамасын шығарған, басылымның өкілі келді. Ол осы топтаманың кітаптары үшін сатушыларды іздеп жүр екен және ол маған осы кітап жайлы айтып беру үшін бес минуттай уақыт бөлді. Ол сөзін аяқтаған соң, мен дүниедегі ең Ұлы Кітап туралы оған бір жарым сағат бойына айтып бердім.

Мен оған шағын тапсырма бердім: бір топқа, бір ұрпаққа жататын, бірдей кезеңде, бір елде өмір сүген және бірдей тілдей сөйлеген,



мінез-құлықтары ұқсас және көптеген талас-тартыс туғызатын, ұқсас тақырыптарды жазған, осы топтаманың он туындыгерін табуын өтіндім.

Содан кейін мен одан: «Осы сұрақ бойынша осы туындыгерлердің көзқарастары бір-біріне сәйкес келе ме екен?» — деп сұрадым.

Ер кісі сәл кідіріп: «Жоқ» — деп жауап берді.

Сонда мен: «Олай болса, олардың кітаптары неге ұқсаған болар еді?» — деп сұрадым.

Бұл жолы ойланбастан: «Әр түрлі мәтіндердің жиынтығына ұқсас болар еді!» — деп жауап берді.

Екі күн өткен соң, әлгі кісі өз өмірін Мәсіхке тапсырды, өйткені ол Киелі кітаптың және онда жазылған шындықтардың бірегей екендігін жете түсінді.



Өзің көз жеткіз

Киелі кітап — бұл бар болғаны тағы да бір ұлы кітаптардың бірі деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, төменде сілтемелер көрсетілген аяттарды оқып шық. Бұл аяттарда Киелі кітап басқа кітаптармен емес, одан да күштірек басқа да нәрселермен салыстырылады. Әрбір аятты мұқият оқып шық. Сосын Киелі кітапты немен салыстыруға болатынын жаз және неге негізделіп, осылайша салыстыруға болатыны туралы ойлан. Сонымен бірге, қандай да бір басқа кітаппен осындай салыстыруды өткізуге бола ма, соны атап көрсет.

Ер. 5:14 _____

Ер. 23:29 _____

Рим. 1:16 _____

Еф. 6:17 _____

Евр. 4:12 _____

10.

Киелі кітап және швейцар ірімшігі



*Киелі кітаптағы түсініксіз және онша түсініксіз
сияқты болып көрінетін үзінділер туралы аңыз*

Көптеген адамдар, өздері түсіне ме, жоқ па, Киелі кітапқа швейцар ірімшігіне қарағандай қарайды: Киелі кітапта шынында да көп пайдалы нәрселер бар, бірақ оның «саңылаулары» да баршылық.

«Әрине, Киелі кітап — бұл пайдалы және шабыттандыратын кітап, — дейді олар. — әсіресе, мен 23-Забур жырын ұнатамын — ол таңқаларлық жыр».

Алайда, егер олардың Киелі кітапқа деген көзқарасы туралы байыпты сұрайтын болсақ, онда ақыр соңында олар былай деп мойындайды: «Сіз білесіз бе, шүбәсіз, Киелі кітапта бәрі мінсіз емес. Өйткені онда қателер және соған ұқсас нәрселер бар екендігін меңзеп тұрмын. Алайда, бұл мені қатты қобалжытпайды. Өйткені оны тек тарих бойынша оқулық болуы үшін жазған жоқ қой. Сенім мен ілім мәселесінде, ол нақты екені, сөзсіз».

Бұл аңыз.

Өте жиі осыған ұқсас мәлімдемелер жасайтын адамдар, өздері айтып тұрған «қателер» туралы тек алыстан ғана көз алдына елестетіп көре алады. Шын мәнінде, Киелі кітапта ешқандай «саңылаулар» жоқ және оның беттері қателерден көрінбей тұрған жоқ. Бұл Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылған Құдайдың Тірі Сөзі, оны шамамен қырықтан астам әр түрлі туындыгерлер мың алты жүз жыл бойына таңқаларлық жолмен жазды. Ол жазушылардың тер төгіп еңбек етуінің және ғалымдардың нақтылығының арқасында біздің заманымызға дейін таңқаларлық жолмен сақталды. Көне және Жаңа Өсиет — бұл ерте заманнан бізге жетіп келген, ең нақты және сенімді құжаттар.



Исаның ізбасарлары Иеміздің Өзі Жазбаның нақтылығына сенгені туралы шындыққа немқұрайлы қарай алмайды. Ол былай деді: «...Киелі жазбалардың күшін жоюға болмайды» (Жох. 10:35). Ол Жүністің басынан өткен оқиғаны талассыз шындық ретінде қабылдады. Тіпті Ол Өзінің шөлдаладағы шайтанмен болған күресінде Жазбадан шындықтарды келтірді. Ол адамдарға тәлім берген кезде, Жазбаға бірнеше рет сілтеме жасады. Сонымен қатар Ол Көне Өсиеттегі тәлімдерге, тарихи егжей-тегжейге және оқиғаларға дәлелді шындық ретінде қарады.

Жаңа Өсиетті жазғандардың бәрі, Иса сияқты, бүкіл Жазбаның дәлелді шындық екенін растады. Елші Пауыл былай деді:



Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді.

Тім. 2-хат 3:16

Басқа да елшілер сияқты, ол Жаңа Өсиеттің Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылғандығын мойындады: «...менің жазып отырғанымды Иеміздің өсиеті деп ұғынсын» (Қор. 1-хат 14:37).

Шынында да, Киелі кітапта бірдей оқиғаны әр түрлі көзқарас тұрғысынан сипаттағанын кездестіруге болады, болып өткен жағдайды айтып бергенде, әр түрлі нәрселерге басты назар аударылғанын және басқа да сәйкес келмейтін сияқты болып көрінетін жағдайларды байқауға болады. Шынында да грек тілінен және ивриттен — түпнұсқадағы тілінен мәтіндерді аударған кезде қиындықтар болды. Шын мәнінде, Киелі кітаптық үзінділердің дұрыс емес талқылаулары көп болды. Бірақ бәрібір XX ғ. мәсіхшілері Киелі кітапты ашқан кезде, олар Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылған, сенімді, нақты сақталған Құдайдың Сөзін оқиды. «Шөптер сарғайып курап, — деді Ишаия, — гүлдер солады, ал Құдайымыздың сөзі мәңгі қалады» (Иш. 40:8).



Өзің көз жеткіз

Киелі кітапта «саңылаулар» толып жатыр деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Матай жазған Ізгі хабардың 4 тарауының 1–11 аяттарын оқып шық. Иса әзәзіл шайтанның азғырылу сөздеріне Жазбаның сөздерімен жауап береді. Киелі Жазбаның немесе Киелі кітаптың кітаптарының сәйкес үзінділеріне симфонияны қолдана отырып, Ол Киелі жазбадан келтірген, Киелі Жазбаның үзінділерін анықта, содан кейін төменде оған сілтемені жазып шық:

4 аят _____

7 аят _____

10 аят _____

Сонан соң келесі үзінділерді оқып шық:

Матай жазған Ізгі хабардың 12 тарауы 38–41 аяттары, бұл үзіндіде Иса пайғамбарлардың біреуінің басынан өткен оқиғаға сілтеме жасайды және бұл Жүніс пайғамбардың кітабында жазылған.

Марқа жазған Ізгі хабардың 2 тарауы 23–26 аяттары, бұл үзіндіде Иса Патшалықтар 1-кітабының 21 тарауы 6,7 аяттарында жазылған оқиғаны атап өтеді.

Жохан жазған Ізгі хабардың 3 тарауы 14,15 аяттары, бұл үзіндіде Иса Руларды санау кітабының 21-тарауында егей-тегжейлі баяндалған оқиғаға сілтеме жасайды.

Енді өзің үшін шешіп ал: Иса осы адамдардың тіршілік еткендігінің рас немесе анық екендігіне күмән келтіре ме, әлде оларды шынайы дәлелдер ретінде қабылдай ма? Бұдан сен өзің үшін қандай сабақ аласың?

11.

Киелі кітап және бұзылып қалған телефон ойыны



Киелі кітаптың дәйексіздігі туралы аңыз

Бұзылған телефон ойыны көптеген жылдар бойына таңғажайып танымалдығымен кеңінен таралып қана қоймай, сонымен бірге ақпаратты нақты және анық жеткізудің қаншалықты маңызды екенін түсінуге көмектеседі.

Естеріңізде болса, осы ойынға айналма шеңбер құрып отыратын, адамдар тобы катысады. Біреу көршісінің құлағына қысқаша хабарды сыбырлап айтады. Әлгі адам бұл сөзді өзінің көршісіне қайталайды, сөйтіп әрі қарай айтылған сөзді бірінші болып айтқан адамға қайтып келгенше, айналып өтеді.

Жиі сол сөзді бірінші болып айтқан адамға, ол айтқан сөзден өзгеше болғаны соншалықты, күлкілі болады. Мысалы, бастапқыда айтылған сөз «Егер спортпен шұғылданбаса, семіріп кетесің» деген сөз болса, соңында, бұл сөз «Толық Стаспен торт жедік!» деген сөзге айналады.

Көптеген адамдар бізге жеткен Киелі кітаппен де бұзылған телефон ойынындағы бастапқы сөзге ұқсас жағдай болған деп ойлайды. Олар кітаптың екі мұқабасының арасындағы мәтін (көбінесе, кітаптың алтыннан жасалған мұқабасында, олардың аты ойып жазылған), шынында да мыңдаған жылдар бұрын жазылғаны соншалықты, парасатты адамның бірде-біреуі оның шын екендігіне сенбейді деп ойлайды.

Бұл аңыз.

Ең алдымен, Көне Өсиеттің егжей-тегжейлі көшіріп жазылғаны соншалықты, бүкіл түпнұсқалық жазба әріп-әріппен көшіріліп жазылып аяқталайын деп қалған кезде, көшіріп жазушы кенеттен бір қате жіберсе, онда түпнұсқалық жазбаны жоятын.

Бұған қоса, ивритте Киелі жазбаны көшірген еврей көшіріп жазушыларына, белгілі бір ережелерді қатаң ұстану қажет болған:



- әрбір көшірме ол үшін арнайы тағайындалған және ерекше әдіспен дайындалған жаңа бетке жасалуы қажет болған;
- әрбір көшірме ені отыз әріптен тұратын, бағаналардың белгілі бір санымен және әрбір бағанада қатарлардың белгілі бір санымен жазылуы қажет еді;
- әрбір көшірме белгілі бір түсті және сапалы сиямен орындалуы қажет болған;
- әрбір көшірме шынайылығы анықталған, түпнұсқадан көшірілуі қажет еді;
- бірде-бір әріп есте сақтау бойынша жазылмауы қажет болған, егер де «на» деген сөзге бір көз тастап, «н» деген әріпті жазып, сосын бірден «а» деген әріпті түпнұсқаға тағы да бір рет қарамастан жазуға болмайды; әрбір әріп қатаң түрде түпнұсқалық жазбадан көшірілуі қажет;
- бірде-бір әріп басқа бір әріппен қосылып кетпеуі немесе оған кіріп кетпеуі қажет еді. Әріптердің арасында шаштың немесе жіптің қалыңдығындай ара қашықтық сақталуы қажет;
- әрбір кітаптың әрбір бетіндегі әрбір әріп санап отырылуы және олардың саны түпнұсқалық жазбамен салыстырылып тексерілуі қажет болған. Кітапта кездескен, Әліпбидің әрбір жеке әріпінің саны, түпнұсқалық жазбамен салыстырылып тексерілуі және саналуы қажет болған. Мұсаның Бес кітабын құрайтын, сөздердің ортасында тұрған, әріптер және ивритте жазылған Киелі кітаптың барлық кітаптарының ортасында тұрған әріптерін санап шығып, олардың саны мәтінде белгіленуі қажет. Егер бір сәйкессіздік байқалса, көшірме жарамсыз деп табылатын болған.

Осындай қатаң ережелер Көне Өсиетті көшірген кезде сақталуы қажет болған. Егер де Жаңа Өсиет туралы айтатын болсақ, онда ол, шүбәсіз, — көне дүниенің ең сенімді және нақты құжаты болып табылады.

Сендер мектепте Платонның еңбектерін оқып үйренген кезде, мұғалім «Мемлекет» деп аталатын оның ғақлиясының рас екендігі туралы өзінің күмәндарын білдіре ме?

Көне заман тарихы бойынша мұғалім сендерге Катулланың өлеңдерін немесе Гай Юлий Цезардің «Ғаллдағы соғыс туралы жазбалары» деген еңбегін дауыстап оқып берген кезде, ол сендерге бұл шығармалардың рас болмауы әбден мүмкін деп ескертті ме?



Сендердің мұғалімдерің грек тарихшысы Фукидида, пәлсапашы Аристотельдің, трагик Софоклдің немесе Еврипидтің еңбектерінен алынған бағдарламаларда, осы мәтіндердің растығына қатысты байыпты күмәндар бар екендігін және әр түрлі пікірге әкелетін үлкен мәселелер бар екендігін жоққа шығара ма?

Сірә, жоққа шығармайтын шығар. Сонымен бірге көптеген адамдар Киелі кітапты сенімді және рас құжат деп санауға болмайды деп сенеді. Әйтсе де біз атап шыққан кітаптардың бірде-біреуі Жаңа Өсиеттің мәтінінің рас және сенімді екендігімен салыстыруға да тұрмайды.

Кез келген тарихи құжаттың рас және сенімді екендігін анықтау үшін, әдетте, екі маңызды себепкер шартты есепке алады: түпнұсқалық жазбаның қанша уақыттан бері бар екендігінің саны және түпнұсқалық жазбаны жазған сәттен баста, ең ертедегі көшірмені жазғанға дейінгі өткен уақыт.

Егер сіз Жаңа Өсиетті көне замандағы басқа да кітаптармен салыстыратын болсаңыз, онда оның рас және сенімді екендігі бірден анықталады.

ТУЫНДЫГЕР	ЖАЗЫЛҒАН УАҚЫТЫ	АЛҒАШҚЫ КӨШІРМЕЛЕР	ӨТКЕН УАҚЫТ	КӨШІРМЕЛЕР САНЫ
Цезарь	М.Т. дейін 100–44.	М.Т. кейін 900	1000 жыл	10
Платон (тетралогия)	М.Т. дейін 427–347.	М.Т. кейін 900	1200 жыл	7
Фукидид	М.Т. дейін 460–400	М.Т. кейін 900	1300 жыл	8
Софокл	М.Т. дейін 496–406.	М.Т. кейін 1000	1400 жыл	100
Катулл	М.Т. дейін 54	М.Т. кейін 1550	1600 жыл	3
Еврипид	М.Т. дейін 480–406	М.Т. кейін 1100	1500 жыл	9
Аристотель	М.Т. дейін 384–322	М.Т. кейін 1100	1400 жыл	5



Ал, енді Жаңа Өсиетті осы көне замандағы туындыгерлердің еңбектерімен салыстырыңыз:

Жаңа Өсиет	М.Т. кейін 40–100.	М.Т. кейін 125	25 жыл	24000+
------------	-----------------------	----------------	--------	--------

Көне замандағы құжаттардың бірде-біреуін Жаңа Өсиеттің тіпті қасына да қоюға болмайды. Оның сенімді және рас екендігімен тек Гомердің «Илиадасының» мәтінін ғана салыстыруға болады, өйткені осы поэманың 643 қолжазбалық көшірмесі сақталған және ол жазылған уақыт пен оның алғашқы көшірмесі жазылған уақыттың арасында, 500 жыл өтті.

Киелі кітапқа сенуге бола ма? Көне заманнан біздің заманымызға жеткен бірде-бір кітапты, оның рас және сенімділігі бойынша салыстыруға болмайды.



Өзің көз жеткіз

Киелі кітаптың дәйексіздігі туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі жаттығуларды орында.

Киелі кітаптық аяттарға қалдырып кеткен сөздерді қойып шық:

«Сенің айтқан сөздерің, Жаратқан Ием, Көкте тұр _____ бекітілген» (Заб. 118:89).

«Баяғыда-ақ мен Сенің ережелеріңнен Оларды _____ орнатқаныңды білгенмін» (Заб. 118:152).

«Шөптер _____, гүлдер _____, ал Құдайымыздың сөзі _____» (Иш. 40:8)



«Сендерге шындығын айтайын: аспан мен жер жойылып кетпейінше, Таурат заңының бірде-бір _____
_____ немесе тіпті кішкентай
_____ күшінен айырылмайды,
әуелі бәрі де жүзеге асады» (Мат. 5:18).

Осы аяттар Киелі кітаптың рас және сенімді екендігін растай ма? Егер жауабыңыз «иә» болса, онда қалайша?

12.

Болған оқиға немесе ойдан шығарылған оқиға



*Киелі кітап ойдан шығарылған оқиғалар мен
аңыздарға толы екендігі туралы аңыз*

Әнни колледждегі дүние жүзілік әдебиет бойынша оқудың тізіміне Киелі кітапты қосу туралы ұсыныс жасаған кезде, көпшіліктің қарсылық білдірген сезімін туғызды.

«Сен қалжындап тұрған шығарсың! — деді біреу. — Бұған Киелі кітаптың қандай қатысы бар?»

Екінші біреу: «Тек сен маған Жүніс пен кит туралы бос сандыраққа сенемін деп айтпашы! Немесе судың үстімен жүрген оқиғаға! Қойшы, көктен жерге түсші!» — деп жауап берді.

«Одан да ақылға қонымды нәрсеге сенім артайық, — деп мақұлдады үшінші біреу. — Киелі кітап, әрине, сенушілер үшін үлкен мағынаға ие, одан артық дәнене де емес. Онда көптеген әдемі аңыздар көп, бұл анық, бірақ менің осының бәрін байыпты қабылдауымды сұрамашы».

Соңғы кездері көпшілік осылай ойлайтын болып кетті. Тіпті кейбір Киелі кітапты оқитын адамдар, діни ауызша халық шығармашылығы мен аңыздарының жиынтығы ретінде Киелі кітапқа жақсы қарайтын болды. Басқаша сөзбен айтқанда, олар дәлелді деректерді ойдан шығарылған етіп көрсетуге тырысуда.

Шынында да, Киелі кітапта таңқаларлық оқиғалар жеткілікті, олардың кейбіреуі тарихи деректерге қарағанда, көбірек көркемдік баспасөздің тақырыптарына ұқсайды:

АДАМ СУДЫҢ ҮСТІМЕН ЖҮРЕДІ

КІШКЕНТАЙ БАЛА БІР ТҮЙІНШЕК ТАМАҚПЕН
МЫҢДАҒАН АДАМДАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРАДЫ

ҚОЛЫН ҚИМЫЛДАТЫП ИШАРАТ БІЛДІРСЕ,
СУ ШАРАПҚА АЙНАЛАДЫ



ҒАЛИЛЕЯЛЫҚ ҰСТАЗ ӨЛІМНЕН ҚАЙТА ТІРІЛЕДІ

Кейбір Киелі кітаптық оқиғалар қаншалықты таңғажайып болып көрінгеніне қарамастан, оларды жазған адамдар, бұл оқиғалар аңыз ретінде емес, керісінше, нақты дерек ретінде қабылданатын болады деп болжады.

Бұған қоса, Жаңа Өсиетті құрастырған адамдар, осыншалықты ақылға сыймайтын оқиғаларды жазып, олар өз өмірін қауіп-қатердің астына қоятынын және тәуекелге бел байлайтынын жақсы түсінді.

Сіз қандай да бір аңыз үшін, өз мүддесінен бас тартып, өз еркімен түрмеге, тіпті өлімге баруға дайын болған адамдарды білесіз бе?

Сонымен қатар Жаңа Өсиетті жазған адамдар, өлімнен қайта тірілген Ұстаздары туралы оқиғаны айтқанда, өздеріне есеп бере білді немесе бес күлше нанмен және екі балықпен бес мыңдай адамды тамақтандырғаны туралы оқиғаны айтқанда, егер де тек осы сәтте басқа куәгерлер болмаған жағдайда — олар осы арқылы психикалық ауруға шалдыққандар қаралатын ауруханаға өздеріне жол салып жатқанын жақсы түсінді.

Міне, сондықтан да Пауыл Агриппа патшаның және Рим билеушісі Фесттің алдында Ізгі хабардың шындығын уағыздаған кезде, куәгерлерге сүйенді. Пауыл Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгені туралы Киелі кітапта жазылғандай айтып бере бастаған кезде,



Фест қатты дауыстап: — Есің дұрыс емес, Пауыл! Көп оқып, ақылыңнан адасқаның! — деді. Пауыл оған: — Есім дұрыс, қадірлі Фест, мен ой елегінен өткен шынайы сөздерді айтып тұрмын! Патша ағзам мұның бәрін біледі. Сондықтан оған бұларды еркін баяндап тұрмын. Болған жайттардың ешқайсысы одан жасырын емес, соған сенімдімін, себебі олар тасада өткен жоқ.

Елш.іст. 26:24–26

Аңыздар мен сырлы көне замандағы сенімдерге қарама-қарсы, Киелі кітапта жазылған оқиғалар, «тасада өткен жоқ». Қалың тобыр халық бұл оқиғалардың қалай болғанын өз көздерімен көрді. Сенім ар-



туға лайықты адамдар, сол замандағы оқиғалардың шынайы екендігі туралы жазбаша түрде куәлік етті және өздерінің берген жазбаша түсініктемелерін қанмен жазып растады. Және сол құжаттарға негізделіп теріске шығарылудың немесе сенімсіздендірудің орнына, тексеруден өтті және сенімді деп танылды.

Елші Петірдің Өзі Киелі кітапта ойдан шығарылған оқиғалар мен аңыздар толы деген аңызға қарсы шықты және ол былай деп жазады: «...Біз сендерге Иеміз Иса Мәсіхтің зор құдіретпен қайта оралуы туралы білдіргенде, кулықпен қиыстырылған аңыз-ертегілерге сүйенген жоқпыз. Керісінше, біз Иеміздің салтанатты ұлылығын өз көзімізбен көрген куәгерлер болған едік» (Пет. 2-хаты 1:16).



Өзің көз жеткіз

Киелі кітапта ойдан шығарылған оқиғалар мен аңыздар толы деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында:

Лұқа жазған Ізгі хабардың 1-тарауының 1–3 аяттарын оқып шық. Бұл сөздерді кім жазды? Туындыгерге «арамызда әбден белгілі болған оқиғаларды» кім айтып берді? Туындыгер Теофилге осы оқиғалар туралы баяндап беруден бұрын не істеді?

Жоханның бірінші хаты 1-тарауының 3-аятын оқып шық. Бұл сөздерді кім жазды? Ол болып өткен оқиғалардың куәгері болғанын өзі растай ма? Ол өз көзімен көріп, құлағымен естігені туралы қандай мақсатпен айтып тұр?

Елшілердің істері кітабының 2-тарауының 22-аятын оқып шық. Бұл сөздерді кім айтып тұр? Оларға кімге айтылып тұр? «Өздерің де білесіңдер» деген сөз нені білдіреді?

Жохан жазған Ізгі хабардың 19-тарауының 35-аятын оқып шық. Бұл аяттың туындыгері кім? Ол өзі жазған оқиғалардың куәгері болды ма? Ол өзінің жазған сөздерін ойдан шығарылған деп бағаланғанын қалады ма? Оның:



«Мұны көрген кісі сендер де сенсін деп бұған куәлік береді» — деген сөздеріне назар аудар. Жаңа Өсиетті жазған адамдардың куәлігі туралы мінәжат етіп ойланып біраз уақыт өткіз және Ізгі хабарды жазған Жохан қалағандай, осы куәліктерге сен сенгің келе ме, соны өзің үшін шешіп ал.

13.

Дәрігер Лұқа және қайдан шыққаны белгісіз «политарх» деген сөз



*Талассыз, дұрыс археология (қазба жұмыстары)
туралы аңыз*

Тұлғасы сом ер кісі Бейкер-стриттің бойындағы № 221–Б үйдің баспалдағымен көтерілді, содан кейін оның бөлмеге кіруін өтінді, ол жерде ұлы тыңшы отыр еді.

«Осында екенсіз ғой, дәрігер. Қайырлы таң! — деді тыңшы, креслоның арқасына қарай шалқайып. — Сіз мұнда бірнеше ұйқысыз күндерді өткізгенге ұқсайсыз».

«Сіз дұрыс айтасыз, — бірақ, тоқтай тұрыңыз. Сіз мұны қайдан білесіз? Және сіз менің дәрігер екенімді қайдан білдіңіз?»

«Бұл қарапайым емес пе?! Бұған қоса, мен көріп тұрмын, сіз жазушысыз және алыстан келгенсіз. Алайда, шын мәнінде мұның бәрі маңызды емес. Одан да сізді не алаңдатып жүргенін айтып беріңіз».

Келген кісі өзінің қобалжып тұрғанын әрең дегенде игеріп алды және ақыры әңгімеге кірісті.

«Менің атым Лұқа, мен дәрігермін, — деді ол өзі туралы айтып беріп, — бұған қоса, мен екі бестселлердің — менің заманымда болып өткен оқиғалар туралы баяндайтын кітаптың туындыгерімін. Нақтырақ, айтатын болсақ, мәсіхшілік дәуірдің бірінші ғасырында».

Тыңшы Шерлок Холмс саусақтарының басын айқастырып, мұқият тыңдауға дайындалды.

«Соңғы уақытта, — деп дәрігер Лұқа өзінің әңгімесін жалғастырды, — менің абыройым қатты азап шекті. Менің құзыреттілігім мен менің біліміме күмән келтірілді».

Түсінесіз бе, мен Елшілердің істері деген кітабымда Қония қаласы Ликаон деп аталатын аймаққа кірмейтінін атап көрсеткен едім. Кейбір археологтар, қазбашылар қандай да бір басқа құжаттарға негізделіп, Қония Ликаон аймағындағы қала болған деген қорытындыға келген,



олар неге негізделіп менің кітабымды сенімсіз деректеме, түпдерек деп жариялады екен».

«Бұнымен әлі біткен жоқ, — деп Лұқа асығыс әңгімесін жалғастырды, ол Холмс оны өте өкпешіл кісі екен деп шешеді деп қауіптенді, — менің Ізгі хабарымда, М.Т. 27 жылы Жақия Шомылдырушының қызметінің басы туралы әңгімелей отырып, мен Лүсани — Абілине аймағының әкімі болғаны туралы атап өткен болатынмын. Археологтарға тек бір ғана Лүсани мәлім болған, ол М.Т. дейін 36 жылы өлтірілген екен, сондықтан мені тарихи деректерді бұрмалады деп тағы да айыптап отыр. Бұған қоса, мен Пауылдың Қорынттағы қызметі туралы әңгімелеген кезде, Галлионды „жоғары билеуші“ деп атадым. Ғалымсымақтар мен өзім жазып отырған оқиғаларды өзі түсінбейді деп айтып отыр, Галлион сияқты, осындай лауазымда отырған адамды, ешқашан „жоғары билеуші“ деп атамаған!

Алайда, бәлкім, осы „ғалымдардан“ көрген ең өрескел айыптау, бұл менің Салоника қаласының қалалық бастықтарын „политарх“ деген грек сөзімен атағаным болды. Бұл сөз бірде-бір классикалық шығармаларда кездеспейді екен. „Лұқа қателескен, олай болса, о жазған нәрселерге сенудің қажеті жоқ; және осыған ұқсас жағдайлар“ — деп айтқан кезде, өздерінің айыптауларын растау үшін барлық археологтар мен сыншылар осыны көрсетеді. Мені сенімсіздендіруге тырысып, олар тиісетін тағы да әр түрлі ұсақ-түйек нәрселер баршылық».

Дәрігер Лұқа өзінің әңгімесін аяқтаған кезде, Холмс көзін жұмып алған еді, ал тынысы біркелкі және жайбарақат болатын. Ол бәрін түсінген сыңай танытып, ақыры ол көзін ашып, креслодан тұрды.

«Кешіріңіз, дәрігер, — деді ол, — алайда, мен сізге ешқандай көмек бере алмаймын».

Дәрігер әйгілі тыңшыға үнсіз қарап тұрды.

«Мен сізді дұрыс түсіндім бе, дәрігер, — деп сұрады Холмс, — сіз өзіңіз жазған деректердің шын және сенімді екеніне нық сенімдісіз, солай ма?»

«Жүз пайыз! — деп жауап берді дәрігер Лұқа, орнынан тұрып. — Мен тарихшымын ғой, мырза!»

«Олай болса, сізге тек күту керек», — деді Холмс, ұлы тарихшыны есікке дейін шығарып салып. «Бір күні сіз жазған нақты мәліметтердің бәрі бірдей расталатын күн келеді. Ал, қазірше, — деді ол, үміті үзіл-



ген келушінің артынан есікті жабудан бұрын, — менің мейірімді дәрігерім, сізге тек күтуге тура келеді. Алайда, сенімді болыңыз, барлық мәліметтер расталған кезде, бәрі өз орнына келеді».

Біздің заманымыздың бірінші ғасырындағы тарихшы мен ойдан шығарылған тыңшының арасында болған осындай сұхбат, әрине, ешқашан болған емес. Алайда, осыған дейін Лұқаның айтқан әңгімесінің бәрі — рас. Өткен заманда оны қаралау үшін көптеген әрекеттер болды. Әйтсе де, егер де осындай кездесу болса, онда біздің оқиғамыздағы Шерлок Холмстың Лұқаға берген соңғы кеңесі, жүз пайыз дұрыс болған болар еді.

Ғалымдар мен археологтардың Ізгі хабарды жазған Лұқаны немқұрайлы және деректері нақты емес деп үздіксіз айыптағанына қарамастан, сол археологияның өзі ол жазып кеткен шындықтарды бір-неше рет растады.

Көптеген адамдарға заманауи археология ғылымы Киелі кітаптың кейбір жерлерінде қателер бар екенін «дәлелдеді» деп ойлау ұнайды. Шын мәнінде бәрі олай емес. Мысалы, Лұқа Шерлокқа әңгімесін бастаған кезде, айтқан бірінші шағымын қарастырып көрейік, мұнда ғалымдар оны Қония қаласы орналасқан аймақты дұрыс көрсетпеген деп айыптайды. 1910 ж. археолог Уильям Рэмсей Қония Фригий аймағында орналасқан қала болғаны туралы куәлік ететін ескерткішті тапқан. Одан кейінірек табылған ашылулар да Лұқа келтірген мәліметтерді растаған.

Дамаск қаласының қасынан табылған, бір археологиялық зат, «Лүсания әкімінің» тіршілік еткенін дәлелдеді. Оның мерзімі М.Т. 14—29 жж. деп көрсетілген және осылайша Лұқаның сөздері толығымен расталды.

Оның Галлион туралы атап өткеніне қатысты айтатын болсақ, онда бұл: «Ахаияның әкімі, менің досым, Луций Юний Галлионға...» — деп жазылған, бір табылған тақтайшадағы жазу арқылы расталған болатын.

Лұқа біліксіздікте айыпталған, қайдан шыққаны түсініксіз, «политарх» деген сөздің мағынасы да анықталды. Жақында ғана қазба жұмыстарында шамамен 12 заттан тұратын қолжазбалардың жинақталымы табылды, оларда осы ерте замандағы грек шені кездеседі.

Археология Киелі кітапта көрсетілген деректерді теріске шығарады деген ой, тек ескіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге бұл кезектегі аңыз болып табылады. Археолог Уильям Ф. Олбрайт айтқандай,



Он сегізінші және он тоғызыншы ғасырдағы беделді тарихи мектептердің Киелі кітапқа қатысты танытқан, шектен тыс скептицизмі, — осы мектептер қисындастырған, кейбір идеялар, әлі де оқтын-оқтын пайда болуда, — олар бірте-бірте сенімсіздендірілді. Киелі кітап біз жеткізген деректердің шексіз санының нақтылығы мен шынайылығын бір ашылудан кейін бір ашылу растауда және олар Киелі кітапты құнды тарихи түпдерек деректеме деп санауға барған сайын көбірек негіз беруде.

Қысқаша айтқанда, Шерлок Холмс дұрыс кеңес берген болып шықты.



Өзің көз жеткіз

Мінсіз археология туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, көрсетілген үзінділерді Киелі кітаптан оқып шық және Киелі кітапта әлдеқашан расталған тіршілік еткені мен тұлғасы анықталған, ақыр соңында археологиялық ашылулар да дәлелдеген адамдардың атын жазып, бос қалдырып кеткен орындарды толтыр:

Дан. 5:30

Бір кездері өрескел қателік деп санаған мәліметтер (қыштан жасалған тақтайша Набонидті Бабылдың соңғы патшасы екенін көрсетті деген ашылуға негізделіп), соңғы зерттеулер арқылы расталған болатын, зерттеу бойынша _____

_____ Набонидтің ұлы, бірігіп басқарушының құқығы бойынша әкесімен бірге билік еткен.



Рим. 16:23 1929 ж. қазба жұмыстары _____

_____ есімді кісінің тіршілік еткенін растады, оны Қорынттағы қоғамдық жұмыстардың басқарушысы болған деп таныды.

Мат. 27:1, 2 мерзімі 1961 ж. деп көрсетілген, Жерорта теңізінің Кесария кемежайындағы табылған заттар, дүние жүзіне 2' x 3' өлшемдегі қолжазбаны ұсынды, ол _____ көрсетеді.

14.

Шынайы пайғамбарлық сөздер немесе кездейсоқ түйісулердің кезегі ме?



*Киелі кітаптық пайғамбарлық сөздер —
бұл жәй әншейін сәйкестіктер екені туралы аңыз*

Натан асығыс ас үйге жүгіріп кіріп, анасын соғып құлатып кете жаздады.

«Натан!» — деді анасы оны наразылық танытып тоқтатты. «Кешірші, анашым — деді ол, — маған Тодд берген кітапты, сен дереу көруің қажет». Ол үстелдің үстіне оқулықтарды үйіп тастады және осы үйіндінің арасынан бір кітапты тауып алды. «Бұл жерде Нострил деген ... аты кім еді, әйтеуір бір қарт кісінің жазған күні бұрын айтылған әр түрлі сөздері бар?»

«Нострадамус?»

«Дәл солай! — деп жауап берді Натан. — Сен, ол туралы естіген-бісің?»

«Саған қалай десем екен...»

«Оның жазғандары, — таңқаларлық жәйттер, солай ма? Ол көптеген оқиғалар әлі болмай тұрған кезде, күні бұрын олар туралы айтып берген, Гитлер мен Екінші дүние жүзілік соғыс туралы, Кеннедидің өлімі туралы. Тод тіпті бұл кітапта Эм Си Хаммер туралы да айтылған деді!»

«Солай деді ме?»

Натан үндемей қалды және анасының жүзіне күмәнмен қарады.

«Жарайды, анашым, не болды? Мен сенің көзқарасыңды білемін ғой».

«Жәй, ешнәрсе де болған жоқ. Маған жәй қызық болып көрінді, оның «пайғамбарлық сөздерін» сен өзің тауып алдың ба? Сен оларды өзің іздедің бе, әлде олар туралы саған біреу айтты ма, жалпы сен бұларды қалай таптың деп айтқым келіп тұр?»

«Иә, оларды маған Тодд көрсетті».

«Ал, олар саған қандай да бір беймәлім жәйттер сияқты болып көрінген жоқ па? Олар саған көп жағдайларға жарамды және олар-



ды әр түрлі жолдармен талқылауға болатын сияқты болып көрінген жоқ па?»

Натан сәл ойланып қалды, сосын иығын көтерді: «Мүмкін, солай шығар».

«Киелі Жазбада Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылған және толығымен орындалған пайғамбарлық сөздер, адамдарды немқұрайлы қалдырғанда, Нострадамус сияқты, күмән туғызатын пайғамбар, соншама адамдарды қызықтырып өзіне баурап алғаны, мен үшін түсініксіз және оғаш болып көрінеді!»

Натан анасының айтқан сөздеріне қызығушылық танытқандай болды. Өйткені ол Нострадамустың кітабын шетке итеріп қойып: «Мысалы?» — деп сұрады.

«Мысалы? — деп қайта сұрады одан анасы. — Натан, сен мені таңқалдырасың. Мысалы, Иса Бетлехемде дүниеге келген. Бұл туралы Мика пайғамбар алдын ала айтып кеткен. Ал, Зәкария пайғамбар Мәсіх Иерусалимге күшті атпен емес, есекке мініп кіретіні туралы алдын ала айтқан».

«Шынымен, солай айтылған, — деді Натан. — Тағы да ол Исаға опасыздық жасайды деп айтты ғой, солай емес пе?»

«Дәл, солай. Оны досы отыз күміс теңгеге сатып жібереді, Оның қолы мен аяғына шеге қағады, бірақ Оның сүйектері бүтін қалады — көрдің бе, Натан, ол ұсақ-түйек нәрселерге дейін нақты айтқан. Бұл тек жәй әншейін жалпы сөздер мен беймәлім ишараттар болған жоқ, қайта жүз пайыз нақты орындалған, көптеген белгілі алдын ала айтылған пайғамбарлық сөздер болды. Біз тек Мәсіхтің тағдырымен байланысты пайғамбарлық сөздерді есімізге түсірдік. Алайда, Киелі кітапта баяндалған қалалар мен халықтардың тағдыры туралы пайғамбарлық сөздердің шынайылығына қатысты да солай айтуға болады».

«Осы пайғамбарлық сөздерден кейін, Нострадамустың айтқан сөздері солғын тартқан сияқты болып көрінеді, солай ма?» — деп қорытындылады ойын Натан.

«Суға батып бара жатқан адамға ұқсайды», — деді оның анасы күлімсіреп.

Натанның анасының айтқаны дұрыс еді. Киелі кітаптық пайғамбарлық сөздер яуди және мәсіхшілік Киелі жазбаның бірегей және сенімді екендігін таңқаларлық жолмен растайды.



Тіпті Мәсіхпен байланысты пайғамбарлық сөздер туралы жәй хабардар болудың өзі, Киелі кітаптың ең бірбеткей оқырмандарды да оның шынайы екендігіне сендіре алады.

Алайда, қиялы бай кейбір адамдар, Киелі кітаптағы алдын ала айтылған сөздердің орындалуы — бұл жәй сәйкестік деп болжайды. «Осы пайғамбарлық сөздердің кейбіреулері Американың елбасы болған Кеннедидің немесе Мартин Лютер Кингтің тағдырларына қолдануға жарамды» — дейді басқалары.

Айталық, сіз Мәсіх туралы Киелі кітаптан табуға болатын, негізгі қырық сегіз пайғамбарлық сөздердің бәрі, бір адамның өмірінде болғаны туралы мысал келтіре аласыз ба? Бұл жерде ұзақ іздеп жатудың қажеті жоқ: мұндай адам мүлдем жоқ!

Питер Стоунер өзінің «Ғылыми жандасу» деген кітабында жазғандай, бұл оқиғалар — жәй әншейін сәйкестік деген ықтималдық, 157-дәрежелі 10 нан 1 тең, немесе 10-ның 157 нөлі бар. Мұндай үлкен сан немесе осыншама аз ықтималдықты тіпті көз алдымызға елестету де қиын.

Мұндай астрономиялық сәйкессіздік Киелі кітаптық пайғамбарлық сөздер — бұл жәй әншейін сәйкестік емес екендігін анық көрсетеді, «Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес, — дейді елші Петір, — Қайта, Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды» (Пет. 2-хаты 1:21).



Өзің көз жеткіз

Жәй сәйкестік туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі сұраққа жауап бер: төменде келтірілген Киелі кітаптық пайғамбарлық сөздерді, оларды алдын ала айтқан, Киелі кітаптық пайғамбарлардың атымен, немесе пайғамбарлық сөздер жазылған кітаптармен ара қатысын белгілеуге болады.

Пайғамбарлар аттары мен кітаптардың атаулары мынадай:



А. Жаратылыс
Б. Забур

В. Ишаия
Г. Еремия

Д. Мика
Е. Зәкария

Орындалған Киелі кітаптық пайғамбарлық сөздер:

1. Иса пәк қыздан туылды (Мат. 1:18–25).
2. Яһуда руынан (Лұқа. 3:23, 33).
3. Ол Есейдің ұрпағы болады (Лұқа. 3:32).
4. Дәуіттің үйінен (Лұқа. 3:31).
5. Ол Бетлехемде туылады (Мат. 2:1).
6. Және Оның алдында жаршысы болады (Мат. 3:1,2).
7. Ол Иерусалим есекке мініп кіреді (Лұқа. 19:35–37).
8. Ал, содан кейін Оған досы опасыздық жасайды (Мат. 26:48–50).
9. Отыз күміс теңгеге сатады (Мат. 26:15).
10. Ол Өзін айыптаушылардың алдында жауап қайырмайды (Мат. 27:12).
11. Оның қолы мен аяғына шеге қағады (Лұқа. 23:33; Жох. 20:25).
12. Және Ол жанын өлімге қиып, қылмыскерлердің қатарында саналды (Мат. 27:38).
13. Ол көптеген адамдардың күнәларын өз мойнына алып, қылмыскерлердің кешірілуі үшін араша түсті. (Лұқа. 23:34).
14. Оның киімдерін бөлісті (Жох. 19:23).
15. Жау жамылғымды бөлісіп алады, киімі үшін жеребе салады (Жох. 19:24).
16. Оған ішуге өт қосылған сірке суын ұсынды (Мат. 27:34).
17. Оның ешбір сүйегі де сындырылмасын (Жох. 19:34).
18. Алайда, Оның бүйіріне найзаны сұғып алады (Жох. 19:34).
19. Ал, сосын бай кісінің қабіріне қояды (Мат. 27:57–60).
20. Ол өлімнен қайта тірілді (Елш.іст. 2:31).



Жауаптар:

1. В (Иш. 7:14)
2. А (Жар. 49:10)
3. В (Иш. 11:1)
4. Г (Ер. 23:5)
5. Д (Миқа. 5:2)
6. В (Иш. 40:3)
7. Е (Зэк. 9:9)
8. Б (Заб. 40:10)
9. Е (Зэк. 11:12)
10. В (Иш. 53:7)
11. Б (Заб. 21:17)
12. В (Иш. 53:12)
13. В (Иш. 53:12)
14. Б (Заб. 21:19)
15. Б (Заб. 21:19)
16. Б (Заб. 68:22)
17. Б (Заб. 33:21)
18. Е (Зэк. 12:10)
19. В (Иш. 53:9)
20. Б (Заб. 15:10)

15. Өлген кісі болып көрінді?



*Шын мәнінде Иса өлген жоқ,
тек есінен танып қалғаны туралы аңыз*

Мен әлі жас кезімде, мәсіхшінің дәрменсіздігін дәлелдеуді, онда ешқандай байыпты ешнәрсе жоқ екендігін өзіме мақсат етіп қойдым. Алайда, әрине, өте қарапайым себеппен бұл іс менің қолымнан келмеді: мен тарихтан орын алған бір шындықты — Иса Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгенін теріске шығара алмадым.

Қайта тірілу — бұл мәсіхшілік сенімнің негізі. Майкл Грин өзінің «Тірі Адам» деген кітабында жазғандай, «мәсіхшіліктегі қайта тірілу — бұл жәй әншейін қабылдау қажет болатын, көптеген парыздардың бірі емес. Қайта тірілуге сенбесе мәсіхшілік мүлдем болмаған болар еді. Ал, Мәсіхшілік Қауым өзінің тіршілік етуін бастамаған болар еді; Исаның қызметінің арқасында пайда болған қозғалыс, Ол айқышқа шегеленген соң, түтін сияқты ғайып болар еді. Мәсіхшіліктің тағдыры толығымен Иса қайта тірілді деген сенімге тәуелді. Сіз осы шындықты теріске шығарсаңыз, сіз мәсіхшілікті жоя аласыз».

Міне, сондықтан да көптеген адамдар қайта тірілу шындығына күмән келтіруге немесе оны теріске шығаруға тырысқаны, шүбәсіз.

Дәрігер Хью Шонфилдтің «Құтқарылу мейрамындағы қастандық» деп аталатын кітабы 1960-шы жылдардың ортасында пайда болған кезде, көптеген талас-тартыстарды туғызды. Ол көп айқай-шу туғызды, өйткені бұл кітапта туындыгер Иса Мәсіхтің қайта тірілуін «түсіндіретін», «естен тану теориясы» деп аталатын бір көне теорияны өмірге қайтарды.

Естен тану теориясы Вентурини деген кісінің арқасында бірнеше ғасырлар бұрын танымал болған еді. Осы теория бойынша, Иса шын мәнінде айқыш ағашта шегеленген кезде өлген жоқ. Ол әлсіреп, көп



қан жоғалтқандықтан, жәй есінен танып қалды (немесе «есінен танып құлап қалды»). Теория бойынша, бәрі Ол өліп қалды ұйғарды, алайда, шын мәнінде біраз уақыттан кейін Ол Өзіне келіп, есін жинады, ал шәкірттері Ол өлімнен қайта тірілді деп ұйғарды.

Шонфилд бұл теорияны әрі қарай өрбітті, ол Иса Өзінің тұтқындалуын, сотты және айқышқа шегеленуді алдын ала жоспарлады деп қорытынды жасады. Ол Өзіне өлген адам сияқты сыңай танытуға оңай болу үшін, айқышта Оны есірткімен есегіретіп тастады, ал кейінірек Ол ұрып-соғудан, азаптаудан және алған жарақаттан, бүйірінен найзамен түйрегенімен байланысты, көп қан жоғалтқаны және Оның денесін айқышта ұстап тұрған, айқышқа қағылған шегелердің іздерінен қалған, қолы мен аяғындағы қансырап тұрған жарақаттары жазылуы үшін, Ол бәрін осылай ұйымдастырған деп айтты.

Алайда, осы естен тану теориясының бәрі — түгел аңыз.

Иса қатаң ұрып-соғуды басынан кешірді. Оны адамның тәнін тілімдеп, жыртатын сұмдық азаптайтын аспаптармен сабады. Кейде тұтқындар өлім жазасы кесілетін күнге дейін тірі қалмайтын, өйткені мұндай сабауды олар көтере алмайтын.

Сосын, Иса осыған ұқсас қатаң жазаны бастан кешірген соң, Ол өлім жазасы кесілетін жерге қарай Өзінің жолын бастады. Алайда, Оның азаптарының адам төзгісіз болғаны соншалықты, Ол бұл жолды өздігінен жүріп өте алмады. Ізгі хабарда Матай мен Лұқа бізге әбден қалжыраған Исаның арқасынан Киринаялық Шимон айқышты көтеріп жүруге мәжбүр болды деп айтады. Марқаның «Исаны Ғолгота, яғни «Маңдайтөбе», деген жерге алып барды» деген сөздері (Мар. 15:22), бізге Ол Өзі жүруге мұршасы жоқ болған деп ойлауға мүмкіндік береді.

Содан кейін Иса өлім деп аталатын және адам айтып жеткізе алмайтын жолмен өтті. Дегенмен, Фредерик Фаррер сияқты, кейбір жазушылар, бәрбір осы жағдайды сөзбен білдіруге тырысып көрді:

Айқышқа шегелеу арқылы өлімге, жан азабы мен өлім әкелетін, бүкіл сұмдық пен түнек жатады — бас айналу, сіңір тартылу, түйілу, құрысу, тырысу, діріл, шөлдеу, аштық пен ұйқысыздық, жарақат алған бүкіл дененің қызуы, сіреспе, ұят азабы пен жұрттың алдында кемсі-



ту, шексіз ұзақ азаптау, алда күтіп тұрған азапты өлім, майып болған дене бөліктерінің семіп қалуы — осы барлық азаптар оларға төзе амайтындай жағдайға жеткізеді және азапталушы дам айтқысыз жеңілдікті сезініп, есінен танған кезде ғана бұл азап бітеді.

Дененің табиғи емес қалыпы, кішкентай қимылды да ауырсынады; жыртылып кеткен күре тамырлар мен созылып кеткен сіңірлер бітпейтін азаптан қатты соғып тұрады; қабынған, ешнәрсемен жабылмаған жарақаттар бірте-бірте тіндердің жанының кетуіне әкеледі; күре тамырлар — әсіресе, бастағы және іштегі — оларға толған қаннан барған сайын ісіне бастайды; сол сәтте көз алдымызға елестете алатын барлық азаптар күшеюін жалғастырады, оларға күйіктен болған ащы жан азабы мен адам төзгісіз шөлдеу қосылады; осы барлық тәндік азаптар тек жан азабы мен алаңдауды күшейте түседі. Бұл алда күтіп тұрған өлім — адамның бәрінен көбірек қорқатын белгісіз жау, өлімнің жақындап келе жатқанын сезініп, — оны жанға жағымды және ұзақ күткен жеңілдік ретінде қабылдауына әкеледі.

Осыған ұқсас бірнеше сағат бойына азаптағаннан кейін, Исаны айқыштан шешіп алады — тек содан кейін ғана римдік жүзбасы (ол өлім қай уақытта болғанын қатесіз анықтай білетін) римдік билеушіге Назареттік Иса қайтыс болды деп куәлік етеді.

Адам осындай жағдайды басынан өткізіп, тірі қалғаны және өлімді жеңген Жеңімпаз және өмірдің Әміршісі ретінде, Яһудея мен Ғалилеяда бес жүзден астам адамға көрінгені туралы ой, шүбәсіз, тарихты қайта жазуға және «...Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын құрбан етті. Осы жазбалардың тағы алдын ала айтып кеткеніндей, Мәсіх қабірге қойылып, үшінші күні қайта тірілді» (Қор. 1-хат 15:3, 4) — деген қарапайым шындықты елемеге үлкен қалауды туғызған болса керек.



Өзің көз жеткіз

Естен тану туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 19-тарауы 30–35 аяттарын оқып шық. Сарбаздар неге Исаның тізесін сындырмады? Қанша рим әскері (ең кем дегенде) Исаның қайтыс болғаны туралы білді? 35 аятта кім туралы айтылып тұр? Сендер сенулерің үшін, ол қандай шындықты айтты?

Марқа жазған Ізгі хабардың 15-тарауы 42–47 аяттарын оқып шық. Осы аяттарда Исаның өлгенін көрген қанша куәгерлер атап көрсетілген?

Матай жазған Ізгі хабардың 27-тарауы 62–66 аяттарын оқып шық. Бас діни қызметкерлер мен парызшылдар Исаның өлгеніне сенімді болды ма? 63-аятқа назар аудар — олар Иса қайта тірілемін деп уәде бергенін білгендіктен, олар Оны айқыш ағаштан тірі кезінде шешіп алуы мүмкін бе еді?

Сен жоғарыда оқып өткен Исаның жауларының нешеуі, Оның өлімінің куәгерлері болды (Оның достары мен шәкірттерін есептемегенде)?

16. Соқыртеке ойыны?



Қабірді шатастырып алғаны туралы аңыз

Олай болса, Лиззи, мен саған бәрін айтып беремін, бірақ біздің басымыздан өткен жағдай әдеттен тыс оғаш сияқты болып көрінеді! Демек, мен және тағы да бір Мәриям және... тағы да біреу? Ойланып көрейінші, ах, иә, Саломия және... және... есімнен шығып кетті... қазір есіме түсіремін...»

«Сен айтасың ба, жоқ па?» — деп асықтырды оны Елизавета.

«Сәл шыдай тұршы! Қазір айтамын, бәрін рет-ретімен айту керек қой. Міне, осылайша біз күн шыға салысымен-ақ бірден қабірге қарай бет алдық, расын айтсам, әлі қараңғы болатын, бұның қандай болатынын, өзің білесің, киімнің шетін басып қалмау үшін немесе өрмекшінің ұясына оралып қалмау үшін, немесе... үнемі аяқ астына қарауға тура келді...»

Елизавета ашуланып көзін алартты.

«Жарайды, жарайды, — деді Мәриям. — Мен айтып өткенімдей, біз қабірге қарай бет алдық, алайда ол бос болып шықты, бірақ бір күн бұрын ол жерде Иса жатқан болатын. Түсінемісің, Лиззи? Ол жер бос жатыр! Онда ешкім жоқ еді. Мүлдем ешкім!»

Елизавета өзінің құрбысына қадалып қарап қалды. «Ал, сен қабірді шатастырып алмағаныңа сенімдісің бе?»

«Мен бұған сенімдімін бе? Мәссаған, Лиззи! Сен өзің не айтып тұрғаныңды түсінесің бе?! Біз қабірді шатастырып алмағанымызға, мен сенімдімін бе?! Сен не, маған мүлдем сенбейсің бе? Мен ол жерде жалғыз өзім болған жоқпын ғой... менің қасымда басқа да адамдар болды, бұған қоса, мен де, Мәриям да кеше кешкісін сол жерде болғанбыз. Егер де біз қабірді шатастырып алсақ, сен сонда, ең болмағанда, екеуіміздің біреуіміз бұны түсінбеген болар едік деп ойлайсың ба? Сен бізді соншалықты ақымақ деп санайсың ба?



Алайда, тіпті егер біз адасып кеттік делік, онда періштелермен не болады? Мен саған әлі періштелер туралы айтып бергем жоқ қой, солай ма? Жағдай былай болды, сенің біліп алуың үшін айтып тұрмын, бос қабірдің қасында киімдері найзағайдай жарқыраған періште отыр екен! Ол бізге қорықпандар, Иса қайта тірілді деп айтты, дәл осылай айтты. Сеніңше, періште де қабірді шатастырып алып, біз Мәсіхті қоймаған қабірдің алдында пайда болды ма? Солай ма?»

«Мен олай ойлап тұрған жоқпын, мен жәй әншейін...»

«Олай болса, егер сен мені осыншалықты қарапайым деп қабылдайтын болсаң, онда Петір мен Жохан да менен алыс кеткен жоқ! Өйткені мен дереу оларға айту үшін жүгіріп кеттім және олар сол сәтте-ақ бос қабірге жүгіріп келді! Мен олардың соңынан әрең дегенде ілестім!

Бұған қоса, Сен-қабірді-шатастырып-алған-жоқсың-ба деген ханым, маған айта қойшы, Римнің мөрінің іздері қалған қабірлер Иерусалимде көп пе?»

«Иә, мен, шынында да...»

«Ал, сен бас діни қызметкерлер мен күзетшілер туралы не айтасың? Сонда олар да Исаның қай қабірде жатқанын білмеді ме? Тіпті, егер біз сол қабірге бармаған болсақ та, олар тиісті қабірге барып: „Қап, бәлем! Міне, біз сендердің өтіріктеріңді әшкереледік! Оның денесі қойылған жерде жатыр!“ — деп айтпас па еді? Олар солай істемейді деп ойлайсың ба?»

Елизавета екі алақанын қосып: «Жарайды, кешірші мені? Осындай ақымақтықтарды ойлау менің ойымда да болған жоқ».

Өкінішке орай, Елизавета осылай ойлаған жалғыз адам емес еді. Кирсопп Лейк Исаның денесі ғайып болды деп бәріне айтып жүрген әйелдер, қабірді шатастырып алды деген болжамды негізге алып, үлкен теорияны өрбітті. Алайда, Мәриям Елизаветаға үзілді-кесілді мәлімдегеніндей, бас діни қызметкерлердің сарайдан немесе Иерусалимдегі Рим қамалынан қабірге дейін он бес минуттық серуені, қайта тірілу туралы кез келген қауесетке тез арада шек қоятын еді.

Алайда, әрине, бұлай болмады. Өйткені әйелдер тауып алған қабір, шынында да Исаның қабірі болатын. Және ол бос еді.

**Өзің көз жеткіз**

Қабірді шатастырып алғаны туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Матай жазған Ізгі хабардан (27:57 — 28:15) үзіндіні оқып шық. Қабірдің дұрыс орналасқан жерін кім білуі керек еді, соларды атап көрсет:

Мат. 27:59, 60 _____

Мат. 27:61 _____

Мат. 27:62–66 _____

Мат. 28:2–4, 11 _____

Жохан Исаның жерленген орнын білетін тағы да бір кісіні атап өтеді (Жох. 19:38–41). Бұл кісі кім?

Назар аударшы, Матай да, Марқа да, Лұқа да әйелдер Исаны қалай жерлегенін көрді деп жазады (Мат. 27:61; Мар. 15:47; Лұқа. 23:55). Неліктен олардың бәрі бұл туралы жазды?

17. Жасырынбақ ойыны?



Ал, ертең
жұрттың бәріне біздің
Ұстазымыз тірілді деп
айтамыз.

Исаның денесін ұрлап кеткені туралы аңыз

Ұрланған дене туралы аңыздың болуы туралы алғашқы ескерту Киелі кітаптың өзінде жазылған. Иса өлімнен қайта тірілген соң, қабірді күзеткен бірнеше күзетшілер, бас діни қызметкерлерге келіп не болғанын айтып берді. Матай былай деп жазады:



Сонда олар рубасылармен бірге жиналып, кеңес құрды. Жасақшыларға едәуір ақша беріп, былай деп бұйырды: «Халыққа: «Түнде біз ұйықтап қалғанда шәкірттері келіп, мәйітін ұрлап әкетіпті» деңдер! Ал егер бұл туралы қауесет әміршінің құлағына жетсе, біз оны көндіріп, сендерді пәледен құтқарып аламыз». Пара алған күзетшілер солардың тапсырғанындай істеді. Содан осы жалған лақап яһудилер арасында күні бүгінге дейін таралуда.

Мат. 28:12–15

Жаңа Өсиеттің өзінде Исаның денесін ұрлап кеткені туралы аңыздың қайдан шыққаны түсіндірілгеніне қарамастан, кейбір адамдар бүгінгі күнде де Исаның шәкірттері Оның денесімен жасырынбақ ойынын ойнап, китұркылық жасады деп ойлайды.

Сонымен бірге бұл оқиғаға бірқатар себептермен мүлдем сену мүмкін емес. Мысалы, Исаны жерлеген соң қабірдің есігін жауып қойған тас, суға тисе болғаны, көлдің үстіңгі қабатымен жылжып кететін тастардан қатты ерекшеленетін. Мәтіннен алынған мәліметтер бойынша және Джорджия техникалық колледжінің екі профессоры жасаған есептеулер бойынша, бұл тас шеңбер тәрізді екі метрдей және салмағы шамамен екі тоннадай болды. Қабірді енді ғана дайындаған кезде, бәлкім, қабірге кіре беріске апаратын, терең шұңқырға домалап



кетпеу үшін, жұмысшылардың бүкіл тобы тіреуіш жасап, тиісті жерге тасты орнатқан болар. Исаны жерлеген кезде тіреуішті алып тастады және тартылыс күші өзінің жұмысын істеді: тас домалап кетті және сондықтан оны тек бір топ күшті еркектер үлкен күш салып домалата алатын еді. Міне, сондықтан да Құтқарылу мейрамының қарсаңында жексенбі күні қабірге бет алған әйелдер, өзара: «...Бізге қабір аузындағы қақпақ тасты кім домалатып ашып берер екен?» — десті. (Мар. 16:3).

Бұған қоса, діни қызметкерлер, Исаның денесін ұрлап әкетудің алдын алу үшін, Рим билеушісі, Пилаттан, қабірге күзетші жіберуге рұқсат беруіне қол жеткізді. Рим күзетшілерінің жасағы он төрт немесе он алты күзетшіден тұратын. Әрбір күзетші өзінің айналасында шамамен екі метрдей жерді күзетуге жаттықтырылатын. Он алты адам әдетте, шаршыны құрайтын — әр жақтан төртеуден тұратын. Олар бүкіл бөлімшенің сабын құрып, отыз алты метрдей жерді қорғай алатын еді.

Түн болған кезде, өздері тікелей күзету қызметіне кірісерден бұрын, төрт адамнан бөлінетін, ал қалған он екі күзетші бастарын ортаға беріп, күзетілетін объектінің жанында жартылай шеңбер жасап, ұйықтауына болатын еді. Осылайша, сенімді күзетілетін нәрсені ұрлау үшін, ұры әуелі ұйықтап жатқан күзетшілердің (әрине, сергек болып күзетіп жүрген, төртеуінің көз алдында) қасынан өтуіне тура келетін еді. Әр төрт сағат сайын ұйықтап жатқандардың төртеуі, жаңа күшпен күзетке шығатын, ал күзетте болғандар, демалып алатын. Осылайша олар тәулік бойына бір-бірін ауыстырып отыратын.

Бұл күзетшілер сыпайы саяхат жетекшісіне мүлдем ұқсамайтынын атап өту қажет. Олар шайқас үшін тағайындалған, тірі қауіпті машиналар болатын. Т. Дж. Такер «Рим дүниесіндегі Нерон мен елші Пауылдың өмірі» деген өзінің кітабында осындай сарбаздардың бірін былай деп сипаттайды:

Оның кеудесі мен иығын қабат-қабат немесе шағын қабыршақ болып тігілген, темір немесе қоланың қабаттарымен жабылған, теріден жасалған шекпен жауып тұрды. Оның басында қорғайтын жазық темір дулығасы бар.



Оң қолына ол әйгілі римдік ағаш сапты ұзын найза ұстап тұрды. Оның ұзындығы екі метрдей болды, ағаш сабына бекітілген, үшкір темір ұштықтан тұратын, мықты қару-жарақ; сарбаз онымен найза сияқты түйрейтін немесе оны сүңгі сияқты лақтыруына болатын. Бұған қоса, оның жақын жердегі шайқас үшін семсері болды.

Сол қолында қалқан болды... [оны] тек қана қолына ұстап қана жүрмей, сонымен бірге оң иығы арқылы асылатын белдікке іліп қоюға болатын. Қалқанмен емін-еркін басқару үшін, сарбаз семсерді іліп қоя алатын — шамасы, ол шайқас үшін емес, қайта түйреу үшін арналған болса керек, оның ұзындығы бір метрдей болатын — оны оң жаққа белдіктің көмегімен, сол иық арқылы асыра лақтыратын... Сарбаздың сол жақ бүйірінде қанжар ілініп тұратын.

Исаның денесін ұрлап кеткен деген аңызды ұнататындар, баяндалған оқиғалардан бір күн бұрын қорқақ қояндар сияқты қашып кеткен, бірнеше шәкірттері, жақсы қару-жарақпен қамданған, шайқаста шыныққан Рим сарбаздарының жасағымен шайқасқа шығуды ұйғарды деп ойласа керек. Шәкірттері не оларды жеңіп шықты, немесе олар ұйықтап жатқан кезде, олардың қасынан білдірмей өтіп кетіп, салмағы екі тоннадай тасты таудың баурайынан домалатып түсірді, сонымен бірге олар бірде-бір күзетшіні оятып алмады. Содан кейін көрініс толық болуы үшін, шәкірттері Исаның денесін көтеріп алып, оны бір жерге жасырып қойды және бірнеше ондаған жылдар бойына ел-жұртқа мазақ болды, олар осы жалған ілімді — бүкіл әлемге тарату үшін азаптарға төзді, — өйткені олар мұның өтірік екенін білді ғой.

Бұған сену мүлдем мүлдем қиын. Құқық саласында мамандандырылған және куәгерлік түсініктемелерін қалай теріске шығару және куәгер шындықты айтып тұр ма, әлде өтірік айтып тұр ма, соны анықтау туралы, көптеген жылдан бері дәріс беретін, Гарвард университетінің профессоры, Саймон Гринлиф айтқандай, «егер де олар осы деректің шындық екеніне нық сенімді болмағанда, олар өздерінің шындықты айтып жүргеніне және Иса шын мәнінде өлімнен қайта тірілгенін айтып табандылық танытпаған болар еді».



Және бүгінгі күнде шындықты іздеп жүрген кез келген адам, алғашқы мәсіхшілер сияқты, мәсіхшілік сенім қандай да бір аңыздарға емес, керісінше, Иса Мәсіх өлімнен қайта тірілді және Оның қабірі бос деген мықты тарихи дерекке негізделгеніне нық сенімді бола алады.



Өзің көз жеткіз

Исаның денесі ұрланғаны туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 15-тарауы 1–8 аяттарын оқып шық. Пауыл қандай үш оқиғаны ең маңызды деп санайды:

Мәсіх _____

Мәсіх _____

Мәсіх _____

Өлімнен қайта тірілген Мәсіхті, Пауылдың сөзі бойынша неше адам (ең кем дегенде) көрді? _____

Бес жүзден аса бауырластарымыздың көпшілігі (6 аят) әлі тірі деген сөзі қандай мағынаны білдіреді?

Егер де осы бес жүзден аса куәгерлердің әрқайсысына бар-жоғы бес минут сөз сөйлеуге уақыт берсе, олардың бәрін тыңдау үшін, қырық екі сағат уақыт кеткен болар еді. Ал, сот үдерістерінің көпшілігінде түсініктеме бере алатын, тек екі немесе үш куәгер болады.

18.

Орыс үшін жақсы болып көрінген нәрсе, неміс үшін өліммен тең



*Дүниеде барлық нәрсе салыстырмалы
түрде деген аңыз*

Маған ненің жақсы, ненің жаман екенін айтып, өз пікірлерінді таңа алмайсыңдар жетер енді! — деді Стефани. — Менің жасым он сегізге келіп қалды. Маған тәлім бергендерінді тоқтатыңдаршы. Егер сендер бұл жаман деп санасаңдар, ол әлі мен үшін де жаман дегенді білдірмейді». Стефани осылайша жиі өзінің ата-анасына қарсы шығуды қарым-қатынасты айқындап алуға айналдыратын, ақыр соңында ол ненің «жақсы» және ненің «жаман» екені туралы өзі үшін жеке түсінігін шығарып алды.

Осылайша, ол әзәзілдің өтірігінің құрбанына айналды, бұл жалған былай деп жар салады: «Дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман — бұның бәрі салыстырмалы түрде... ең бастысы — өзің үшін ненің дұрыс екенін түсіну және өзіңнің жеке адамгершілік ережелерінді жасап шығару».

Және Стефани, әрине, жалғыз емес. Көптеген адамдар өзінің жеке адамгершілік заңын шығарып, өздері үшін ненің жаман, ненің жақсы екенін өз бетінше анықтап, өз шындығымызды тауып аламыз деп ойлайды.

Аллан Блум өзінің «Американдық сана-сезімнің шектеулілігі» деген кітабында, «кез келген профессор бір нәрсеге нық сенімді болуы мүмкін: олар әрбір студент, университетке оқуға түскенде, шындық салыстырмалы деп ойлайды» деп айтады.

Шын мәнінде бұл аңыз. Адамгершілік салыстырмалы емес. «Дұрыс» және «дұрыс емес» деген ұғымдар талқыға салынбайды. К. С. Льюис өзінің «Қарапайым мәсіхшілік» деген кітабында былай деп айтып бағады:

«Сіз «дұрыс» және «дұрыс емес» деген ұғымдарды тән алмаймын, деп айтатын адамды кездестірген сайын,



бір минут өткен соң, осыған ұқсас мәлімдемесінен оның өзі-ақ бас тартатынына сенімді болыңыз. Ол сізге берген уәдесінде тұра алмайды, алайда, сіз осыған ұқсас бір нәрсе істеуге тырысатын болсаңыз, онда көзіңізді ашып-жұмып үлгірмейсіз, ол сол мезетте-ақ, сіз арамзалық жасап жатырсыз деп айқайлайтын болады.

Олай болса, біз «дұрыс» және «дұрыс емес» деген ұғымдар шын мәнінде бар екенін мойындауға мәжбүр боламыз. Кейде адамдар есептеуде жаңылысқандай, оларды шатастырып алуы мүмкін; алайда қандай болған жағдайда да бұл ұғымдар көбейту кестесі сияқты, біреудің талғамымен немесе айрықша ұнататын нәрселерімен ешқандай байланысты емес.

Ең таңқаларлығы, жаманды жақсыдан ажырату үшін, сізге міндетті түрде пәлсапалық білімге ие болу қажет емес. Елші Пауыл тіпті Он өсиет туралы ешқашан естімеген адамдарда да «Таурат заңының талаптарының олардың жүректерінде жазулы екенін дәлелдейді. Бұған олардың ар-ұждандары куә. Демек, оларды іштей қаралайтын немесе ақтайтын осы ар-ұждандарынан туған ойлары соған куә» екенін атап көрсетті (Рим. 2:15). Қайтадан Льюистің сөздерімен айтқанда, «бұл Заңды немесе ненің дұрыс, немесе дұрыс еместігі туралы Ережелер жинағын, бұрын „табиғат заңы“ деп атайтын... өйткені адамдар оның бәрін табиғаттан білеміз және оны ешкімге үйретудің қажеті жоқ деп ойлайтын».

Сонда да егер бір нәрсе сіз үшін «жаман» болып көрінсе, ол міндетті түрде олар үшін солай болмайды деп айтқанында тұрып алатындар да баршылық. Алайда, олардың ешкімді алдау қолдарынан келмеді. Олардың өз іс-әрекеттеріне ақталу табуға немесе бәрі де салыстырмалы түрде деген аңыздың көмегімен оларды түсіндіруге деген талпынысы, олар жүректерінің түкпірінде бәрібір жақсы мен жаманның арасындағы айырмашылықты біледі деген шындықты растайды. Олар «Шындық деген не?» (Жох. 18:38) — деп сұрақ қойған Понтий Пилатқа ұқсап кетеді. Осы сұрақтың ащы кекесінінің мәнісі мынада, сол сәтте Шындықтың Өзі оның алдында тұрды! Пилат іздеген жауап, «жол, шындық және өмір» ретінде Өзін ашқан, Исада болды, алайда Рим билеушісі адамға айналған Шындықты мойындай алмайды.



Өзің көз жеткіз

Бәрі де салыстырмалы түрде деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Билер кітабының 17-тарауы 6-аятын оқып шық. Осы кітапта жазылған осыған ұқсас аңыз, сол заманда да кеңінен таралған деп айтуға болады, өйткені «Әркім өзіне _____ істейтін» — деп жазылған.

Сүлейменнің Нақыл сөздер кітабының 14-тарауы 12-аятын оқып шық. Сол кітаптың 16-тарауы 25-аятында қайталанатын бұл нақыл сөзде «адамға түзу болып көрінетін» жолдар туралы не айтылған? Олар қайда алып барады? Сенің пікіріңше, бұл нақыл сөз нені білдіреді?

Ишаия Пайғамбардың Кітабының 45-тарауы 19-аятын оқып шық. Осы аят бойынша кім шындықты айтады және ақиқатты ашып көрсетеді?

Ошия Пайғамбардың Кітабының 14-тарауы 10-аятын оқып шық. Соңғы екі жолда адамдардың қандай екі тобын атап көрсеткен?

Сен өзінді олардың қайсысына жатқызасың? Басқаша айтқанда, сен Иеміздің жолымен жүрсің бе, әлде сол жолда сүрініп құлап жүрсің бе?

Жохан жазған Ізгі хабардың 8-тарауы 31–32 аяттарын оқып шық. Иса мүлдем дұрыс немесе дұрыс емес нәрсе жоқ деп ойлайтынға ұқсай ма, әлде Оның сөздері басқа нәрсе туралы айтып тұр ма? Оның сөздері бойынша, шындықты жақыннан танып білудің нәтижесі не болады?

19.

Бәрі де салыстыру арқылы білінеді



Құдай бәрін жалпы бөлгішке әкелетіні туралы аңыз

Бәлкім, мен жер бетіндегі ең жақсы адам емес шығармын, алайда, бәрібір мен ол сияқты жаман емеспін! Тыңдаңыздар, мен бұл жігіт туралы көп нәрсе айтып бере аламын. Біз бір-бірімізге жақын тұрдық және бірге көшеде бос сенделіп жүретінбіз, сондықтан мен ол туралы көп нәрсе білемін.

Ол әрқашан дөрекі және менмен әрі тәкаппар болатын. Ал, мен көп уақыт бойына қой ауызынан шөп алмайтын жуас бала болатынмын.

Оны бірде полиция алып кетті; ал, мен билік иелеріне әрқашан шын ниетіммен көмектесетінмін.

Оны бірнеше рет түрмеге отырғызды; ал, мен ешқашан заңның шеңберінен шыққан емеспін.

Бірде ол діни қызметкердің көз алдында бір адамға тарпа бас салды!

Мен айтып өткенімдей, киелі адам емеспін немесе періште емеспін, алайда мен: Яһуда Искарот Шимон Петірге қарағанда, әлдеқайда жақсымын!» — деп айтқым келеді.

Әрине, сіз Яһуда сірә, ешқашан өзі туралы осыған ұқсас пікірлерді айтқан жоқ деп айтатын шығарсыз. Алайда, біздің ол туралы айтқанымыздың бәрі — шындық. Бұл оқиғаның соңы бәріне белгілі. Яһуда Исаға опасыздық жасады және өзін дарыға асып, өзіне-өзі қол жұмсады. Ал, Петір Иемізден бас тартса да, күнәсіне өкініп, тәубе етіп, кешірімге ие болды. Ол қауымның ең көрнекті өкілдерінің бірі болды. Соған қарамастан, біз Яһуданың аузына салған сөздер, көптеген адамдар сезінетін сезімдерді айтарлықтай нақты жеткізеді.

«Бәлкім, мен бір-екі рет ішімдік ішкен шығармын, — дейді олар, — алайда, мен жолдасым сияқты, өлесі мас болған жоқпын ғой».

Немесе: «Иә, мен мінсіз емеспін, алайда, анау сияқты өсек айтып жүрген жоқпын ғой».



Көбінесе, адамдар: «Мен киелі емеспін. Алайда, егер ол сияқты адамды мәсіхші деп есептейтін болса, онда мен одан бұрын көкте болатын шығармын» — деп айтып жатады.

Алайда, шын мәнінде бұның бәрі олай емес.

Мектепте мұғалім орташа ұпайды алдын ала санап шығып, баға қойса, бұл бәріне ұнайды. Өйткені бұл жағдайда ол барлық ұпайларды жазып алып, оларды қосады, сөйтіп оны сыныптағы оқушылардың санына бөліп, орташа ұпайды есептеп шығарады, ал, содан кейін осы орташа деңгей сенің ұпайыңның санынан асып кеткеніне немесе асып кетпегеніне, сәйкес бағаларды қояды (әрине, әрқашан қандай да бір Эйнштейн табылып тұрады, соның кесірінен орташа деңгей орташа шәкірттің деңгейіне қарағанда, айтарлықтай жоғары болып шығады). Осы жүйедегі ең тамаша нәрсе, бұл егер жағдайы мүлдем нашар біреу бар болса, сен онша күйгелектене бермесең де болады, өйткені сен күрібір емтиханды жақсы тапсырып шығасың.

Кейбір адамдар осы тәжірибені үлгі ретінде алады және оны негізге ала отырып, өмір, Құдай және әділдік туралы өздерінің ойларын құрады. Әйтсе де, шын мәнінде Құдай бәрін жалпы теңестіретін болады деген пікір — бұл аңыз.

Киелі кітапты оқыған кезде, Құдай қорытынды жасау үшін, Сюзи мен Джонниді салыстырып жатпайтыны, түсінікті болады: «Олай болса, Сюзи, сен анау сияқты, онша жаман емессің, сондықтан жұмаққа қош келдің. Ал, сені, Джонни, үшінші нөмірлі есіктің алдында күте тұр».

Бәрі де мүлдем олай емес. Бір күні Исаға Никөдем есімді бір кісі келді. Ол парызшыл, яһуди рубасылар кеңесінің мүшесі, барлығын әрқашан дұрыс істеп жүрген, орынды сөйлейтін, дұрыс сенетін, қоғамда әйгілі кісі болатын. Алайда, Иса оған: «Ей, Ник, егер біреу көкке баруға лайықты болса, ол сенсің!» — деп айтқан жоқ. Оның орнына Ол: «...Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығын көре алмайды...» — деді (Жох. 3:3).

Сіздің Дженни Майерстен жақсы екеніңіз маңызды емес. Сіз Эйб Ландерске қарағанда азырақ ішетініңіз маңызды емес, немесе Скотт Джексонге қарағанда, қауымға жиірек баратыныңыз маңызды емес. Исаның сөздері бойынша, сіздің «көктен туылғаныңыз» маңызды.



Өзің көз жеткіз

Құдай бәрін жалпы теңестіреді деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Төменде жазылғанды оқып шық. Киелі кітапта жоқ сөздерді сызып таста:

А. Кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығын көре алмайды.

Б. Ешкім өзінің қара басының ғана пайдасын ойламай, сонымен бірге басқаларға жақсылық жасауға тырысуы қажет.

В. Мен әділ шайқаста жеңіп шықтым, мен өз жолымды аяқтадым және өзім білетіндердің бәріне қарағанда, жақсы өмір сүрдім.

Г. Қауымдағы жиналысыңды қалдырма, өйткені сен тек сол жерде ғана құтқарыласың.

Д. Сенің достарың салып кеткен жолдан, ауытқып кетпе.

Е. Бәрінен көбірек менің заңдарымды орындандар, сонда Құдай Патшалығын көресіндер.

Ж. Иеміз Исаға сенің және сенің ондығың, бауырың әкелген ондыққа қарағанда көбірек болуының қамын ойла, сонда сен де, сенің үй-ішің де құтқарыласыңдар.

З. Егер сендер теріс жолдарыңнан қайтып, Құдайдың жолына түспесеңдер, бәрің де осылай құрысыңдар!

(Жауаптары: А (Жох. 3:3) мен З (Лұқа. 13:3) басқасының бәрін сызып таста.)

20. Көкте Құдай түгендегенде, барлық адамдар сонда болады



Барлық адамдар құтқарылатыны туралы аңыз

Жексенбілік мектеп сабағында он алты жасар Саманта: «Мен мәсіхшілер, буддисттер мен мұсылмандардың арасында үлкен айырмашылық бар деп ойламаймын. Барлық діндердің мағынасы бәрібір біреу: біз бәріміз жұмақта болуды қалаймыз, тек ол жерге бару үшін, әр түрлі жолдарды таңдаймыз» — деп мәлімдеген кезде, бәрі таңқалысты.

Саманта, сірә, көптеген адамдар да ол сияқты ойлайтынын өзі де білмесе керек. Әйтсе де, олардың бәрі алға шығып, өз ойын білдіру керек деп санамайды, алайда, олар универсализмді — кез келген діннің саналы жақтаушылары қандай да бір жолмен жұмақта болады деген ойды жақтайды. Тіпті «универсалистік қауымдар» да бар, олар осыған ұқсас идеяларды уағыздайды. Дегенмен, мәсіхшілік сенімде тәрбиеленгендердің көпшілігі (мысалы, Саманта сияқтылар), саналы емес түрде осы ойды жақтайды.

Алайда, бұл ойдан шығарылған жалған.

Бұл Киелі кітап үйреткен шындықтармен сәйкес келмейді. Иса былай дейді:



Тар қақпадан кіріңдер! Тозаққа апаратын қақпа кең, жол да даңғыл. Онымен көп адамдар жүреді. Ал шынайы өмірге апаратын қақпа да, жол да тар. Соны біразы ғана табады.

Мат. 7:13, 14

Ойлап қараңызшы: Құдай адамға айналды, адамдар кешірім алып, көктегі мәңгілікте рақаттанып өмір сүруі үшін, азап шегіп, айқыш ағашта құрбан болды; енді көптеген ғасырлар бойына Оның сүйіспеншілігін қабылдаған немесе қабылдамаған адамдарды көз алдыңызға



елестетіп көріңіз; ал, содан кейін Исаның құн өтеу құрбандығына деген сенім, оларға тұтқында болуды, азап пен азапты өлімді әкелгендерге, өзіңіздің жан дүниеңіздегі көзіңізбен назар аударыңыз. Ақыр соңында, бүкіл адамзат Құдайдың алдында тұратын ақыр заманды, ал, Ол әуелі Исаның құрбандық сүйіспеншілігін қабылдағандарға, содан кейін Оны қабылдамағандардың тобына қарап тұрғанын, көз алдыңызға елестетіңіз. Сосын мынадай көріністі көз алдыңызға елестетіп көріңіз: Құдай иығын көтеріп: «Бұл жерде істің мән-жайын, ақ-қарасын ажыратып жататын дәнеңе де жоқ. Бәрің кіре беріңдер!»

Бұлай болмайды. Және Құдай біреудің мәңгілікті тозаққа өткізгенін қалағандықтан емес. Керісінше, Киелі кітап, Құдай «...ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, солардан арылуын қалайды!» — деп айтады (Пет. 2-хаты 3:9).

Универсалистер мынадай дәлелдерді келтіреді: «Мен түсінбеймін, сүюші Құдай қалайша біреуді тозаққа жіберуі мүмкін». Алайда, Құдай адамдарды тозаққа жіберуге ұмтылмайды. Ол азаптарды басынан өткізіп, Оған сенім артқандарға мәңгілік өмір сыйлау үшін келді. Бәрі де керісінше, бұл адамдар өздері мәңгілікті қайда өткізетінін таңдай алады. Киелі кітапта Құдайдың сүйіспеншілігінен бірбеткейлікпен бас тартып, мәңгілікті тозаққа өткізуді таңдайды деп анық айтылған.

Міне, сондықтан да мәсіхші Иса Мәсіхтің: «Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіңдер...» — деген өсиетін орындауы қажет (Мат. 28:19), өйткені, бір күні, Киелі кітаптың айтуы бойынша, тәубе етуге басқа мүмкіндік болмайтын күн туады.



Өзің көз жеткіз

Барлығы бірдей құтқарылады деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 6-тарауы 68-аятын оқып шық. Исаның соңынан ергендердің көпшілігі Оны қалдырып кеткенде, Шимон Петір мен басқа да шәкірттерінен: «Сен-



дердің де кеткілерің келе ме?» — деп сұраған кезде, Петір не деп жауап берді? Оның: «Жоқ, Ием, Сізден кетсек, кімге бармақпыз?» — деген сұрағы нені білдіреді. Петір бұл аятта мәңгілік өмірге баратын неше жолды айтады?

Жохан жазған Ізгі хабардың 14-тарауы 6-аятын оқып шық. Бұл жерде Исаның Өзі көкке қалай баруға болатыны туралы айтады. Осы аятта Иса Құдайға баратын неше жолды көрсетті? Осы аяттағы «тек Мен арқылы» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?

Аян кітабының 20-тарауы 12–15 аяттарын оқып шық. Киелі кітапта Сот болатын күн туралы анық айтылған пайғамбарлық сөз бар. Осы аят бойынша барлығы көкке бара ма? Есімдері Өмір кітабына жазылмаған адамдармен не болады (олар тірі кезінде жасаған, жеке таңдауы бойынша)?

Қорынттықтарға арналған 2-хаттың 13-тарауы 5-аятында берілген нұсқауларды мұқият және мінәжат етіп орындау үшін және осы аятта берілген, сұрақтарға жауап беру үшін, бірнеше минут уақыт бөліңіз.

21.

Сіздің нені білетініңіз маңызды емес, кімді білетініңіз маңызды



Мәсіхшілік — бұл идеология деген аңыз

Беделді батыс университеттерінің бірінің студенттері, Майк и Брэндон демалыстан кейін кездесіп, өзінің сүйікті мұғалімдерін әңгіме қылды.

«Білесің бе, Батыс өркениеті бойынша курсты қайтадан Стэндиш оқитын болыпты! — деп шағынды Майк. — Бұл жігіт — барып тұрған ұлтшыл! Тек Англия тарихы бойынша маған Нилон сабақ беретіні, қуантады».

«Солай ма?! Ал, маған қайтадан Кристос сабақ беретін болыпты», — деді Брэндон.

«Мәссаған, солай ма? Қандай пәннен?»

«Бәрінен».

«Бәрінен?»

«Иә».

«Және ол көп бақылау жұмысын бере ме?»

«Жоқ».

«Ал, сендер ол өткен сабақты жаттап алуларың керек пе?» — деп сұрады Майк.

«Жоқ, олай емес», — деп жауап берді Брэндон.

«Ал, олай болса, бұл жігіт сендерді не істеуге мәжбүр етеді?»

«Жалпы оны жақсырақ білуімізді қалайды. Ол біздің онымен танысқанымызды. Оның қандай екенін білгенімізді және онымен өзара қарым-қатынасымызды дамытқанымызды қалайды».

Мұндай мұғалімді көз алдыңа елестетіп көру қиын, солай ма? Алайда, ол бар.

Көптеген адамдар мәсіхшілік кез келген басқа дүние жүзілік дін сияқты, негізінен, нанымдар (діншілдік) жүйесі, доктриналардың жиынтығы немесе мінез-құлық, пәлсапа, идеология ережелерінің жиынтығы болып табылады деген пікірді ұстанады.



Алайда, бұл аңыз.

Мәсіхшілік буддизм, ислам, конфуцианизмге мүлдем ұқсамайды. Соңғы үш діннің негізін салушылар негізінде былай деген: «Мен мына нәрселерге үйретемін. Менің тәліміме сеніңдер. Менің пәлсапамның соңынан еріндер». Ал, Иса: «Менің соңымнан еріндер» — деді (Мат. 9:9).

Дүние жүзілік діндердің жетекшілері: «Сендер менің ілімім туралы не ойлайсыңдар?» — деп сұрайды. Ал, Иса: «Ал, сендер Мені кім дейсіңдер?» — деп сұрады (Лұқа. 9:20, туындыгерлердің курсиві).

Белгілі бір діндердің жақтаушыларының көпшілігі өздеріне мынадай сұрақты қоюы қажет: «Мен қандай идеологияны ұстанамын?». Әлеуетті мәсіхші өзінен: «Ендеше Мәсіх деп аталған Исаға не істейін?» — деп сұрауы қажет (Мат. 27:22).

Мәсіхшілік дін емес. Бұл өзара қарым-қатынастар.

Мәсіхшілік нанымдар (діншілдік) жүйесі немесе доктриналар жиынтығы емес. Бұл жерде ең бастысы — Жеке Тұлға.

Міне, сондықтан да Исаның сотталуы — жалғыз бірегей сот болды. Өйткені сот істерінің көпшілігіндегі айыптау, айыпталушы жасаған іс-әрекеттің негізінде құрылады ғой. Ал, Исаны Оның Кім болғанына қарап соттады.

Ізгі хабарды жазған Марқа, Исаны жоғарғы соттың алдында соттаған кезді сипаттағанда, ол сотта бірнеше жалған куәгерлердің қатысқанын айтады, бірақ олардың берген түсініктемелері қарама-қайшы және сенімді болмағанын атап өтеді. Содан кейін Марқа былай деп жазады: «...Бас діни қызметкер Оған тағы да сұрақ қойып: — Сен Мадақталғанның рухани Ұлы — Мәсіхсің бе? — деді?»

Сонда Иса «Мадақталғанның» деген сөзге үн қатып: «Мен Солмын» — деп жауап берді, бұл сөз яһудилер үшін тікелей Құдайға нұсқайтын сөз еді.

Сонда бас діни қызметкер жоғарғы сот үкім шығарады деп күтіп отырмастан, шапанының өңірін айыра жырттып тастады, ол осы әрекетімен Исаның Құдайға тіл тигізгенін және Өзін Құдай деп жариялағанын түсіндіргісі келді.

Осылайша, соттағы келіспеушілік Мәсіхтің жеке тұлғасы туралы — Ол Кім болды екен деген сұрақты туғызды? Міне, осы мәсіхшілікті ерекшелендіретін белгі болып табылады. Бұл идеология емес;



мәсіхшілік Мәсіхтің жеке тұлғасына негізделген жəне Онымен өзара қарым-қатынаста болуды талап етеді.

Мәсіхшілік сенімнің сенімділігі, шынайылығы, Иса Мәсіх — Құдайдың Ұлы, Құтқарушы екендігімен расталады. Сол үшін Иса мен парызышылдардың арасында келіспеушілік пайда болды. Парызышылдар, ең маңыздысы — Таурат Заңын, Киелі кітаптық қағидаларды қатаң сақтау болып табылады деп ойлады. Ал, Иса шын мәнінде былай деді: «Жоқ, бұл олай емес. Заңға бағыну, Менімен өзара жеке қарым-қатынастардың көрінісі болуы қажет. Менің ілімімді орындау сендерді мәсіхші етпейді. Бұл сүйіспеншілікке негізделген Менімен өзара жеке қарым-қатынас болған кезде ғана, мүмкін болады».



Өзің көз жеткіз

Мәсіхшілік идеология деген аңыздың қисынсыздығын дәлелдеу үшін, келесі тапсырманы орында.

Матай жазған Ізгі хабардың 26-тарауы 63–65 аяттарын оқып шық. Бас діни қызметкер Исадан Оның Кім екені жəне не істегені туралы сұрады? Иса не деп жауап берді? Бас діни қызметкер Оның жауабына орай қалай әрекет етті?

Марқа жазған Ізгі хабардың 15-тарауы 37–39 аяттарын оқып шық. Жүзбасы Исаның айқыштағы өлімінің куәгері болғанда, не деді? Оның сөздері Исаның тәлімі туралы болды ма, әлде Оның Өзі туралы болды ма?

Матай жазған Ізгі хабардың 27-тарауы 41–43 аяттарын оқып шық. Исаны мазақ еткен адамдардың сөзіне сәйкес, Ол Өзі туралы не айтты?

22.

Парасатты адамдарға кіруге тыйым салынған!



Ақылды адам мәсіхші бола алмайды деген аңыз

Вальдо қатты ойға шомып, көше бойында асықпай жүріп келе жатты. Ол қауымға қарай бет алған еді. Ол тым ұзақ уақыт бойына Құдайдан қашып жүрдім, енді бәріне шек қоятын кез келді деп ұйғарды.

«Бұлай жалғаса беруі жарамас, — деп ойлады ол. — Мен кінәлі екенімді жете түсініп, менің өмірімде бір нәрсе жетіспейтінін сезініп өмір сүре алмаймын, бұл айып сезіміне бұдан артық төзе алмаймын».

Осындай оймен ол бұрышта орналасқан, өзінің сүмбілері мен мұнарасымен көкке ұмтылған, тастан соғылған қауымға қарай адымдап келе жатты.

«Әдемі ғимарат, — деді ол өзіне-өзі. — Қазіргі кезде бәрі тұрғызып жатқан көкке тірелген, көп қабатты шыныдан жасалған үйлерге ұқсамайды».

Бірнеше мақаладан өтіп, ол қауымның алдына келді. Ол өзін тыныштандыруға, қобалжуын басуға тырысып, орасан үлкен ағаштан жасалған есіктің алдында сәл тұрды. Ақыры, ауыр күрсініп, баспалдақпен ішке қарай кірді.

Ішке кірген соң, оның көздері күннің жарық сәулесінен кейін қауым залының әлсіз жарығына үйренуі үшін, ол кіре берістегі есіктің алдында біраз іркіліп тұрып қалды.

«Кіргіңіз келе ме?»

Деген дауыс Вальдоны селк еткізді. Ол ғимараттың ішіне кірген кезде, әйелді бірден байқамады және дауысты естіген жаққа қарай бұрылды. Оның алдында кішкентай, аздап бүкірейген, ақ шашты, шашын желкесіне жинаған әйел тұрды.

«Сіз кіргіңіз келе ме?» — деп қайталады ол.

«Иә, — деп жауап берді Вальдо, — кіргім келеді».



«Онда қайырыңызды берсін, өз ақыл-ойыңызды беріңізші».

Вальдо өзінің қағыс естігеніне сенімді болды. Алайда, ол өзінің сөздерін қайталады және бұл жолы олар өте анық естілді.

«Өз ақыл-ойыңызды тапсырыңызшы, өтініш».

«Менің ақыл-ойым?»

«Иә. Сіз қауымға кіріп келе жатырсыз ғой, солай ма?»

Вальдо басын изеді.

«Сіз Мәсіхтің соңынан еремін деп ұйғардыңыз ба? Мәсіхші болуды?»

«Иә», — деді ол.

«Олай болса, сіз өз ақыл-ойыңызды осы жерде қалдыруыңыз қажет. Ол сізге бұдан былай қажет болмайды. Біз оған сіздің есіміңіз жазылған тақтайшаны іліп қоямыз. Ол бұл жерде сақтаулы тұрады. Алаңдамаңыз, біз әрқашан осылай істейміз. Егер сіз мәсіхші болуды ұйғарған болсаңыз, онда сіздің өз ақыл-ойыңыздан бас тартуыңызға тура келеді».

Әрине, Вальдомен болған бүкіл оқиға — ойдан шығарылған. Алайда, бұл бізге адамдар мәсіхші болу нені білдіретіні туралы ойлаған кезде, көптеген адамдардың әдеттегі ойын сипаттауға көмектесті. Олар мәсіхшілікке бет бұру үшін, өз ақыл-ойынан бас тарту қажет деп ойлайды, басқаша сөзбен айтқанда, өзінің зиятынан бас тартып, оңтайлы, қисынды ойлауды тоқтату қажет деп ойлайды.

Бұл аңыз.

Адамзат тарихындағы ұлы ақыл ой иелерінің көбісі мәсіхшілер болды. Олардың арасында елші Пауыл, Августин, Мартин Лютер, Джон Кальвин, Джон Беньян, Дитрих Бонхоффер, Фрэнсис Шеффер бар.

Мәсіхші болу — бұл өзінің зиятымен мәңгі қарама-қайшылықта өмір сүру дегенді білдірмейді. Бұл оны көбірек кемелді, біртұтас етеді дегенді білдіреді. Адам мәсіхші болғанда, ол жиі бір-бірімен байланысы жоқ оғаш бөліктерден тұратын сияқты болып көрінген қоршаған орта, бір үйлесімді біртұтас ортаға жиналғанын бірден көреді.

Өзінің өмірбаянында К. С. Льюис, жас жігіт кезінде Ізгі хабардан қашқақтап, ашумен қарсы шыққаны туралы айтып береді, өйткені ол мәсіхшілік зиятсыз жүйе деп санаған. Алайда, бұл кедергі құлады



және ол «қуаныштан таң қалды». Ол Құдайға бет бұру оның санасын жалындатқанын және оған шығармашылық күш бергенін байқады. Ол мысалы, «Баламуттың хаттары» және алты бөлімнен тұратын, бәрі сүйіп оқитын «Нарнидің әңгімелері» деп аталатын өзінің әдеби еңбектерінің арқасында танымал болды.

Лью Уоллес өзінің бірегей, сирек кездесетін зиятты және шығармашылық қабілеттерін пайдаланып, мәсіхшіліктің дәрменсіздігін дәлелдеуді ұйғарды, алайда Ізгі хабардың құдыреті туындыгерді сенімге әкелді, ол «Бен Гур» деп аталатын классикалық шығарманы жазды.

Британдық заңгер Фрэнк Морисон Иса Мәсіх өлімнен қайта тірілді деген шындықты теріске шығаратын кітап жазуға ниеттенді. Ол өзінің алдына қойған мақсатына қалайда қол жеткізуге тырысып, егжей-тегжейлі зерттеу жасап, тарихи дәлелдерді жинақтады. Ақыр аяғында, оның зияты мен еңбегі Иса өлімнен қайта тірілді деген шүбәсіз қорытындыға әкелді! Осылайша, Фрэнк мәсіхші болды.

Ізгі хабар сіздің өз зиятты қабілеттеріңізден бас тартуыңызды талап етпейді. Керісінше, ол сіз Пауылмен бірге нық сеніммен: «Мен Ізгі хабар үшін еш ұялмаймын, ол — Мәсікке сенетін барлық адамдарды, ...құтқаратын Құдайдың құдіреті!» — деп айтпағанша, өз ақыл-ойыңызды барынша толығымен пайдалануыңызды талап етеді (Рим. 1:16).



Өзің көз жеткіз

Ақылды адам мәсіхші бола алмайды деген аңыздың қиынсыздығына көз жеткізу үшін, мына тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 8-тарауының 32-аятын оқып шық;

Петірдің 1-хаты 3-тарауы 15-аятын оқып шық; және Елшілердің істері кітабының 17-тарауы 2-аятынан 4-аятына дейін оқып шық.



Сонымен бірге сол кітаптың 17-тарауы 16–34 аяттарын оқып шық, бұл үзіндіде Пауылдың Афиныда болғаны туралы баяндалады, мұнда ол Ареопагте эпикурей және стоик пәлсапашылары мен ойшылдарын кездестіреді. 23-аятқа назар аудар. Пауыл афиналықтардан ақыл-ойға негізделген қисынды ойларын тастауды сұрай ма? Ол афиналықтардың ілімінде жетіспейтін нәрселерді, ол өзінің білімімен толықтыруды ұсына ма?

Афиныда Құдайға бет бұрғандардың арасында ареопаг мүшесі болған, ұлы ойшыл да болды (34 аят). Ол кім?

23.

Джефф және профессор



Соқыр сенім туралы аңыз

«Д емек, сіз мәсіхшісіз?» — деп профессор сақалын сипалап, өзін жоғары тұтып.

Колледждің бірінші курсына оқитын Джефф, жұтынып алды, өйткені ол бұл сөзді әрбір дәрісханада естіген сияқты болып көрінді.

«Олай болса, маған айтыңызшы, — деп жалғастырды профессор, — сіз Исаның өлімнен қайта тірілгенін жүз пайыз сеніммен дәлелдей аласыз ба?»

Джефф жөтеліп алуға тырысты, алайда оның жауабы бәрібір тышқанның шиқылдағанына ұқсас болып қалды: «М-м, жоқ».

«Міне, көрдіңіз бе? — деді профессор. — Соқыр сенім. Надан, білімсіз, парасатсыз, кез келген қисыннан айырылған сенім». Ол тақтаға бұрылды, ал, өзін қорланғандай сезінген Джефф үзіліске дейін қыпқызыл болып отырды, ол айтқан сөзіне опық жеді.

Мен бозбала кезімде осы жас жігіттің орнында болғанымда, мен профессормен толық келіскен болар едім. Сол кезде мен мәсіхшілік сенім — бұл соқыр сенім деп ойлайтынмын және мәсіхшіліктің дәрменсіз екендігін дәлелдеймін деген ниетпен зерттеуді ұйғарған едім. Алайда, мен неғұрлым мәсіхшілікті тарихи және Киелі кітаптық тұрғыдан көбірек зерттеген сайын, бұл ақылға қонымды, қисынды түсіндірілетін сенім екенін соғұрлым көбірек түсіне бастадым.

Иса Оның соңынан ергендерге: «Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» — деп айтты (Жох. 8:32). Ол: «Сендер ақиқатқа немқұрайлы қараңдар» — деп айтқан жоқ. Ол: «Тіпті шындық туралы ойлап аландамай-ақ қойыңдар» — деген жоқ. Ол: «Сендер шындыққа қарамастан сенулерің қажет» — деген жоқ. Ол: «Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді» — деп айтты.



Иса біздің Оған Құтқарушы және Иеміз ретінде сенім артып, зияттық жағынан өзімізді өлтіруге шақырмайды. Ол біздің ойланбастан сенгенімізді қаламайды. Мәсіхшілік сенім дәлелді деректерге және шындыққа негізделуі қажет.

Джеффтің сеніміне шақыру тастаған, профессор, егер сіз бір нәрсені жүз пайыз сеніммен дәлелдей алмасаңыз, онда оның пайдасы жоқ, шындық та жоқ деп ойлады. Ол сонымен бірге мәсіхшілік сенім соқыр, өйткені Исаның Құдайлық болмысын 100 % дәлелдеу мүмкін емес деп санады.

Бұл аңыз.

Біз оқиғалардың өрбуін алдын ала айту өте қиынға соғатын дүниеде өмір сүреміз. Бұл бір нәрсені жүз пайыз сеніммен дәлелдеу іс жүзінде мүмкін емес дегенді білдіреді, мүмкін, соның ішінде тек математика саласы ғана дәлелдеуге болатын саланы құрайтын шығар.

Көлікті жасап шығарушылар олардың жаңа үлгілері қауіпсіз екендігін жүз пайыз сеніммен дәлелдей алмайды. Алайда, көліктер көптеген қиын сынақтардан өтетіні, әбден сенімді шындық.

Сенімді қорғаушылар күдікті айыпталушы осы қылмысты жасағанын, жүз пайыз сеніммен дәлелдей алмайды. Тіпті егер олардың қолында айыпталушының өзі шын жүректен мойындаған түсініктемесі бар болса да, әрқашан күн ілгері болжанбаған жағдайлар болып тұрады. Мысалы, ол біреуді қорғау үшін, өтірік айтуы мүмкін немесе оны мойындауға мәжбүр етуі мүмкін. Алайда, сенімді қорғаушылар «кез келген күмәннен жоғары» болатын, қорытындыны шығару үшін, деректерді таразыға салады».

Дәл солай Мәсіхтің қайта тірілуі де, Оның Құдайлық болмысы да жүз пайыз сеніммен дәлелдене алмайды. Алайда, бұл мәсіхшілік сенім — соқыр сенім дегенді білдірмейді. Ол жеткілікті дәрежеде көп деректерге ие. Олар тікелей дәлелдер болып табылмайды, өйткені сол кезде олар жүз пайыз сенім бере алатын еді. Алайда, олар жеткіліксіз.

Ізгі хабарда елші Жохан: «Иса шәкірттерінің көз алдында осы кітапта жазылмаған басқа да көптеген кереметтер істеді» — деп жазады (Жох. 20:30). Ол не айтқысы келіп тұр? Ол Киелі кітапта жазылмаған басқа да көптеген кереметтер істеді және олар Оның Құдайлық болмысын растайды деп айтқысы келеді. Жохан келтірген дерек тікелей дәлел болып табылмайды. «Ал жазылғандары, — деп жазады ол келесі



аятта, — Исаның Құтқарушы Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы екендігіне сендер сенсін, әрі сенімдерің арқылы Онымен тығыз байланыста тұрып, шынайы өмірге ие болсын деген мақсатпен жазылған» (Жох. 20:31). Бұл аяттарда (30 және 31) Жохан куәліктер шын мәнінде, тікелей дәлел болып табылмайды, алайда олар жеткілікті деп айтады.

Француз математигі, пәлсапашы әрі ғалым Блез Паскаль, мәсіхшілік сенім — егер адам оған қарсы емес болса, кез келген адамды сендіру үшін, жеткілікті дәрежеде деректер мен куәліктерге ие деп айтты.

Ал, өзі Құдайға бет бұрғысы келмейтіндер үшін, ешқандай дәлел ешқашан жеткілікті болмайды.



Өзің көз жеткіз

Соқыр сенім туралы аңыздың қисынсыздығын дәлелдеу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 20-тарауы 30, 31 аяттарын оқып шық. Жохан Иса «Құтқарушы Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы» екендігі туралы куәлікті не үшін жазды? Қалайша «Онымен тығыз байланыста тұрып, шынайы өмірге ие болуға» болады? Неге (немесе кімге) сену арқылы?

Лұқа жазған Ізгі хабардың 1-тарауы 1–4 аяттарын оқып шық. Ізгі хабарды (3 аятта) сипаттау үшін, Лұқа қандай сөздерді таңдап алды? Байқашы, Лұқа өзінің Ізгі хабарын Теофил деген кісіге арнап жазады. Исаның өмірі мен Оның ілімін «рет-ретімен жазып беруден», Лұқаның өзі қандай нәтиже күтеді?

«Сен үйренген осы ілімнің берік негізіне әбден көз жеткізе алуың үшін», осы куәліктерді «ұқыпты зерттеу» сен үшін мақсат болды ма?»

24.

Авраам Линкольн және таңғы сағат 10 белгіленген тарих пәні бойынша емтихан



Ғылыми дәлелдердің қажеттілігі туралы аңыз

«Бір минут күте тұрыңыз, мырза».

Мен жаңа ғана беделді американдық университеттердің бірінде дәріс оқуды аяқтадым, сөйтіп тыңдалған материалдар бойынша сұрақтар бар ма деп сұрадым, сол кезде дәрісхананың артқы қатарының бірінен дауыс шықты.

«Мен аспирантпын және ғылыми жұмыспен шұғылданамын, — деді жас жігіт, — сондықтан ғылыми тұрғыдан дәлелденбейтін сенімді қабылдай алмаймын. Сіз Иса Мәсіхтің қайта тірілу дерегін ғылыми тұрғыдан дәлелдей аласыз ба?»

«Жоқ», — деп жауап бердім мен.

Аспирант өзіне-өзі риза болып, тоқмейіл кейіппен мәз болып күлді.

«Әрине, — деп жалғастырдым мен, — өйткені, сіз тіпті өзіңіздің жеке пікіріңіздің шынайылығын ғылыми тұрғыдан дәлелдей алмайсыз ғой».

Ғылыми дәлел бақыланатын жағдайда бірдей әрекетті көп рет қайталайды, оны бақылап, мәліметтерді тіркейді және осының негізінде қорытынды жасағанда құрылады. Ғылыми дәлел — бұл ғылыми тәжірибе мен бақылаудың нәтижесі.

Міне, мысалы, ғылыми тәжірибе қалай құрылады. Ақ халатты еркектер мен әйелдер зертханаға кіреді: әйелдің қолында папкасы мен қарындашы бар, ал, еркектің қолында қатты дененің бір кесегі бар. Еркек қраннан алынған кәдімгі су толтырылған, шыны ыдысқа ақ затты салады. Зат тез арада судың бетіне қалқып шығады. Әйел нәтижелерді жазуға арналған қағазға бір нәрселерді жазады.

Ол қайтадан ыдыстың ішіне затты салады. Ол қайтадан судың бетіне қалқып шығады. Әйел қайтадан жазады.



Ол затты ыдыстың ең түбіне батырады. Зат қайтадан судың бетіне қалқып шығады. Әйел жазып алады.

Ол затты батырады. Зат судың бетіне қалқып шығады. Әйел жазады.

Бақыланатын жағдайда осы тәжірибені бірнеше рет орындаған соң және нәтижелерді тіркеген соң, ғалымдар пілдің сүйегінен жасаған сабын судың бетінде тұр деп қорытынды жасайды. Бұны ғылыми тұрғыдан дәлелденген деп санауға болады.

Өкінішке орай, көптеген адамдар егер сіз ғылыми тұрғыдан бір нәрсені дәлелдей алмасаңыз, онда бұл жалған немесе күмәнді деп болжайды.

Алайда, бұл аңыз.

Ғылыми әдіс — бір нәрсені дәлелдеудің жалғыз әдісі емес. Егер де бұл осылай болса, онда сіз Авраам Линкольн бір кездері Құрама Штаттардың елбасы болғанын дәлелдей алмас едіңіз, өйткені бұл оқиға қайталанмайды. Ол тек өткен шақта болған.

Дәл солай сіз өткен аптада жұма күні таңғы сағат 10 тарих пәні бойынша өте қиын емтихан болғанын ғылыми тұрғыдан дәлелдей алмайсыз. Сіз бақылау өткізілетін, бақыланатын жағдайда, мұны бірнеше рет қайталай алмайсыз, ал мәліметтер тіркелген. Бұл бір рет болды. Бұл тарих.

Алайда, Авраам Линкольннің тіршілік еткен немесе өткен аптада жұма күні сағат 10 тарих пәні бойынша өте қиын емтихан болды деген деректерді ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мүмкін емес болса, бұл мұндай оқиғалар болмады дегенді білдірмейді. Алайда, олар өткен шақта орын алған деректі дәлелдеуге болады. Және олардың шын мәнінде болғанын дәлелдеуге болатын әдіс, «тарихи деректерді анықтаудың заңды әдісі» деп аталады немесе ең жақсы, «куәгерлік айғақтар әдісі» деп айтуға болады.

Оқиға шын мәнінде болды деген деректі, үш түрлі дәлелдерді қарап шығып, куәгерлік айғақтар әдісімен дәлелдеуге болады: ауызша куәгерлік түсініктемелер, жазбаша куәгерлік түсініктемелер және заттық дәлелдер. «Айғақтар» күн сайын бүкіл дүние жүзіндегі соттарда ұсынылып жатыр және бұл кез келген тарихи оқиғаның шын мәнінде болғанын растайтын дәлелдің жалғыз түрі болып табылады.

Мысалы, шын мәнінде осындай (куәгерлік айғақтар әдісімен), американдық елбасы Авраам Линкольн болғанын қалай дәлелдеуге



болады? Егер де оның басшылығындағы куәгерлерді табу мүмкін болса, онда сіз оны білетін, оны кездестірген және оның айтқан сөздерін естіген адамдармен сұхбаттасқан болар едіңіз — бұл ауызша куәгерлік түсініктемелер болар еді. Сіз ол жазған хаттардың көшірмесін, оның өлімі туралы хабарлаған газеттерді және ол туралы кітаптарды жинақтаған болар едіңіз — бұл жазбаша куәгерлік түсініктемелер болар еді. Ең соңында сіз заттық дәлелдерді ұсынатын едіңіз — оның жеке қалта сағаты, оның өзінің суреті және оның дүниеге келген жері, тіпті оның қант салған ыдысын ұсынатын едіңіз.

Сізде өткен аптада шынымен жұма күні сағат 10 тарих пәні бойынша емтихан болғанын қалай дәлелдеуге болады? Куәгерлік айғақтар әдісімен: сіздің оқытушыңыз бұл туралы куәлік берген болар еді, сіз мерзімі мен бағасы қойылған, өзіңіздің емтихан жұмысыңызды ұсына алар едіңіз (егер, әрине, оны ата-анаңыздан жасыруға тура келмесе), ең соңында, сіз емтихан уақытында мектептегі фотографтың түсірген суретін табуыңызға болар еді және т.с.с.

Ғылыми әдіс шектеулі. Оның көмегімен бұрын болып өткен оқиғалардың шынымен болғанын дәлелдеу мүмкін емес. Ватерлоода Наполеон жеңіліске ұшырағанын, XVII ғ. Лондондағы бубондық оба ауруы 150 000 адамның өмірін әкеткенін, Исаның өлімнен қайта тірілгенін дәлелдеу мүмкін емес, өйткені бұл оқиғаларды бақылау өткізілетін, бақыланатын жағдайда қайталау, мәліметтерді тіркеу және олардың негізінде қорытынды жасау мүмкін емес.

Алайда, тарихи оқиғалардың шын мәнінде болғанын, ауызша, жазбаша және заттық дәлелдерді ұсынып, куәгерлік айғақтар әдісінің көмегімен дәлелдеуге болады, олар оқиғаның болғанын күмәнсіз анықтайды.

Осылайша, Исаның қайта тірілгені туралы ой жалған және күмәнді болып табылады, өйткені бұл ғылыми тұрғыдан дәлелдене алмайды — бұл аңыз. Исаның өмір мен қызметі, Оның жасаған кереметтері және Оның өлімнен қайта тірілуі, бұл деректер дәлелдене алады — және дәлелденді — куәгерлік айғақтар әдісімен дәлелденді.



Өзің көз жеткіз

Ғылыми дәлелдердің қажеттілігі туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 20-тарауы 1–9 аяттарын оқып шық. Бұл аяттарда Исаның қайта тірілуі туралы қандай заттық дәлелдер атап көрсетілген?

Жохан жазған Ізгі хабардың 20-тарауы 10–29 аяттарын оқып шық. Осы аяттарда Жохан Исаның қайта тірілгеніне орай әр түрлі әрекет еткен, оқиғаны көзімен көрген неше кісіні атайды?

Осы тараудың 30, 31 аяттарын оқып шық. Осы аятта куәгерліктің қандай түрі атап көрсетілген?

Соңында, Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 15-тарауы 3–8 аяттарын оқып шық. Осы аяттарда қайта тірілудің неше куәгерлері атап көрсетілген?

Сен куәгерлік айғақтар әдісі туралы білгенінді назарға ала отырып, Мәсіхтің қайта тірілуінің басқа да дәлелдерді келтіре аласың ба?

25.

Бұқтырылған қызанақ және кроссовки



Миын айналдарып қойғаны туралы аңыз

Көптеген адамдарда мәсіхшілікке бет бұру — бұл дәлелді сөздер мен сезіммен айтылған мәсіхшілік «аңыздардың» көмегімен адамның «миын айналдырып қойғаны» сияқты, ерекше психологиялық әсердің нәтижесі деген ой қалыптасқан. Олар мәсіхшілер бүтіндей қиялмен өмір сүреді деп ойлайды. Басқаша сөзбен айтқанда, өздерін және басқаларды егжей-тегжейлі өңделген зиятты ойындармен ақымақ қылады, олар мінез-құлықтағы бірқатар өзгерістерге әкеледі деген пікір қалыптасқан.

Бұл аңыз.

Тарих сабағында бір қызу талас-тартыс кезінде, мен өзімнің қалай Мәсіхке бет бұрғаным туралы айта бастадым. Мен өз әңгіmemді аяқтауға шақ қалғанда, мұғалім:

«Тыңдаңызшы, Макдауэлл, бізді куәліктер емес, нақты деректер қызықтырады. Мен мәсіхші болғаннан кейін, бүкіл дүние жүзінде өмірлері өзгерген көптеген адамдарды кездестіргенмін», — деді.

«Рақмет, — дедім мен. — Менің әңгіmemді қысқаша аяқтауыма рұқсат етіңіз, ал, сосын мен сіздің ескертуіңізге жауап беремін».

Бірнеше минуттан соң, мен мұғалімнің ескертуіне қайта оралдым.

«Көптеген адамдар бірдей мазмұнсыз сұрақты қояды: „Мәсіх сіздің өміріңізді өзгертсе, не болыпты?“ Мен бұл сұраққа жауап беруге тырысып көрейін.

Мен үшін Иса Мәсіх екі мың жыл бұрын шынымен қайта тірілгені, адамдардың өмірінде сенім пайда болып, олар Иса Мәсіхпен жеке өзара қарым-қатынастар орната бастаған кезде, миллиондаған адамдардың өмірі толық өзгереді деген шындықты растайды. Және осы адамдар қоғамның әр түрлі таптарына жатса да, әр түрлі ұлттың өкілдері болса да, олардың өмірі таңқаларлық жолмен бірдей өзгереді. Адам



Мәсіхке сенім артқан кезде — мейлі ол ең дарынды профессор болсын немесе ең білімсіз, надан жабайы адам болсын, бұл маңызды емес — оның өмірі өзгере бастайды.

Кейбіреулер мен тек өзім қалаған нәрсені шынымен болғандай қабылдайды деп айтады немесе бұл ешнәрсені дәлелдемейді деп айтып, жәй менімен келіседі. Алайда, мәсіхші үшін оның субъективті тәжірибесі мықты негізге — объективті шындыққа құрылған. Бұл объективті шындық — Иса Мәсіхтің жеке тұлғасы және Оның қайта тірілуі».

«Мысалы, — деді ол, сыныпқа қарап, — айталық, қандай да бір студент осы сыныпқа кіріп: „Балалар, менің оң аяғымдағы кроссовкада бұқтырылған қызанақ бар. Бұл қызанақ менің өмірімді өзгертті. Ол мен бұрын-соңды ешқашан сезініп көрмеген, тыныштық, сүйіспеншілік және қуаныш берді. Бұған қоса, енді мен секундтың ішінде жүз метрді жүгіріп өте алатын болдым“» — дейді.

Мен сыныпта отырғандарға қарап күлімсіредім.

«Егер студенттің өмірі ол айтып тұрған нәрсені растайтын болса, онда мұндай студентпен таласу қиын. Әсіресе, егер ол жүгіретін жолда сіздің айналаңызда жүгіріп жүрсе. Жеке куәлік жиі бір нәрсенің шын мәнінде болуының субъективті дәлелі болып табылады. Сондықтан субъективті тәжірибені орынсыз нәрсе сияқты қабылдамай қоюға болмайды.

Алайда, субъективті тәжірибенің сенімділігіне сүйеніп пікір айтудың екі өлшемі бар. Біріншіден, нақты субъективті тәжірибенің аркасында қандай объективті шындық жасырынып жатыр? Екіншіден, осыған ұқсас субъективті тәжірибеге тағы да неше адам ие болған?

Егер кроссовканың ішіндегі бұқтырылған қызанақ туралы оқиғадағы екі өлшемді де қолданса, не болар екен? Бірінші сұраққа әлгі студент: „Менің субъективті сезімдерім, менің оң аяғымда жатқан бұқтырылған қызанақпен байланысты“ — деп жауап берген болар еді.

Сонда екінші сұрақ туындайтын еді: „Осы сыныптағы, осы университеттегі, осы елдегі, осы көкжиектегі қанша адам және т.с.с. оң аяғындағы кроссовкаға бұқтырылған қызанақты салған кезде, дәл сондай сүйіспеншілікті, тыныштықты, сүйіспеншілікті сезінді және әлдеқайда тезірек жүгіретін болды?“»



Мен осы сұрақты қойған кезде, сыныпта қатты күлген дауыс естілді. Бұл түсінікті еді. Екінші сұраққа жауап айдан-анық еді: «Мұндай адамдар мүлдем жоқ!»

Алайда, келіңіздер, мәсіхшілер сезінетін нәрселерге, осы екі өлшемді қолданып көрелік.

1. Менің субъективті тәжірибемнің — менің өзгерген өмірімнің арқасында қандай объективті шындық жасырынып жатыр?

Жауап: Мәсіхтің жеке тұлғасы және Оның қайта тірілуі.

2. Осы объективті шындықпен — Иса Мәсіхтің тіршілік еткенімен бар болуымен байланысты, осыған ұқсас субъективті тәжірибеге тағы да неше адам ие болды?

Жауап: әр түрлі тектен, әр түрлі ұлттан шыққан және әр түрлі мамандыққа ие миллиондаған адамдар Иса Мәсіхке бет бұрған соң, олардың өмірі жаңа деңгейге көтерілді, олардың жүрегінде тыныштық, қуаныш және сүйіспеншілік пайда болды.

Мәсіхшілікке бет бұру — бұл миыңды айналдырып жуу бойынша өткізілген жұмыстың нәтижесі емес. Ол субъективті болса да, мәсіхшілік тәжірибе объективті шындыққа негізделген және көптеген адамдар оны таңғажайып керемет жолмен өз өмірлерінде бастан кешірді. Елші Пауыл өзінің Қорынттықтарға арналған хатында осы орасан құдыретті бастан кешіргені туралы былай деп жазады:



...Алданбандар: азғындар, жалған тәңірлерге құлшылық етушілер, неке адалдығын бұзушылар, нәпсіқұмарлар, еркекжанды еркектер, ұрылар, дүниеқоңыздар, маскүнемдер, өсекшілер және тонаушылар үшін Құдайдың Патшалығында орын жоқ! Бұрын кейбіреулерің сондай болдыңдар. Алайда сендер күнәдан тазардыңдар; енді Иеміз Иса Мәсіхтің атына сиынып Құдайымыздың Рухы арқылы Оның қасиетті халқы болып, ақталдыңдар.

Қор. 1-хат 6:9–11



Өзің көз жеткіз

Миын айналдырып қойған деген аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, Елшілердің істері кітабынан келесі үзінділерді оқып шық және Мәсіхке сенім арту арқылы өмірі өзгерген адамның есімін, ұлтын және мамандығын көрсет. Бірінші қатар мысал ретінде берілген.

	Есімі	Ұлты	Мамандығы
Елш.іст. 8:26–39	белгісіз	эфиопиялық	уәзір
Елш.іст. 9:1–9, 17–19			
Елш.іст. 10:1–45			
Елш.іст. 16:11–15			
Елш.іст. 16:22–33			

26.

Күмәнға орын жоқ

Сіз өзіңіздің
Исаның өлімнен қайта
тірілгеніне сенбейтініңізді,
қай кезде жете түсіндіңіз?

ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ



Томас сенбеуші туралы аңыз

Бейшара Тома туралы нелер жазбады, оны не нәрседе айыптамады десеңші! Әрине, Иса Мәсіхке опасыздық жасаған Яһудаға қарағанда, оның беделі онша жаман емес. Және Исаны айқыш ағашта шегелеудің қарсаңында, Иемізден үш рет бас тартқан Петірмен де оны салыстыруға болмайды. Алайда, әдетте, Исаның үш жыл бойына қызметінде Оның айналасында жүрген қалған шәкірттерге қарағанда, Томаға аз құрметпен қарайды.

Тома өзінің күмәнді беделіне Исаның қайта тірілуінен кейін бірден болған оқиғаға міндетті. Олар жиналған жерде, есік бекітілген болса да, Мәсіх кіріп келіп, шәкірттерінің орталарында тұра қалды. Алайда, олармен бірге Тома болмады. Томаға Исаның қайта тірілгені туралы жаңалықты хабарлаған кезде, ол: «...Мен Оның қолдарынан шегелердің орнын көрмесем, саусағыммен шегелердің орнын сипап, бүйіріндегі тыртығын қолыммен ұстамасам, Оның тірілгеніне еш сенбеймін» — деп жауап берді (Жох. 20:25).

Иса кейінірек Томаға көрінген кезде, Ол: «...Менің қолыма саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой және сенімсіз болмай, сенетін бол!» — деді (Жох. 20:27).

Және көптеген адамдар осы сөздерді оқыған кезде, Тома күмәнданғаны үшін, оны сынай бастайды. Олар осылай әрекет ете отырып, шәкірттерінің біреуі қайта тірілудің дәлелін көрмегенше, сенбегенін ұмытып кетеді. Бұған қоса, олардың әрбіреуі Исаның қолдары мен бүйірін көрді. Мәсіх Томаға: «Сен күмәнданбауың керек еді» — деп айтқан жоқ қой. Оның орнына Ол Өзінің шәкіртіне дәлелдерді көрсетіп, содан кейін: «...сенімсіз болмай, сенетін бол!» — деді. Және ақыр соңында, Тома бәрін өз көзімен көрді (Киелі кітапта ол әуел баста қалағандай, Исаның бүйіріне қойып көрді деп айтылмаған), ол Исаға



қарап, тарихта ұлы сенімді мойындаудың біріне айналған: «Ием менің, Құдайым менің» деген сөздерді айтты!»

Қандай да бір себептермен біз күмән — бұл кез келген жағдайда жаман деген қорытындыға келдік. «Нағыз мәсіхшілер күмәнданбайды», — дейміз біз.

Бұл аңыз.

Күмән сенімге қарама-қарсы нәрсе емес; ол — сенімнің ата-бабасы, түп-тамыры. Күмән сенімді жоймайды; ол оған жол салады. Көбінесе, Томамен болған жағдайда, күмән бізді шындыққа әкелетін түрткі болуы мүмкін.

«Барлық нанымдардың жартысына қарағанда, — шын жүректен шыққан күмәнда сенім көбірек, маған сеніңіз, — деді Теннисон».

Гордон мен Уильям Браундар «Римдіктерге арналған хат: Азаттық және рақым Ізгі хабары» деп аталатын өздерінің кітаптарымен жұмыс істеген кезде, олар «сенім шындықты іздеу арқылы өседі, ал іздеуші сұрақтар қоюы керек, ал сұрақтар „шын жүректен шыққан күмәндардан“ туындайды деп атап көрсетті. „Күмән“ деген сөз „skertikos“ деген грек сөзінен шыққан, бұл „сұрақтар қоюшы“ деген мағынаны білдіреді».

Тома сенбеуші туралы және «нағыз мәсіхшілер күмәнданбайды» деген аңыз, Киелі кітаптың негізге ие емес. Томаның тәжірибесінен біз мынадай сабақ алуымызға болады: күмән табиғи, біз өзіміздің күмәнімізде шынайы бола аламыз және Иса бізге шындықты ашқан кезде, бұл шынайы күмән сенімге әкелуі қажет.



Өзің көз жеткіз

Тома сенбеуші туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, мына тапсырманы орында.

Лұқа жазған Ізгі хабардың 24-тарауы 1–12 аяттарын оқып шық. Әйелдер Исаның қайта тірілуі туралы жаңалықты хабарлаған кезде, шәкірттерінің әрекеті қандай болды (2 аят)?



Сол кітаптың 24-тарауы 13–24 аяттарын оқып шық. Эмауска кетіп бара жатқан жолдағы адам, өздері бұрын естіген қайта тірілу туралы жаңалыққа орай қалай әрекет етті? Олар осы оқиғаның болғанына сенімді болды ма?

Келесі 25-тен бастап 35-ке дейінгі аяттарды оқып шық. Осы екі шәкірттің қайта тірілудің шынымен болғаны туралы барлық күмәні қалайша сейілді?

Осы тараудың 36–47 аяттарын оқып шық. Қайта тірілген Мәсіхті көргенде, шәкірттерінің алғашқы әрекеті қандай болды (41 аят)? Исаның қайта тірілгеніне олар қалай көз жеткізді (40, 42, 43 және 45 аяттар)?

Жохан жазған Ізгі хабардың 20-тарауы 19–29 аяттарын оқып шық. Томаның «Ием менің, Құдайым менің!» деген сөздеріне Иса не деп жауап берді? Иса біздің осыны түсінгенімізді және Оның Иеміз әрі Құдайымыз ретінде мойындауға дайын болғанымызды қалайды.

Ал, сен не нәрсеге күмәнданасың? Иса сені өзіңнің күмәндарыңнан сенімді жаңадан мойындауға әкелуі үшін, мінәжат ет.

27.

Үй өсімдіктері мінәжатқа жауап бермейді



Әркімнің өз сенімі бар деген аңыз

Келли өзінің құрбысы Хизермен ас үйдегі үстелдің басында отыр еді.

«Мен біздің әрқайсысымыз әйтеуір бір нәрсеге сенеміз деп ойлаймын. Мен мәсіхшілікпен — бәрі бітпейді деп айтқым келіп отыр. Тек сен әйтеуір бір нәрсеге сенгенің ғана маңызды деп ойлаймын».

Хизер қасын қимылдатты, бұл оған анық ойлауға көмектесетіндей сыңаймен.

«Сенің айтқаның дұрыс сияқты, — деді ол. — Өйткені мәсіхшілік те сеніммен құтқарылу идеясына құрылған ғой. Сондықтан мен де солай ойлаймын... — Ол үзіліс жасады, сосын сәл ақырын сөйлеп әңгімесін жалғастырды. — Мен сенің неге сенгенің онша маңызды емес, егер сен сенсең — соның өзі жеткілікті деп ойлаймын».

Кешір, Хизер. Кешір, Келли. Бұл аңыз.

Жақында колледждің бір мұғалімі сыныптың алдында тұрып былай деп мәлімдеді: «Мен сенімге сүйенемін. Мен сенімнің күшіне сенемін. Мен сенімнің өмірді толығымен өзгерткенін көрдім».

Алайда, бұл — мәсіхшілік емес, қайта экзистенциализм. Бұл экзистенциализмде «нанымдарға» негізгі екпін салынады және неге — немесе кімге — сенетінің маңызды емес.

Бір күні мені бір үлкен университетте өтетін, пікірталасқа пәлсапа факультетінің деканына қарсы пікір білдіруші ретінде қатысу үшін шақырды. Пікірталастар адамды экономикалық күштердің дамуының нәтижесі ретінде қарастыратын марксистік теорияға арналған болатын. Өз пікірімді білдірген кезде, мен тарихи және Киелі кітаптық сенімді берік ұстанатын адам ретінде мен үшін, Исаның қайта тірілгені шешуші мағынаға ие екенін атап өттім.



«Тындашы, Макдауэлл, — деп қарсы пікір білдіруші менің сөзімді бөліп жіберді, — істің мәнісі қайта тірілуде емес қой. Мұндай оқиға болды ма, жоқ па, онша маңызды емес. Сіз осы оқиғаның болғанына сенесіз бе, сол маңызды?»

«Мырза, — деп жауап бердім мен. — Сіз қателесесіз. Шын мәнінде, мен өзім сенетін нәрсеге шынымен сенемін бе, жоқ па, сол маңызды. Өйткені, егер мен сенген нәрсе шынайы болмаса, онда мәсіхшілік сенімге менің құқығым жоқ».

Пікірталастан кейін менің қасыма мұсылман-студент келді.

«Макдауэлл мырза, — деді ол, — мен кейбір мәсіхшілердің Мәсіхке деген сеніміне қарағанда, Мұхамедке деген сенімі әлдеқайда күштірек бірнеше мұсылмандарды білемін».

«Мүмкін, солай да шығар, — деп жауап бердім мен, — алайда, мәселе онда емес. Мәселе кімнің сенімі күшті дегенде емес, керісінше, сіздің кімге сенетінінiзде».

Сіздің сеніміңіздің құндылығы нанымның өзінде емес, сіздің кімге сенетінізде. Бәлкім, сіздің сеніміңіз жер бетінде өмір сүрген, қазір өмір сүріп жатқан барлық адамдардың сеніміне қарағанда күштірек шығар, алайда, егер сіз өз сеніміңізді, мысалы, өз бөлмеңізді көрікті ететін, гүл салынған құмыраға артатын болсаңыз, сіз Құдаймен құтқарушы өзара қарым-қатынасты орната аласыз ба? Сіз күнәларыңызға кешірім аласыз ба? Егер сіз өте қатты сенетін болсаңыз, онда неге кешірімге ие бола алмайсыз? Өйткені сіз үй өсімдігіне сенесіз!

Екінші жағынан, егер сіздің сеніміңіз адамның бетіндегі секпілдің өлшеміндей болса және сіз осы сенімді Иса Мәсіхке артатын болсаңыз, сіз Құдаймен құтқарушы өзара қарым-қатынасты орната аласыз ба? Сіз күнәларыңызға кешірім аласыз ба? Әрине, аласыз. Онда айырмашылығы неде? Сіздің сеніміңіздің нысанасында, сіз сенетін Иса түр — айырмашылық міне, осы.

Мәсіхшілік сенім субъективті емес, бұл ерекше жеке сенім, ол бүтіндей объективті. Міне, сондықтан да елші Пауыл былай деп жазды:



Ал, егер Мәсіх тірілмеген болса, сенімдеріңнен еш пайда болмай, күнәларың әлі де мойындарыңда қала берер еді.

Қор. 1-хат 15:17



Пауыл субъективті сенімде — сіздің қаншалықты қатты сенетінін маңызды емес, — күнәлардан құтқарылу жеткіліксіз екенін мойындады. Сіздің сеніміңіз қайта тірілген Иса Мәсіхке деген сенімге айналған кезде ғана, сіз «Құдайдың рақымымен... сенім арқылы» құтқарыласыз (Еф. 2:8, туындыгерлердің курсиві). Сізді сенім құтқармайды; сізді Иса Мәсіх құтқарады.



Өзің көз жеткіз

Әркімнің өзінің сенімі бар деген аңыздың қисынсыздығын дәлелдеу үшін, мына тапсырманы орында.

Жохан жазған Ізгі хабардың 3-тарауы 16-аятын оқып шық. Біз мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін, осы аяттағы «Оған» деген сөздің қаншалықты маңызды екеніне назар аудар.

Жохан жазған Ізгі хабардың 8-тарауы 24-аятын оқып шық. Осы аятта Иса тек сену маңызды екенін түсіндіре ме, әлде Оған сену маңызды екенін түсіндіре ме?

Елшілердің істері кітабының 16-тарауы 30 және 31-аяттарын оқып шық. Філіпідегі түрме бастығына айтқан Пауылдың сөздері бойынша, ол неге (кімге) сенуі қажет?

Римдіктерге арналған хаттың 3-тарауы 22-аятын тауып, қалдырып кеткен бос орындарды негізгі сөздермен толтыр: «Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де _____

_____ Иса Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды...»

28.

Күнә, екіжүзділік және Билли Грэм



Элмер Гентри туралы аңыз

Элмер Гентри — Синклер Льюистің әйгілі аттас романының бас кейіпкері. Гентри — ашкөз, азғын нәпсілі және екі жүзді кісі — бір тәлімді үйретіп, бірақ басқаша әрекет ететін уағыздаушы болды. Оның сөздері, уағыздары және бүкіл өмірі түгел екіжүзділік пен алдамшылыққа толы болды.

Соңғы жылдары Элмер Гентридің ойдан шығарылған бейнесін қауымдағы бірнеше танымал уағыздаушылар мен қызметшілердің беделіне нұқсан келтіретін жанжалдармен байланысты жиі еске алады. Джим Беккердің некеден тыс байланыстары туралы және соның нәтижесінде болған жанжалды басып тастауға тырысқаны, бәріне мәлім болған кезде, оның атақ-даңқы тез арада маскараға айналды. Болған жағдай туралы білген кезде, Джимми Своггарт Беккер туралы орынсыз сөздер айтып оны айыптады, алайда, оның порнографиямен әуестігін мойындауға мәжбүр еткен кезде, оның сөздері сол сәтте-ақ мағынасыз болып қалды. Баспасөздің арқасында осы және басқа да жанжалдарға көбірек назар аударылған жағдайлардың бәрі, көптеген адамдардың Элмер Гентри туралы аңызға сенуіне, қауымдағы уағыздаушылардың, қызметшілердің және мәсіхші жетекшілердің көпшілік бөлігі — азғындар және екіжүзділер деген пікірге сенуіне әкелді.

Соған қарамастан, осыған ұқсас оқиғалардың айналасында айқай-шу көтеретін, барлық газеттер, журналдар мен телебағдарламалар, неге екені белгісіз, өз мүддесінен бас тартып, Құдайға адал қызмет еткен және қызмет етуді жалғастырып жатқан, Ізгі хабар таратушылар мен уағыздаушылар туралы ешнәрсе айтпай, айналып өтіп кетеді. Джимми Своггарттың күнәсі мен оның өзінің шайқалған жағдайы қайтадан қалпына келтіруге талпынысы, Қауымның игілігі үшін өз мүддесінен



бас тартып, елу жыл бойына еңбек еткен Билли Грэмнің алдында мүлдем солғын тартады. Оның уағыздарын миллиондаған адамдар естіді, ал оның өмірі ол үйреткен тәлімге ешқашан қайшы келмеген. Алайда, соған қарамастан, Грэм өзінің қызметінің басынан бастап, «қандай да бір әрекетімен Құдайды ренжітуге — қорқатын — және бұрынғысынша әлі қорқатынын — мойындады».

Билли Грэм, Луи Пало, Чарлз Колсон, Досон Макаллистер және Чарлз Суиндолл — міне, бұлар орасан көп мәсіхші жетекшілердің тек азғантай бөлігінің есімдері ғана, олардың өмірлері өздері үйреткен ілімінің тікелей көрінісі болған. Біздің қоғамымыз Элмер Гентри туралы және қауымдағы уағыздаушылар мен қызметшілердің арасында екіжүзділер толып жатыр деген аңызға шын жүректен сенеді деген ой қалыптасады. Алайда, бұл аңыз.

Елші Петір бірінші ғасырдағы мәсіхшілерге былай деп ескертті: «...жалған пайғамбарлар да пайда болады». Ол сонымен бірге «оларға бола ақиқат жолы масқараланатын болады» деп қосты (Пет. 2-хаты 2:1, 2). Міне, сондықтан да әзәзіл Элмер Гентри туралы аңызды таратуға тырысып, бар ынтасымен жан сала жұмыс істеуде. Ол шындықтың масқараланғанын қалайды, Құдайға қызмет ететін ерлер мен әйелдердің уағыздары, басқалардың күнәсімен және екіжүзділігімен масқара болғанын, абыройы төгілгенін, беделі түскенін қалайды.

Алайда, мұны басқалар істей алатынына қарамастан, шындық әрқашан шындық болып қала береді. Біз бәрібір құтқарылуды Құдайдың рақымымен Иса Мәсіхке сену арқылы аламыз. Және Құдайдың бұрынғысынша «сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлерінде өз алдына тұрғызуға» билігі бар (Яһуда. 24).

«Сонымен, — деді Петір, — ...сақ болындар: ұяты жоқ, тура жолдан адасқан адамдарға ілесіп, берік негіздеріңнен айырылып қалып жүрмеңдер! Қайта, Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беріңдер! Оның ұлылығы қазір де, мәңгілікте де даңқтала берсін! Аумин» (Пет. 2-хат 3:17, 18).



Өзің көз жеткіз

Элмер Гентри туралы аңыздың қисынсыздығына көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Філіпіліктерге арналған хаттың 1-тарауы 15–18 аяттарын оқып шық. Пауыл «Мәсіхті ақпейілден емес, өз абырой-атақтары үшін уағыздайтындар» туралы не деді? Оның пікірі бойынша не нәрсе бәрінен маңызды?

Қорынттықтарға арналған 2-хаттың 11-тарауы 3–15 аяттарын оқып шық. Пауыл қорынттықтар «өңдерін айналдырып, Мәсіхтің елшілері болып көрінген» жалған елшілердің соңынан еріп, «Мәсіхке деген адалдық пен пәк берілгендіктеріңнен ауытқытып жүрмесін» деп қауіптенеді. Пауылдың сөздері бойынша, мұндай жағдайлардың болып жатқаны, неліктен оны таңқалдырмайды?

Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 4-тарауы 16 және 17-аяттарын оқып шық. Пауылдың басқаларға менен үлгі алындар деп айтуға негізі бар еді! Неліктен ол бұл туралы осындай нық сеніммен айта алды? (17 аятты қараңыз).

Сіз көрнекті мәсіхші жетекшілері жанжалды оқиғаларға қатысқанын көрген кезде, біз, Пауылдың сөзі бойынша, өзімізге сақ болуымыз қажет. Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 10-тарауы 12-аятын оқып шық. Бұл аят бойынша, осы қайғылы оқиғалар бізге қалай ықпал етуі қажет?

29.

Жыланның арам ойлы уәдесі



«Жаңа дәуір» қозғалысы туралы аңыз

Бір дүкенде шашы бұйра-бұйра бір әйел байсалды кейіппен өзінің құрбысына «сиқырлы кварцтен жасалған кристаллдың» таңқаларлық сауықтырушы күші туралы айтып тұр екен. «Міне, бір жылдан асып қалды, мен тұмауратып жатып қалған жоқпын, менің тіпті басым да ауырған жоқ», — деп мәлімдеді ол.

Байсалды, түрі тартымды ер кісі, музыкалық дыбыстар мен суреттердің көмегімен жануарлар әлемінің бірқатарымен (киттермен, дельфиндермен, құстармен) сөйлесе аламын деп сендірді.

Жоғары лауазымда отырған, көрікті ер кісі шешім қабылдаған кезде, көне қытай қағидаларын басшылыққа алатынын айтты, ал, жасы жетпіс бір жасқа келген, сүйкімді әже он бірінші ғасырда Рим-католик қауымында тақуа әйел (монашка) болғаны туралы «естеліктерімен» бөлісті.

Діни ұстаз, басқа ғаламшарлық, көзбояушы (гипноз), жұлдызды кескін, шығыс пәлсапасы — мұнда бәрі бар. «Жаңа Дәуір» қозғалысы (қысқаша «ЖД») — бұл бәлкім, Ширли Маклейн «Дүниенің бір шетінде» («Out on a Limb») деп аталатын кітаптың (теледидар бағдарламаларының топтамасының) арқасында кеңінен танымал болған, әр түрлі идеялар мен нанымдардың бүкіл жиынтығы болар.

«ЖД» қозғалысы — бұл дін немесе қандай да бір топ емес, ақыл-ой шабытын бағыттау, дүниетаным; оған әр түрлі идеялар мен ұғымдар кіреді. Және ЖД» қозғалысының нені білдіретінін, бір сөзбен қисындастыру мүмкін емес болса да, оның жақтаушыларына тән бір пікірді қорытындылап шығаруға болады. Олар Құдай барлық нәрседе, біз бәріміз — Құдаймыз және біз сана-сезімімізді өзгертіп, өз бойымызда осы «құдайды» (онымен бірге шексіз мүмкіндіктерді) іздеп таба аламыз деп болжайды.



Бұл аңыз.

Қазіргі кезде шектен тыс танымал болған, теледидар бағдарламаларымен және орасан үлкен данасы таратылып жатқан, кітаптардың топтамасы арналған, ЖД» қозғалысында», ешқандай жаңа нәрсе жоқ. Оның түп-тамыры Едем бағының заманынан басталады.

Жаратылыстың басталуы кітабында шайтан жыланның кейпін қабылдап, Адам Ата мен Хауа Ана тыйым салған жемісті жесе, онда олар «ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласындар!» деп уәде бергені туралы айтылған. Алайда, жартылай шындықты ойлап табушы шайтан алдады. Өйткені олар жамандық пен жақсылықты білгенмен (ал, күнәға батқан сәтке дейін олар тек жақсылықты ғана білген), олар құдай болған жоқ.

ЖД» қозғалысы адамдар бұрынғыдай дәл сол қателікті қайталап жатыр деп тікелей куәлік етеді. Төрт жүз жыл бұрын Монтень былай деп атап көрсетті: «Адам шынымен ақылсыз. Ол тіпті ең болмашы кішкентай нәрсені жасай алмады, алайда, ол құдайларды көптеп жасап жатыр».

Алайда, Құдайдың Сөзі ЖД» қозғалысының идеялары — бұл аңыз екенін көрсетеді. Иса туралы келесі сөздерді оқудың өзі жеткілікті:



Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра, Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта, Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан, Бас тартып, ...Ол адам секілді бұл дүниеге келді, Әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді. Өзін төмен тұтып, Құдайға мойынсұнды, Өлімге, тіпті айқыштағы өлімге бойсұнды.

Філ. 2:6–8

Басқа ешнәрсемен салыстыруға тең келмейтін, Киелі кітаптағы Ізгі хабардың мәнісі, бұл адамдар құдай сияқты болады дегенді білдірмейді, қайта, керісінше, біз мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін, Құдай «адам кейпін» қабылдап, біздің күнәларымыз үшін құрбан болды дегенді білдіреді.



Өзің көз жеткіз

«Жаңа Дәуір» қозғалысы туралы аңыздың бос сандырақ екеніне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жаратылыстың басталуы кітабының 3-тарауы 1–7 аяттарын оқып шық. Адам Ата мен Хауа Ана тыйым салған жемісті жесе, әзәзіл шайтан оларға не уәде етті (5 аят)? Олар жемісті жеген кезде, осы екі уәденің қайсысы орындалды (7 аят)? Оның құдай сияқты боласыңдар деген уәдесі орындалды ма?

Елшілер Барнаба және Пауылмен болған жағдай туралы оқып шық (Елш. іст. 14:8–18). Қалың тобыр халық олардың адамды сауықтырғанына орай қалай әрекет етті (7 аят)? Халық оларды өздерінің құдайы деп атаған кезде, екі елші не деп жауап берді (14 аят)? Өздерінің сана-сезімдерін өзгертіп, құдай бола аламыз деп мәлімдеген, «Жаңа Дәуір» қозғалысының мүшелеріне, Пауыл мен Барнаба не деп жауап берген болар еді?

Елшілердің істері кітабының 12-тарауы 21–23 аяттарын оқып шық. Халық Иродтың сөзіне орай қалай әрекет етті (22 аят)? Олар өздеріне тауып алған «құдаймен» не болды (23 аят)?

30.

Мұның бәрі не үшін менің басыма түсті екен?



**Мен
сияқтылардың
өмірінде қиындық болуы
мүмкін емес. Өйткені
мен мәсіхшімін ғой!**

Алаңсыз, бейғам өмір туралы аңыз

О н жеті жасар мәсіхші қыз Синди, оқудан бос уақытында мейрамханада жұмыс істеп қосымша ақша табатын, жұма күші кешкісін ол мейрамханадан өзінің көлігімен үйіне қайтып келе жатты. Кенеттен ол сұмдық бір нәрсені көрді — оның қарсы алдында жолдың ортасында көлік зымырап келе жатты. Синди бұрылып кетуге тырысты, бірақ қарсы келе жатқан көлік, оның «Шевролесін» келіп соқты. Қатты соққыдан Синди қайтыс болды. Оның өліміне себепші болған көліктің жүргізушісі мас болған еді.

Екі жасар Вера үйдің маңындағы бақта ойнап отырған кезде, оны ара шағып алды. Кішкентай қыздың беті сол мезетте-ақ бірден ісіп кетті. Анасы мұның қаншалықты қауіпті екенін түсініп, оны ауруханаға ала жөнелді, бірақ үлгірмеді. Вера ауруханаға жетпей, жолда қайтыс болды. Оның ата-анасы баласының араның шаққанына аллергиясы бар екенін білмеген екен.

Ең төмен тапқа жататын үндіс әйел бала босанады. Ол төрт ай бойына картоннан жасалған жәшікте өмір сүрді және жүдеуліктен соның ішінде жатып қайтыс болды. Ал, оның анасы екі ай өткен соң қайтыс болды.

Өмірде әділетсіздік өте көп: кішкентай балалар қайтыс болады, жақсы адамдар азап шегеді, кейбір мәсіхшілер адам төзгісіз азаптарды бастан кешіреді. Және осы азап шеккен адамдар, көбінесе: «Мұның бәрі не үшін менің басыма түсті екен? Мен бұған лайықты емеспін ғой! Бұл әділетсіздік!» — деп айтады.

Киелі кітаптан табуға болатын ерте заманда өмір сүрген Әйүп пайғамбардан бастап, «Жақсы адамдардың өмірінде бақытсыздық болған кезде» деп аталатын кітапты жазған ұстаз Гарольд Кушнерге дейін, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, адамдар осы сұрақты қойып келе жатыр.



Осы сұрақтың астарында жақсы адамдар, әсіресе, мәсіхшілер күрес, қайғы-қасірет және азап жоқ, бейғам өмір сүруі қажет деген ой жатыр.

Алайда, бұл аңыз.

Құдай ешқашан мәсіхшілерге бейғам, алаңсыз өмірді уәде еткен жоқ. Ол өмір оңай болады немесе жақсы адамдарға тек жағымды оқиғалар ғана дайындап қойылған деп ешқашан айтқан жоқ. Ол Өзін сүйетіндер мен Оған қызмет ететіндер үшін қолайлы жағдай жасалған тәтті өмірге кепілдік берген жоқ.

Алайда, ғасырлар бойына адамдар осылай ойлап келді. Әйтсе де, егер Құдайдың Сөзін мұқият оқитын болсақ, бұл ойлардың қате екенін көруге болады.

Исаның шәкірттері Оған неліктен адамдар азап шегеді деген мәңгілік сұрақты қойды. Олар Оған туылғаннан бері соқыр кісіні көрсетіп:

«Ұстаз! — деп сұрады олар Одан. — Мынаның соқыр болып туғанына өз күнәсі себеп болды ма, әлде ата-анасынікі ме?»

Иса: «...Оған өзінің де, ата-анасының да күнәсі себеп болған жоқ» — деп жауап берді (Жох. 9:2, 3) сөйтіп әлгі кісіні сауықтырды.

Осы жағдайды дүниеде болып жатқан көптеген бақытсыздықтар туралы айтуға болады. Кейбір адамдар азап шегеді, өйткені олар күнә жасаған, мысалы, дүкенді тонап, сол үшін түрмеге кеткен ер кісі сияқты. Басқалары басқа біреу күнә жасағандықтан азап шегеді, мысалы, ата-анасы есірткі қолданғанының кесірінен, сәби патологиямен туылады. Алайда, жер бетіндегі азаптардың көпшілігі «өзінің де, ата-анасының да күнәсі себеп болған жоқ» деген санатқа жатады.

Құдай дүниені жаратқан кезде, Ол табиғат заңдарын да жаратты: жерге тартылу заңы немесе қозғалыс заңы сияқтылар.

Біз бәріміз осы заңдар бойынша өмір сүреміз. Алайда, оқтын-оқтын біз олардың құрбанына айналамыз. Кейде жерге тартылу заңы бойынша ішінде адам толы ұшақ, жерге құлап, күл-талқан болады. Ал, кейде қозғалыс заңы апатты салдарға әкеледі, мысалы көліктер соқтығысқан кезде. Құдай табиғат заңдарын жақсы адамдар үшін өзгертпейді.

Өмірде шынында да көптеген әділетсіздіктер бар. Апаттар, аурулар, қайғы-қасірет, өлім — осының бәрі мәсіхшілерді айналып өтіп кетпейді. Шын мәнінде, Иса Өзінің шәкірттеріне берген уәде, шамамен былай болатын: «Күнәкар дүниеде қысымшылық көресіңдер». Алай-



да, сонымен бірге Ол мәсіхшілерге: «...алайда батыл болыңдар: Мен осы дүниені жеңіп шықтым!» — деп сенімділік берді (Жох. 16:33).

Мәсіхшілер азаптан құтылмаған; бірақ соған қарамастан олар азаптарға дайындалған, өйткені: «...Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» — деп айтқан Иеміз олармен әрқашан бірге (Мат. 28:20).



Өзің көз жеткіз

Бейғам, алаңсыз өмір туралы аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, мына тапсырманы орында.

Келесі үзінділерді Киелі кітаптан оқып шық. Азап шеккен адамдарды немесе халықты анықта. Олар неліктен азап шекті? Құдай оларды азаптан немесе қайғы-қасіреттен азат етті ме? Құдай олар үшін бір нәрсе істеді ме? Егер істеген болса, онда не істеді?

Елш.іст. 4:1–13, 21 _____

Лұқа. 23:32–43 _____

Қор. 1-хат 6:4–10 _____

Қор. 2-хат 12:7–10 _____

31.

Байлар — демек, бақытты адамдар



Бақыт байлықта деген аңыз

Жігіттер, бұл кісінің төрт құбыласы түгел болатын. Мектепте оқып жүрген кезінде менің досым Риччи мектепті тастап кетті. Және әрі қарай оқуға оның қабілеті жетпегендіктен тастап кеткен жоқ, керісінше, білім алғаны туралы дипломы болмаса да, ол қыруар ақша таба алатынын түсінгендіктен тастап кетті. Ол сыныптың қапырық бөлмесін тастап, зауытқа жұмысқа тұрды, ол жерде он алты жасар баланың өлшемі бойынша, оған көбірек ақша төледі.

Бұл жұмыс оның армандап жүрген нәрселерін сатып алуына мүмкіндік берді. Ол өзінің джипімен батпақты басып өтетін болды, өзінің қарда жүретін көлігінде қардың үстімен зымырады, көлдің бетінде өзінің мотор қайығымен әрлі-берлі жүзіп жүрді. Ол тапқан ақшасын оңды-солды шашты.

Мойындау керек, мен оған қызғана күншілдікпен қарайтын едім. Алғашқы кезде. Алайда, көп кешікпей оны зауыттан шығарып жіберді және жалақы болмай қалды. Жалақысымен бірге ол қолында бар затының бәрінен айырылды: қарда жүретін көлігінен, қайығынан, джипінен айырылды. Риччи бәрінен айырылды. Алайда, ең сорақысы, оның бүкіл өмірінің астаң-кестеңі шықты. Оның жүрегіне жағдайын жақсартамын деген ойдың сіңіп кеткені соншалықты, оның өмірінің мақсаты барған сайын көбірек заттарды иелену болды. Ол қайықты сатып ала салысымен-ақ, сол мезетте келесі нәрсені сатып алуды жоспарлай бастайтын. Риччи егер сен бағалы заттарды — жеткілікті дәрежеде — сатып алатын болсаң — бақыт саған міндетті түрде келеді, бақыт байлықта деген аңызға «алданып қалды».

Ерте ме, кеш пе, біздің бәрімізге осындай ойлар келеді. Сегізінші сыныпта оқитын Эймоз жақында өмірде немен шұғылданатынын



және қандай мамандықты таңдайтынын білмейтінін айтып менімен бөлісті, алайда, ең бастысы, — ол сірә, — өзіне әдемі көлік және қаланың айтулы ауданынан пәтер сатып алу үшін, көп ақша табу қажет екенін білетін сияқты.

Осы аңызды қолдау үшін, бүкіл жарнама өнеркәсібі жұмыс істейді. Теледидар, радио, журналдар сіздің қандай заттарсыз өмір сүре алмайтыныңызды үздіксіз хабарлап отырады: «Свотч», «Кельвин Кляйн», «Понтиак», «Филипс» (өмірімізді жақсы жаққа қарай өзгертейік), «Джордаш», «Сони», «Мэйбеллин» (бәрі саған сүйсініп қарайды), лазерлі күйтабак ойнатқыш, видеомагнитофондар, джип, виртуальдық ақиқат және «Эм Ти Ви». Сіз қандай да бір заттарды — «иеленіп» — сатып алып, бақытты болатыныңызға, сіздің сенуіңіз үшін, жарнама жасаушылар үздіксіз жұмыс істеуде.

Алайда, егер осылай болса, онда бақытты болу үшін, қанша ақшаға ие болу қажет? Көліктің қандай маркасы сіздің барлық армандарыңызды іс жүзіне асырады? Егер де сіздің барлық тілектеріңіз дәл қазір орындалса, сіз қолыңызды қағып: «Уф-ф! Міне, бәрі орындалды-ау, әйтеуір!» деп айтар ма едіңіз, әлде кезектегі тізімді құруға кірісіп кетер ме едіңіз?

Рухтың семсері, Құдайдың Сөзі, бақыт — байлықта емес екенін тікелей айтады; бұл аңыз. Ізгі хабарды жазған Лұқа Исаның алдын ала ескертуі туралы жазады:



...Абайландар, дүниеқор болудан сақтаныңдар! Байлығы қанша зор болса да, адам сол арқылы өз өмірінің иесі бола алмайды.

Лұқа. 12:15

Пауылдың Філіпіліктерге арналған хатта жазған сөздері, бізге бұл кісінің бақытты қайдан табуға болатынын білгенін көрсетеді. Және ол оның өмірінде болды. Ол қуанышпен былай деп жар салады:



Әрдайым Иемізбен байланыстарыңа қуаныңдар! Тағы да айтамын: қуаныңдар!

Філ. 4:4



Філіпіліктерге арналған қысқа хатта «қуаныш» және «қуаныңдар» деген сөздер он жеті рет атап өтіледі! Бақытты қайдан табуға болатынын, Пауылдың білгені, шүбәсіз.

Алайда, тоқтай тұрыңыз. Егер біз осы хаттың бірінші тарауына назар аударатын болсақ, онда Пауыл қуаныш пен бақыт туралы осы сөздердің бәрін түрмеде отырып жазғанын түсінеміз (12–14 аяттар). Біздің ойымызша, оның ешнәрсесі болған жоқ. «Свотч» сағаты да, джипі де, «Джордаш» джинсиі де, оның тіпті плейері де болған жоқ. Алайда, ол бақытты болды. Ол былай дейді:



...Мен қандай жағдай болмасын, қолдағы барды қанағат етуді үйрендім. Жоқшылықта да, молшылықта да өмір сүре аламын. Мен не тоя тамақ жейін, не аш жүрейін, молшылықта немесе мұқтаждықта болайын, қай жағдайда да қанағат етудің құпиясымен жақсы танысып алдым. Себебі маған күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсам, бәріне де төзе аламын.

Філ. 4:11–13

Бақыт сен иеленген заттарға тәуелді емес. Шын мәнінде нағыз бақыт сыртқы нәрсемен ешқандай байланысты емес. Мәсіхші бай немесе кедей болсын, оның айналасында дауыл көтеріліп астаң-кестені шығып жатса да немесе тымық, желсіз болса да, бұған тәуелсіз, ол қуана алады. Мұның себебі адамның ішкі жан дүниесіндегі Иса Мәсіх берген рухани жан тыныштықта жатыр.



Өзің көз жеткіз

Бақыт байлықта деген аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында:

Тімотеге арналған 1-хаттың 6-тарауы 9-аятын оқып шық. Бұл аятта баюға ұмтылғандар туралы не айтылған?



Тімотеге арналған 1-хаттың 6-тарауы 3–5-аяттарын оқып шық. Бұл аяттарда Пауыл Құдайға ұнамдылықты байлыққа қол жеткізудің жолы деп санайтын адамдар туралы айтады.

Осы тараудың 6 аятында Пауыл байлыққа ұмтылуға басқа ұстанымды қарсы қойып салыстырады. Оның сөзі бойынша, не «рухани байлық» болып табылады?

Еврейлерге арналған хаттың 13-тарауы 5-аятын оқып шық. Осы аятта қолда бар нәрсеге қанағат етудің себебі көрсетілген. Бұл қандай себеп? Сен қолда бар нәрсеңе қанағат етуің үшін, Құдайдың үздіксіз сенің қасыңда болуының қандай қатысы бар?

Лұқа жазған Ізгі хабардың 6-тарауы 38-аятын оқып шық. Лұқа бұл аятта ашкөздік туралы не айтты? Жомарттық туралы ше? Ол тек байлық туралы айтты ма, әлде Оның сөздерінің тағы да басқаша мағынасы бар ма? Енді сенің пікірің бойынша, бақытты болу үшін қажет нәрселерді атап шық. Шынайы бол. Сен жоғарыда айтқан нәрселердің қайсысы ақшаға тәуелді?

32.

Арсыз және жылпос Доджер



Лео Дурчердің аңызы

«Жылпос» Лео Дурчер біраз уақыт бруклиндік «Доджерс» үшін ойнады, нью-йорктік «Янки» үшін, цинциннаттік «Редстер» үшін және ХХ жүзжылдықтың 30-шы және 40-шы жылдарында сент-луисстік «Кардиналдар» үшін ойнады. Бұған қоса, ол жоғары лигада үлкен табысқа қол жеткізді. Алайда, бәлкім, Дурчер өзінің ашушаң, күйгелек мінезімен және өмірлік қағидасымен көбірек даңқы шыққан болар, сол арқылы ол өзінің мінез-құлқын ақтайтын. Бұл қағида былай дейтін: «Ереже бойынша ойнайтын адам, мәре сызығына ең соңында келеді».

Шатақ шығарғыш Дурчер команданың менеджері ретінде Ұлттық лиганың сыйына үш рет қол жеткізді. Оның командасының ойын мәнері, жиі оның өзінің мәнеріне ұқсас болып кететін. Ол жеңіске жеткісі келетін адам, төбелесуі, тырнауы, тістеп алуы, қаттырақ соғуы және басқаларды жанына бататындай ауыртуы қажет деп ойлайтын.

Алайда, бұл аңыз. Лео Дурчердің аңызы. Осындай табыспен бұл Дж. Р. Эвингтің аңызы деп аталуы мүмкін. Немесе Анджела Ченнингтің аңызы. Дегенмен, оны қалай атаса да, — ол бәрібір аңыз болып қала береді.

Орэл Леонард Хершисер IV 1988 ж. өзін дүниежүзілік чемпионат кезінде Лос-анджелесстік команданың бірінші дәрежелі питчері (доп жеткізуші) етіп көрсетті. Ол сол жылы іріктеу жарысы уақытында жиырма үш ойында ұтты; допты бірінен кейін бірін елу тоғыз рет салып, бірде-бір ұпайын жоғалтпай, үздік көрсеткішке қол жеткізіп, рекорд орнатты, үздік табыс; нью-йорктік «Метстерге» қарсы ойнаған чемпиондар лигасының ойындар топтамасында ойнағаны үшін және бейсбол бойынша АҚШ жыл сайынғы чемпионатында оклендік «Эйстерді» «Доджерстердің» жеңіп шыққаны үшін, ең жақсы ойыншы деген марапатқа ие болды.



Бұдан басқа, оны ұлттық лиганың ең жақсы ойыншысы деп бірауыздан таныды.

Орэл ереже бойынша ойнайтындардың бірі еді. Ол мәсіхші болатын. Ол бірде-бір ұпайын жоғалтпай, үздік көрсеткішке қол жеткізген кезде, ол Құдайға алғыс айту үшін, тізерлеп отыра кетті. Бейсбол бойынша АҚШ чемпионатының мәселік ойынынан кейін, ол киінетін жерде репортерге, жүрегін орнықтыру үшін және ойын бір жерге жинақтау үшін, іштей Құдайды мадақтап ән салғанын айтты. Ал, сол күні кешкісін ұлттық теледидарда сөйлеген кезде, ол: «Бұл діни тақырыптағы бағдарлама болмаса да, менің Құдайға алғыс айтқым келеді» — деді. Және келесі маусымда ол иығынан жарақат алды, бұл оның спорттық мансабына шек қойды, оның бейсбол саласындағы табыстары, табыс жолындағы оның дарыны мен табанды еңбегінің куәлігі ретінде үздік көрсеткіштер кітабында мәңгі-бақи қалады.

Егер ереже бойынша ойнайтындар, мәреге әрқашан ең соңында келетін болса, онда Орэл қалайша көп нәрсеге қол жеткізе алды?

Киелі кітап — Рухтың семсері — Лео Дурчердің аңызын сөйілтеді, өйткені ол өтірікке құрылған.

Лео Дурчердің аңызы былай дейді: «Ереже бойынша ойнайтындар, мәреге ең соңында келеді». Ал, Киелі кітап былай дейді:



Кішіпейіл жандар бақытты: олар жерді иемденетін болады!

Мат. 5:5

Лео Дурчердің аңызы былай дейді: «Жоғарыға шығатын жолды жұдырықпен сал».

Ал, Құдайдың Сөзінде былай деп айтылған:



Жаратқан Иенің алдында бой ұсынындар, сонда Ол сендерді жоғарылатпақ.

Жақ. 4:10

Лео Дурчердің аңызы былай дейді: «Өзіңді макта. Басқалардың алдында көзге түс. Егер сен өз дегеніңе қол жеткізсең, онда сен өзіңнің қандай керемет екеніңді бәріне көрсет».



Ал, Иса былай дейді:



Өйткені өзін-өзі жоғарылатқан әркім төмендетіледі, ал өзін төмен ұстаған жоғарылатылады.

Лұқа. 14:11

Әрине, кейде ереже бойынша ойнайтындар, шынында да мәреге ең соңында келеді. Алайда, ережені бұзатындар да артта қалып кеткендердің қатарында болып қалады. Өзінің мансап жолында Дурчер үш рет жоғары командасының менеджері ретінде марапатқа қол жеткізді. Алайда, ол жиырма бір рет табысқа қол жеткізе алмады. Бірде оның командасы тіпті ең соңғы орынға ие болды.

Алайда, кейде Орэл Хершисермен жағдайында болғандай, жан сала еңбек ету, табандылық, батылдық және қарапайымдылық, ереже бойынша ойнайтындарға, мәреге бірінші болып келуге көмектеседі. Және осындай жағдай болған кезде, адал жолмен жеңіске қол жеткізді деген ойдан көбірек қанағат аласың.



Өзің көз жеткіз

Лео Дурчердің аңызының қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жаратылыстың басталуы кітабының 39-тарауы 1–6 аяттарын оқып шық. Жүсіпті Мысырға құл ретінде әкелді, алайда бұған қармастан, ол мысырлық Потифардың үйінде маңызды адам болды (нәтижесінде Потифардан да жоғарылап, күзетшілердің бастығы болды). Жүсіп осындай жоғары лауазымға қалайша қол жеткізді?

Патшалықтар 2-жазбасының 1-тарауы 1–12 аяттарын оқып шық. Бұл үзіндіде Дәуіттің Исраилдің патшасы болуына әкелген оқиғалар әңгімеленген. Ол «жеңімпаз» болып шыққанына қалай қарады?



Лұқа жазған Ізгі хабардың 14-тарауы 7–11 аяттарын оқып шық. Иса айтып берген астарлы әңгімеде тек ұлы даналық қана емес, сонымен бірге парасаттылық жатыр. Осы астарлы әңгімені өзіңіздің сөзіңізбен қалай айтып беруге болады? «_____, өзіңнің қамыңды ойлағаның жақсы және сен _____, деп ойлағанша, сенің айтқаның дұрыс болмай-ақ қойсын, өйткені бәрі керісінше болып шығады».

33.

Біз осалдармен, жасықтармен және ойрандаушы, баукеспелермен бірге жүрмейміз



Парызшылдардың аңызы

Мұндай адамдарды Американың кез келген мектеп дәліздерінен кездестіруге болады. Осалдар, салақ маймылдар, тақыр бастар. Лақап аттар өзгеріп отыруы мүмкін (сіз қай жерде тұрасыз, Лос-Анджелесте немесе Дес-Муанесте тұратыныңызға байланысты өзгереді), алайда, бұл заттардың орнын өзгертпейді. Лайықты және лайықсыз топтар бар. Және лайықсыз топқа түсіп қалмау үшін, өте абай болу қажет.

Төменде келтірілген кейбір мәліметтер, сізге қандай топтар «лайықты», ал қандай топтар — лайықсыз деп санауға болатынын түсінуіңізге көмектеседі.

Осалдар, жырық ауыздар, топастар және жарыместер: киім киюде талғамы жоқ (торкөзді жолақпен үйлестіріп кию). Ұл балалар галстук-бабочка және/немесе денеге жабысып қалған қысқа шалбар киіп жүреді. Оларға шынымен де математика мен жаратылыс тану ғылымдары ұнайды.

Тақыр бастар, топастар, дөрекі мәдениетсіз адам: милитаризацияланған тұрпаттар. Олар қару-жараққа әуестенген. Келесі соғысты сабырсыздықпен күте алмайды. «Шайқасқа аттан!» және «Жаңа шақырылғандар күзеті» деп аталатын фильмдерді көре беруден шаршамайды.

Салақ маймылдар мен автомандар: олар әңгімелескен кезде, әрқашан көлік туралы «сұлуым» деп айтады: «Менің сұлуым алпыс сегіз секундтың ішінде сығып тастайды» («Иә? Ал, мына «сұлудың» капотының астында 454»).

Майрампаз, сайқымазақ: әдеттегі сайқымазақ ойын алаңында бір аяғында тұрып, айналады, орасан үлкен кітаптың мазмұнын жаттап алады немесе статистикалық мәліметтерді компьютер сияқты жеткі-



зе алады. Алайда, сіз одан басқа нәрсе туралы сұрай қалсаңыз, оның ақылы есіктің тұтқасынан да аз болып шығады.

Әрине, бұл тізімді әрі қарай кеңейтуге болады: икемсіз, нәуетек, жаттампаз, ұрысқақ, қыңыр, нашақор. Мұның мәнісі мынада, сен бірге жұрттың алдына шыға алатын адамдар бар және сен тіпті табытта да олармен бірге жатпағаның жақсы болатын адамдар бар! Ал, егер сен ауызы жырықпен достасатын болсаң, оның бір әдеті саған өтіп кетуі мүмкін. Немесе кейбіреулер сені олармен ұқсастыра бастайды. Сен бұған жол бермейсің ғой, солай ма?!

Осындай мәселемен Иса да кездесті. Ол Таурат заңын үйретуші ұстаз болды. Ал, Таурат заңын үйретуші ұстаздар тек белгілі бір адамдар тобымен қарым-қатынас жасайтын: негізінен өзі сияқты ұстаздармен және «шектен тыс құдайшыл» адамдармен араласатын. Парызшылдар біреулері лайықты топ, ал екіншілері лайықсыз топ деп саналатын, қатаң ережелерді ерекше ынтамен жасап шығарды. Алайда, Иса бұл ережелерді бұзды. Ол лайықсыз топпен қарым-қатынас жасады. Ол салық жинаушылармен бірге ішіп-жеді. Алапестерге қолын тигізіп сауықтырды. Самариялық әйелмен сұхбаттасты (ал, бұл екі есе тыйым салынған әрекет еді).

Нәтижесінде Иса мазаққа айналды және сынға тап болды. Ол: «Мынау тамақ жеп, шарап ішуді жақсы көреді және салықшылармен, күнәкарлармен дос болып жүр!» — деген Өзі туралы айтылған парызшылдардың аңызына немқұрайлы қарады (Лұқа. 7:34).

Соған қарамастан, бұл келемеждер Исаны немқұрайлы қалдырды. Өйткені Оның ең адал достары лайықсыз топтан шыққан еді. Матай, жексұрын салық жинаушы, Оның он екі жақын шәкірттерінің бірі болды. Иса сауықтырған бейшара соқыр кедей, парызшылдардың алдында тұрып, Иса туралы батылдықпен куәлік берді. Ал, Иса жеті жынды қуып шығарған, Мағдалалық Мәриям, Оны айқышқа шегелеген кезде, Исаны тастап кетпегендердің бірі болды.

Кім біледі? Мүмкін, сіздің мектебіңіздегі осалдардың, тақыр бастардың немесе салақ маймылдардың арасынан, сіз өзіңіздің досыңызды табатын шығарсыз? Әрине, сізге бір нәрсені құрбан етуге тура келеді. Алайда, соның арқасында сіз бір нәрсеге ерісесіз.

Өйткені, Иса сіздерге былай деді:



...Қайта, сендерді достарым деп атадым... Сендер Мені таңдап алған жоқсындар, қайта, Мен сендерді таңдап алдым: өздерің барып, рухани жеміс берсін, сол жемістерің тұрақты болсын деп тағайындадым. Сонда Менің атымнан не сұрасандар, Әкем соның бәрін де береді. Сендерге айтатын өсиетім мынау: бір-бірінді сүйіндер!.

Жох. 15:15–17



Өзің көз жеткіз

Парызшылдар аңызының қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Ізгі хабарда Иса біздің көз алдымызда дастарқан басында және түскі аста сыйлы қонақ сияқты көрінеді. Келесі үзінділерді оқып шық және Ол кімдерді Өзінің досы деп санағанына назар аудар:

Мат. 9:9–13 _____

Мар. 14:3 _____

Лұка. 7:36 _____

Лұка жазған Ізгі хабардың 19-тарауы 1–10 аяттарын оқып шық. Иса «салық жинаушылар» мен «күнәһарлардан» аулақ жүрмесе де, Ол Өзін олар сияқты ұстаған жоқ. Сен Иса мен Зақайдың танысуы туралы оқиғаны білесің, сен қалай ойлайсың, кім кімге ықпал етті? Осы оқиғадан сен өзіңе қандай сабақ алдың?

34. Түзелмейтін балалар



Нағыз еркектер туралы аңыз

Менің сөзіме сеніңіз, мектепте жоғары сыныпта оқитын жігіттердің киінетін бөлмесіндегі естуге болатын әңгімелер, оның анасының құлағына жеткенін, олардың көпшілігі қаламаса керек.

Джок сені сүлгімен ұрып: «Ей, Дэн, қанеки айта ғой, жұма күні кешкісін сенің Андреамен кездесуің қалай өтті?» — деп сұрайды.

Ал, сенің қасыңда тұрған жігіт, сені шынтағымен түртіп: «Банктің есігін бұздың ба?» — дейді.

Әлдекім албырттықпен қайталайды: «Ол қалай екен, оттай жанып тұрған шығар, иә?»

«Ал, таңертеңгі асты төсекке әкелу болды ма?»

Әрі қарай қатты қаңқылдаған-саңқылдаған айқай-шу естілді, әдепсіз ишаралар, әдепсіз ақырған дауыстар мен «пуси-пуси», немесе «сұлуым менің!», немесе «бол, бола ғой, балақайым менің!» — сияқты жабайы дауыстар естіледі.

Осыған ұқсас жағдайлар көптеген жігіттерге таныс. Және тіпті егер сен сыныптастарыңның жетегінде кетпесең де және осы сұрақтарға оң жауап бермеген болсаң да, бәрібір саған «өз дегеніңе қол жеткізгендей», сенде де «осындай жағдай болғандай», сен де жыныстық қарым-қатынас жасағандай сыңай танытуыңа тура келеді. Ал, егер сен осылай істемесең, онда сенімен сөйлесудің де қажеті жоқ. Өйткені жыныстық қарым-қатынас — бұл дамудағы белгілі бір саты сияқты. Егер сен біреумен түнеп шықпасаң, онда сені нағыз еркек деп санамайды.

Бұл аңыз. Әзәзілдің тағы да бір өтірігі.

Мен бүкіл елді аралап, «Неге күтуге тұрарлық?» деген ұран бойынша ұлттық науқанды өткізген кезде, бұл туралы мыңдаған жастарға



айттым. «Нағыз еркек болуға жыныстық қарым-қатынасқа түсудің қандай қатысы бар? Тіпті он екі жасар жасөспірім де жыныстық қарым-қатынасқа түсе алады». Әрі қарай мен былай дедім: «Ал, „жоқ“ деп айту үшін, шынында да батылдық қажет болады».

Және былай деп жалғастырдым: «Кеуденді көтеріп: „Тыңдашы, мен қазір жыныстық қарым-қатынасқа түскім келмейді“ — деп шын жүректен айту үшін, шынымен батыл болуым қажет. Пәктік — бұл шын мәнінде мақтануға тұрарлық қасиет!»

Жыныстық қарым-қатынасқа түсу салыстырмалы түрде өте оңай. Ол үшін жетілген адам болудың қажеті жоқ немесе күшті мінез-құлыққа ие болу қажет емес. Ал, қалың жұрттың тілегіне қарсы жүру — шынымен қиын. Міне, осы жерде мінез-құлық, күш және батылдық қажет.

Бәлкім, бұл сізге беймәлім шығар, алайда Киелі кітапта әрбір адам білуі тиіс, жыныстық қарым-қатынастар мен күнәлардың бірнеше жағдайы баяндалған. Олардың біреуі Жүсіптің өмірінде болды.

Жүсіп Потифар есімді мысырлық уәзірдің үйінде жұмыс істейтін. Киелі кітапта бәрі де өте ашық жазылған:



...Жүсіп дене бітімі келісті, келбетті жігіт еді. Күндердің күнінде қожайынының әйелінің көзі Жүсіпке түсіп:— Жүр, бірге болайық, — деп еліктіреді.

Жар. 39:6, 7

Жүсіптің азғырылуға жол беруіне болатын еді. Ал, сосын, бір үлкен істі бітірген маңызды кісідей киім киетін жерде маңғазданып әрлі-берлі жүріп, өзінің жеңісі туралы достарына айтып мақтануына болар еді! Өйткені, оған өзінің «нағыз жігіт» екенін дәлелдеуге осындай мүмкіндік беріліп тұр ғой.

Киелі кітапта: «Бірақ ол бас тартты», — деп жазылған. Және шын мәнінде бір рет ғана емес. Оның өз қожайынының әйелінің ашынасы болудан бас тартуы, нәтижесінде оның еркіндігінен айырылуына себепші болды — оны зынданға тастады. Алайда, Жүсіптің мінез-құлқы да, ерік-жігері де, батылдығы да болды. Өйткені ол нағыз еркек болды.

Өйткені ерлер киінетін жерде тек нағыз еркек ғана «қоғамдық пікірдің» қысымын көтере алатын еді. Тек нағыз еркек ғана бар күшін



жинап, өзінің қағидаларын бұзбай, орындай алады. Тек нағыз еркек қана қалың тобыр жұртқа қарсы тұра алады. Тек нағыз еркек қана «жоқ» деп айта алады.



Өзің көз жеткіз

Нағыз еркектер туралы аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жаратылыстың басталуы кітабының 39-тарауы 1–9 аяттарын оқып шық. Жүсіптің Потифардың әйелімен бірге түнеп шығуға мүмкіндігі болды. Әйелдің ұсынысына оның жауабы қандай болды (8 аят)? Ол өзінің бас тартуының екі себебін келтіреді (8, 9 аяттар). Бұл қандай себептер болды?

Жаратылыстың басталуы кітабының 39-тарауы 10-аятын оқып шық. Жүсіп осы азғырылумен қаншалықты жиі кездесті? Ол қалай осы азғырылудан қашып кетуге тырысты?

Осы тараудың 11–23 аяттарын оқып шық. Жүсіп Потифардың әйелімен оңаша қалғанда, ол оны қайтадан азғырған кезде, ол не істеді (12 аят)? Жүсіп өзінің игі әрекеті үшін жазаланды, бірақ ол Құдайға қарсы күнә жасаудан бас тартқаны үшін, қандай жарылқауға ие болды (20–23 аяттар)?

35.

Жердің кіндігі және бүкіл әлемнің орталығы



Өзімшілдер аңызы

Тындашы, сен, парықсыз! Сенің мұны қалай істейтінің мені қызықтырмайды, бірақ бұл кестелер мен мәліметтер менің үстелімнің үстінде жатуы қажет! Тез арада!»

Рейчел Таунсенд телефонның тұтқасын тарс еткізіп қойды да, өзінің хатшысының есімін айтып бақырды. Кеңседегі жиһаздың мақпал қаптамасы және қара түсті ағашпен жасалған қабырғалары, оның иесінің маңызды лауазымда отырғаны туралы куәлік ететін. Үстелдің шетінде — «Барлық нәрседе қалай бірінші болуға болады?» — деп аталатын кітап жатыр еді, ол оны оқып жүрген иесінің ой-ниеті туралы анық айтып тұр. Рейчел басқалардың қызығушылықтарымен санаспай және оларға ешбір аяусыз қарым-қатынаста болып, өзінің мақсатын көздеуінің арқасында, өзінің компаниясында тез арада мансабына ерісті. Ол өзінің лауазымына қол жеткізу үшін, басқа адамдардың басымен жүріп өткені, оны мүлдем абыржытпады. Ол жалған қарапайымдылықтан азап шекпейтін, ал өзінің жеке басының маңыздылығын сезіну оған шынайы рақат сезімін әкелетін.

Бөлмеге оның хатшысы кіріп келді және Рейчел оған үйіп-төгіп бұйрық бере бастады.

«Ана мисыз қуыс кеудені, әлгі Паттерсонды осы жерге дереу тауып кел. Және Эллисонға айт, ол не істеп жатқан болса да, қазір-ақ барлық істерін кейінге қалдырып, менің есеп-қисаптарыммен шұғылдансын...»

Ол жарты сөзінде мүдіріп қалды. Хатшының көзқарасындағы бір нәрсе оны осылай істеуге мәжбүр етті.

«Сіздің қызыңыз... — деп жәй үн қатты хатшы. — Бала күтуші телефон шалды. Даниел балалар алаңынан шығып кетіп, жоғалып қалыпты».



Рейчел дереу телефонға жармасты. Ол телефоннан адам айтқысыз жылдамдықпен сұрақтарды жаудырып, жекіріп айқайлады. Ақырында, телефонның тұтқасын іліп, өзінің хатшысына арыстандай ақырды: «Маған менің бұрынғы күйеуімді тауып кел. Жердің астынан болсын тап. Оған, ҚАЗІР-АҚ дереу күтушіге барсын деп айт».

Рейчел дереу өзінің «БМВ» қарғып мініп, қаланың көшелерімен құйғытып ала жөнелді. Газдың педалын басып, жинданып орағытып, үздіксіз сигналды басып, ол күтушінің үйіне қарай жүйіткіте жөнелді. «Егер оған бір нәрсе болса, мен сені өлтіремін». Ол бағдаршамның қызыл түсінен өте шықты. «Ал, егер мен оны таппасам ше? Маған көмек керек».

Тежегішті баспай, көлік қатты жылдамдықпен бұрышқа қарай бұрылды. «Маған кім көмектесе алады? — Бұл ойынан ол қатты қорқып кетті. — Маған кім көмектеседі?»

Рейчел өзін әрқашан бүкіл әлемнің орталығы деп санайтын, ол кенеттен оған көмек беретін, ешкім қалмағанын, ол көмек сұрап жүгіне алатын ешкім жоқ екенін жете түсінді. «Маған ешқашан ешкім керек емес сияқты болып көрінетін, мен солай ойлайтынмын. Мен өзімді әрқашан басқа барлық адамдар мен үшін маңызды емес сияқты, оларсыз да өмір сүре алатындай етіп ұстадым... Жалғыз маңызды адам — бұл менің өзім ғана сияқты болып көрінетін».

Рейчел оқиға болған орынға жетейін деп қалған еді. Ол көше қиылысына жақындағанда, көліктің жүрісін сәл баяулатты және тежегішті басу үшін, дер кезінде қосындағы милиционерді көрді. Оның ашуы жанартаудың атылуына ұқсас болды. Ол жаяу жүрушілер өтетін жерде оның көз алдында арқасымен тұрған, әлгі милиционерді таныды. Және оның дене бітімі Рейчелге әрқашан қаусаған шалдай түкке жарамайтын сияқты болып көрінетін. Ал, енді бұған қоса, ол оның жедел тежегішті басып тоқтауға және бағалы уақытын жоғалтуға мәжбүр етті. Ол оны қарғап-сілеу үшін, енді аузын ашқан кезде, ол бір кішкентай баланы — өзінің баласын, Даниелді қолынан ұстап тұрғанын байқап қалды!

Рейчел есікті айқара ашып, қария кісіге қарай асығыс жүгірді. Ол өзінің үш жасар күлімсіреп тұрған қызын оның қолынан жұлып алды және жүрегіне алғыс сезімі толып, оны қатты құшағына басып құшақтады. Рейчел, ірі бірлестіктің атқарушы директоры, кенеттен өзін кішкентай және әлсіз, көмекке мұқтаж адам екенін сезінді.



Ал, қария күтпеген жерден өте маңызды адам болып шыға келді.

Рейчел Таунсенд өзімшіл болатын, ондай адамды іздесең де, таба алмайсың: ол өзін шынымен де әлемнің орталығы деп ойлайтындардың қатарынан. Кез келген өзімшіл адам өзін бәрінен жоғары қояды және шамамен былай деп ойлайды: «Бәрі туралы ұмыту керек. Егер мен өмірден өзіме керек нәрсені алсам, мен шын мәнінде бақытты боламын».

Алайда, бұл аңыз.

Осы қағиданы ұстанатын адамдар, әрине, әйтеуір бір кездері, байлық пен билікке ие болуы мүмкін, алайда олар жалғыздық пен көңілі қалудан қашып құтыла алмайды.

Иса біздің әрқайсысымыз, тіпті ең кішкентай бала да, Құдайдың көз алдында шексіз бағалы деп үйретті. Және егер сіз өзіңіздің айналаңыздағы басқа адамдардың бағалы екенін мойындайтын болсаңыз, сіз одан да бақытты бола аласыз. Бұл мойындау сіздің бақытыңызды кемітпейді. Иса: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» — деген өсиетті көп рет қайталады. Өзіне қарағанда, азырақ емес. Және өзіңе қарағанда, көбірек емес. «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» — деп айтты.

Джон Донн деген ақынның сөздері де, осындай сүйіспеншілікке шақыратын сияқты:

Иә, адам — арал емес,
Құрлықтың бір бөлігі.
Және түсіну оңай емес,
Құдайдың қолы
Душар етті бізді,
Адами әбігершілікке
Әрбір адам өмірден өткен сайын.
Сенің де бір бөлігің өледі
Және егер жерлеу
Қоңыраулары естілсе,
Қайғырып ойлан, —?
Қоңырау саған арналған емес пе?!

Өйткені Құдай сені әлемнің орталығы етіп жаратқан жоқ қой. Алайда, Ол сенің өміріңнің ортасында болуды қалайды.

**Өзің көз жеткіз**

Өзімшілдер аңызының қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жазбаның төменде атап көрсетілген үзінділерінің әрқайсысында қандай да бір өзімшіл адам туралы айтылады. Әрбір үзіндіні оқып шық және мынадай екі сұраққа жауап бер: бұл жерде қандай өзімшіл кісі (лер) туралы әңгіме болып жатыр? Оның (олардың) жағдайы қалай болды?

Пат. 2-жазба 15:1–12; 18:17 _____

Пат. 3-жазба 1:5, 6, 42–53 _____

Иш. 14:3, 4, 12–15 _____

Мат. 20:20–28 _____

36.

Хас сұлу емес, құбыжық



Журналдың мұқабасындағы сұлу туралы аңыз

Фотомодельдің сыртқы келбеті Кэтринге «Вог» және «Мадемуазель» деп аталатын журналдардың беттерінде бой көрсетуге мүмкіндік берді. Оның сымбатты дене бітімі, қара кешкі көйлек үшін арнайы жаратылғандай болып көрінді. Ол өзінің кербездігімен және сырбаздығымен, сүйкімділігімен өте бай кісілер үшін арналған кез келген таңдаулы салтанатты кешті безендіретін. Олай болса, ол канализация құбырында не ұмытты екен?

Кэтрин (Линда Гамильтон), «Сұлу қыз бен құбыжық» атты әйгілі телесериалдың кейіпкері, ол Рон Перлманн жартылай адам, жартылай құбыжықтың рөлін ойнаған, Винсенттің жер асты ұясына (шынайы өмірде тастанды туннель, метро) жиі барып тұрады. Айталық, бұл жаңа қаптамадағы көне оқиға. Сонда да маған бір сұрақ маза бермейді: «Сондай сұлу осындай құбыжықтың бойынан не тапты екен?»

Өйткені шын мәнінде, әлгі қара торы, қара қасты, қара шашты әдемі қыз, сәнді журналдың мұқабасынан шыққандай кейіпкер, кенеттен түнгі қорқынышты сұмырай сияқты, бұған қоса, жер астында өмір сүретін жігітті ұнатып қалады. Өмірде бұлай болмайды ғой!

Әрине, бұл оқиға кино жанрының заңдары бойынша құрылған. Кэтрин Винсентті оның сыртқы келбетіне қарап емес, оның жан дүниесінің сұлулығына бола ұнатады. Ол арыстанның маскасының артында жасырынып тұрған адамды сүйеді. Ол оның ықыластылығы, қайырымдылығы және нәзік жүрегі үшін... және бәлкім, оның тамаша дауысы үшін сүйетін болар. Және әрине, мұндай оқиғалар адамдарға ұнайды, өйткені осыған ұқсас сүйіспеншілікті өмірде жиі кездестіре бермейміз.

Біздің көпшілігіміз журналдың мұқабасындағы сұлу туралы аңызға алданып қалатындықтан, осындай жағдайлар болып тұрады. Біз өмірі-



міздегі барлық нәрселер, біздің сыртқы келбетімізге байланысты деген пікірге, шын мәнінде сене бастаймыз және егер қыз Эль Макферсонға ұқсамаса немесе жігіт Патрик Суэйзидің түрін мүлдем еске түсірмейтін болса, адамдар сүйкімді емес деген қорытынды жасаймыз. Алайда, бұл аңыз.

Теледидар бағдарламалары, журналдар, кино- және видеофильмдер бізге ненің әдемі, ненің әдемі емес екені туралы ойды таңып, біздің көз алдымызға дайын бейнелерді үздіксіз әкеліп тұрады. Бұған қоса, жаппай ақпарат құралдары сұлулық — бақытты мензейді деп ыждағатпен бізді сендіруге ұмтылуда. Ал, енді, өтініш, есепке алыңыз, мәсіхші ұсқынсыз болуға міндетті емес. Әйтсе де, әрине, біздің сыртқы келбетіміз міндетті түрде «Джордаш» джинсиын немесе «Мэйбеллин» косметикасын жарнама жасайтын сұлу қыздар мен жігіттер сияқты болуы қажет емес. Сұлулық ұғымына жәй әдемі дене бітімі, шыныққан бұлшық еттер мен көк көзден басқа әлдеқайда көп нәрселер жататынын біз жете түсінуіміз қажет. Өте жиі жағдайларда адамның сұлулығы оның жан дүниесіндегі қасиеттері мен оның мінез-құлқына байланысты болады. Құдай Дәуітті Исралдың патшасы етіп тағайындайтын кезде, Ол оны сыртқы келбеті мен дене бітіміне қарап таңдаған жоқ. Өйткені Ол былай дейді:



...Себебі Құдай пенденің көзімен қарамайды ғой. Пенде назарын адамның бет-жүзіне аударады, Ал Жаратқан Ие оның жүрегіне көз салады.

Пат. 1-жазбасы. 16:7

Шын мәнінде, көбінесе, сұлулық, өмірдің өзі көрсетіп отырғандай — бұл мүлдем жарылқау емес екенін көрсетеді. Бұл таңқаларлық жәйт болып көрінуі мүмкін, алайда кейде сұлулық — бұл қыздардың түңілуіне, ал жас жігіттердің өзінің жеке басының абыройын жоғалтуына себепші болатын адам нанғысыз, адам шошырлық, жан түршігерлік сұмдыққа жағдайға айналуы мүмкін. Жалғыздықты, қорғалмағандықты және өзін ешкімге керексіз сезінетін, өте көптеген «сұлу» адамдар бар.

Шындық мынада, егер сіз бақыт сіздің шашыңыздың түсіне немесе киіміңіздің пішіміне үлгісіне байланысты деп ойлайтын болсаңыз, онда сіздің барлық нәрседен көңіліңіз қалып, түңілетініңіз шүбәсіз.



Әрине, сіздің киген киіміңіз де маңызды, алайда тек айнада көрген келбетіңізден сәл тереңіректе не жатқанын көруді үйреніңіз. Егер сізге алдыңызда тұрған кісі ұнайтын болса, онда көзіңізбен көре алмайтын, оның жан дүниесіндегі ізгі қасиеттер ұнайтын шығар.



Өзің көз жеткіз

Журнал мұқабасындағы сұлу туралы аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Киелі кітапта қалай бақытты болуға болатыны туралы көп айтылады. Келесі үзінділерді оқып шық және адамға шын мәнінде не бақыт әкелетіні туралы сөздерді жазып шық. Оларды қалдырып кеткен қатарларға жазып шық. Со-сын бақыт адамның сыртқы келбетіне байланысты деп айтылған сөздерді белгілеп шық.

[] Заб. 143:15 _____

[] Заб. 31:1 _____

[] Нақ. 3:13 _____

[] Нақ. 14:21 _____

[] Нақ. 16:20 _____

[] Лұқа. 11:28 _____

[] Жақ. 1:12 _____

[] Пет. 1-хаты 3:14 _____

37.

Бәрі қалай істесе, мен де солай істеймін



*Көпшілік адамдар қалай әрекет етсе,
солай әрекет ету қажет деген аңыз*

Анашым, өзің ойлашы, — деп шағынды Андреа. — Біз есіріткі немесе басқа да осыған ұқсас нәрселерді қолданайын деп жатқан жоқпыз ғой. Бұл жәй әншейін салтанатты кеш қой».

«Егер үйде ересектердің ешқайсысы болмаса, Брэдтың үйі болсын — немесе басқа біреудің үйі болсын — сен ешқандай салтанатты кешке бармайсың, айттым бітті».

«Сенің осылай істеп тұрғаныңа сене алмаймын, — деді Андреа. — Ол жерде біздің тамыр-таныстарымыздың бәрі жиналады ғой. Мен ғана үйде отырамын, өйткені менің анам мұндай кештер жас бикештер үшін арналмаған деп санайды».

Андреа демалыс күні біткенше анасымен сөйлеспеді. «Қазіргі заманда мұндай кештерге бәрі барады, — деп пайымдады ол. — Мұның бәрі көне заманның — соқыр нанымдары ғой. Сендер әкем екеуің бала болған кезден бері көп нәрселер өзгеріп кетті».

Алайда, дүйсенбі күні Андреа Джулияның да Брэдтың үйінде болған кешке бармағанын біліп, таңқалды.

«Менің ата-анам мұндай жерлерге баруыма ешқашан рұқсат бермейді, — деп мойындады Джулия. — Ол жерге тіпті Синди де барған жоқ».

Андреа, Брэд өзінің ата-анасының қадағалауынсыз өткізген кеште, олардың тамыр-таныстары болады деп ойлады. Әрине, ол бұрынғысынша анасына ренжулі болатын, бірақ ол анасы оған кешке баруға тыйым салған күндегіден өзін әлдеқайда жақсы сезінді.

Андреа кеңінен тараған «бәрі осылай істеп жатқан болса, онда маған да солай істеуге болады» деген пікірді ұстанды.

Алайда, бұл аңыз.

Бәрі осылай істеп жүрген жоқ. Кейде, әрине, бәрі керісінше сияқты болып көрінеді, алайда түсінігі мол, зерек жас жігіт немесе бойжет-



кен, оларды айналасындағы адамдар сендіруге тырысып жатқандай, «осылайша» онша көп адам істеп жатпағанын, ерте ме, кеш пе, түсініп жетеді.

Барлық адамдар некеге дейінгі жыныстық қарым-қатынасқа түсе бермейді. Менің мәліметтерім бойынша, мәсіхшілер отбасында тәрбиеленген балалардың 50% «мұны» істемейді. Және бұл жеткілікті дәрежеде қомақты сан.

Барлығы темекі тарта бермейді. Кейбір зерттеулер бүгінгі күнде жастардың 80% темекі тартпайтынын көрсетті.

Бәрі ішімдік іше бермейді. Кейбір зерттеулер жоғары сынып оқушыларының 30% ішімдік ішпейтінін, ал, 10% тіпті ешқашан ішімдікті аузына да алмағанын көрсетті.

Бәрі есірткіні қабылдай бермейді. Мичиган университетіндегі әлеуметтік зерттеулер орталығы, жасөспірімдердің кокаин және басқа есірткілерді қолдануын көрсететін, көрсеткіш төмен қарай құлдылағаны туралы мәліметтерді ұсынды. Барлық американдық жастардың жалпы санының 40% астамы заңсыз есірткіні қолданудан бас тартқан.

Барлық адам сенімін жоғалтпаған немесе бәрі айтып жүретіндей, «сенімінде өсіп кеткен жоқ». Екі мың жасөспірімдер қатысқан зерттеу, олардың шамамен 60% дінге өз өмірлерінің ең маңызды бөлігі ретінде қарайтынын көрсетті.

Көбінесе, жасөспірімдер өз достары мен құрбы-құрдастарын алдап-арбау үшін және олардың барлығы әрекет етіп жатқандай әрекет етуге мәжбүрлеу үшін, «бәрі де осылай істейді» деген өтірікті пайдаланады. Алайда, менің ойымша, «бәрі де осылай істейді» деген аңызға сенудің қажеті жоқ. Бұл мүлдем олай емес. Көптеген жасөспірімдер қалай «жоқ» деп айту керектігін біледі. Және олар барған сайын көбірек осылай әрекет етуде.



Өзің көз жеткіз

Бәрі «осылай» істейді деген аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.



Төменде келтірілген қатарларға, «осылай» істейтін жасөспірімдердің есімдерін жазып шық (және ең маңызды есімді — өзіңнің есіміңді жазуға ұялма!).

Некеге дейін жыныстық қарым-қатынасқа түспейтіндердің 30–40% арасында:

Темекі тартпайтындардың 80% арасында:

Ішімдік ішпейтіндердің 30% арасында:

Заңсыз есірткі қолданудан бас тартатындардың 40% арасында:

Өз өмірінің ең басты бөлігі сенім деп санайтындардың 60% арасында:

38.

**Жыныстық
қарым-қатынас —
бұл әдепсіз сөз емес**



Қатаң өмір сүру салты (пуритан)

«**С**нбі күні кешкісін» деп аталатын сериалдың кейіпкері, қауымдағы әйел, Дана Карвейдің бейнесінің танымалдығының себептерінің бірі, ол мәсіхшілік туралы қарапайым адами ойларды айқын көрсетеді. Осы әйелдің екіжүзді, жәдігөйлік мінез-құлқы, толарсаққа дейін түскен қара көйлегі мен басындағы бас киімі, мәсіхшілер жыныстық қарым-қатынасқа ұят және әдепсіз іс сияқты қарайды деген ойды туындатады. Көптеген адамдар Исаның соңынан ергендер, жыныстық қарым-қатынас пен тән қалауын үкімдейтін Құдайға сенеді деп ойлайды.

Бұл аңыз.

Жыныстық қарым-қатынас — бұл әдепсіз сөз емес. Бұл ұят, үкімделетін немесе әдепсіз іс емес.

Құдай жыныстық қарым-қатынасқа қарсы, Ол оны жек көреді деп айтуға болмайды. Өйткені Ол осының бәрін жаратқан Құдай Ие! Ол бәрінің негізін салушы. Жаратылыстың басталуы кітабында Құдай әлемді жаратқаны туралы баяндалған және сол жерде мынадай сөздер бар:



Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты.

Жар. 1:27

Ол еркек пен әйелді сәйкес жыныстық белгілерімен жаратты, Ол оларға жыныстық және табиғи сезімдерді берді. Ал, содан кейін Ол тікелей мағынада осы жыныстық жаратылыстарға қарады және Киелі кітапта жазылғандай,



... Құдай Өзінің жаратқандарының бәріне қарап, өте жақсы екенін көрді...

Жар. 1:31

Жыныстық қарым-қатынас Құдайдың әлемді жарату жоспарына әуел бастан кірді. Ол әйел мен еркекке: «Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар!» — деп айтқан кезде, әрине, Ол сол үшін жыныстық қарым-қатынастар болатынын меңзеді.

Киелі кітапта жыныстық қарым-қатынастарды айтарлықтай ашық бейнелейтін бірнеше кітаптар бар. Сүйіспеншілік туралы поэма ретінде жазылған, Сүлейменнің Таңдаулы әндер кітабының тілі, шүбәсіз, қауымдағы әйелді ұятқа қалдыратын еді. Елші Пауыл Қорынт қауымындағы ерлі-зайыптылардың өзара жыныстық қарым-қатынасына қатысты өмірлік маңызды кеңес берді. Алайда, жыныстық қарым-қатынастар күйеу мен әйелдің арасындағы ләззат алу үшін жаратылғаны туралы Киелі кітапта анық айтылғанын есте сақтау қажет.



Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін былғамандар! Азғындар және неке адалдығын бұзғандар Құдайдың сотына түспек.

Евр. 13:4

Құдай жыныстық қарым-қатынасты жаратты; адам оны некелік одактан тыс жерде қолданып, арамдады. Еркек пен әйел жыныстық қарым-қатынастан ләззат алып, одан қуаныш пен қағанат сезімін сезініп, бір-бірімен қосылып, екеуі біртұтас болуы үшін, Құдай жыныстық қарым-қатынасты жаратты; адам Құдайдан алған сыйды бұрмалады.

Құдай: «Неке адалдығын бұзба» деп айтқан кезде, бұл «адамгершілікке жат әрі әдепсіз жыныстық қарым-қатынасқа түспе» дегенді білдіреді, Ол мұны сіздің қуанышыңызды өлтіруді қалайтын — езбе біреу болғандықтан берген жоқ, қайта, керісінше, Құдай тек сүйіспеншілік қана бере алатын қуанышты ұнататындықтан осылай істеді. Құдай сізді сенім артпаудан немесе күмәннан қорғағысы келеді және кемелді сүйіспеншіліктің, некенің және жыныстық қарым-қатынастардың ең маңызды шарты болып табылатын — сенім артуды сізге беруді қалайды.



Ол жыныстық жолмен берілетін, аурулардан қорқып өмір сүруден сізді қорғағысы келеді және біз некелескен кезде, болашақ жыныстық өміріміз үшін жүрегімізге тыныштық пен нық сенімділік беруді қалайды.

Құдай бізді табиғи емес жолмен құрылған және біз біреумен жыныстық қарым-қатынасқа түскендіктен, неке құруға мәжбүр болған, бақытсыз некеге әкелетін, құртушы өзара қарым-қатынастардан бізді қорғағысы келеді.

Және Ол біз неке түнінде өз сүйіктімізге бере алатын, сүйіспеншіліктің ең үлкен сыйларының бірі болып саналатын, біздің пәктігімізді сақтағысы келеді.



Өзің көз жеткіз

Қатаң өмір сүру салты туралы (пуритан) аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Сүлейменнің Нақыл сөздер кітабының 5-тарауы 1–23 аяттарын оқып шық. Данышпанның заңға қарсы жыныстық қарым-қатынас пен ерлі-зайыптылық жыныстық қарым-қатынас арасындағы айырмашылықты атап көрсеткеніне назар аудар. Күйеуі мен әйелінің арасындағы өзара жыныстық қарым-қатынастар суреттелетін 18 және 19 аяттарды ерекше атап көрсет.

Сүлейменнің Тандаулы әндері кітабының толғандыратын поэтикалық шумақтарын оқып шық (3–5 тарау). Бұл сүйіспеншілік поэзиясы Құдай күйеуі арқылы әйеліне және әйелі арқылы күйеуіне беретін сезімдік (тек жыныстық қарым-қатынасты ғана білдірмейді) ләззатты бейнелейді.

39.

Бәтеңке, кеме, шаян және тағы да кейбір нәрселер туралы



Анархистердің аңызы

Герман есімді шаян, теңіздің түбіне терең жүзіп, отбасылық тастың астына кіріп кетті.

«Мен азат болғым келеді! — деп айқайлады ол өзінің әкесіне. — Сен мені жиырма төрт сағат бойына мына ақымақша сауытты көтеріп жүруге қалай мәжбүр ететіңді, мен түсіне алмаймын! Ол менің қимыл-қозғалыстарымды тежейді! Ол менің көріктілігімнен айырады. Менің достарымның кейбіреулері сауыттарға қарсы бүлік тобын ұйымдастырғалы жатыр және мен оларға қосыламын деп ойлап жүрмін!»

Оның әкесі, Фред шаян, терең күрсініп өзінің ауыр шымшуырын Германның иығына қойды (шаяндардың иықтары бар ғой, алайда олар иығы қай жерде аяқталып, арқасы — қай жерден басталатынын, тек басқа бір шаянның көмегімен ғана біле алады). Герман көзін алайтырды.

«Ұлым, — деді Фред, — саған бір оқиғаны айтып беруіме рұқсат етші!»

«Әке, маған болмағыр нәрселерді айтып бергенің жетер...»

«Бұл Хамфри есімді бір кісінің өмірінде болған оқиға, ол мектепке жалаңаяқ бару керек деп көнбей тұрып алады. Ол бәтеңкесі оның қимылын тым тежейді деп шағынады. Және ол бәтеңкесі оның көріктілігінен айырады деп айтады. Ол гүлдер мен шөптің үстінде, көк шалғын мен жылғаларда жалаң аяқ жүгіріп жүру үшін, олардан құтылғысы келеді. Ақыр аяғында, ол айтқанынан қайтпай тұрып алған соң, анасы оның бірбеткейлігіне жол береді. Ол үйден зытып шығады, — және әрі қарай не болғанын білесің бе?»

Герман аузын аша бергенде, әкесі оған жауап бермей, өзінің әңгімесін жалғастыра берді.

«Хамфри есімді кісі лимонадтың бөтелкесінің сынықтарын аяғымен басып кетеді. Оның табанын жиырма жерінен тігуге тура келеді және оның сүйікті қызы бітіру кешіне басқа жігітпен барады».



«Айтарлықтай ақымақша оқиға, әке».

«Мүмкін, солай да шығар, ұлым, алайда мұның мәнісі мынада, кез келген шаян ерте ме, кеш пе, осыған ұқсас жағдайды басынан өткізеді, ол егер мен сауытымнан толығымен құтылсам, өмірім әлдеқайда жақсырақ болар еді деп ойлай бастайды. Бірақ бұл оның еркіндігін шектейтін, кемеден шаршаған теңізші, толқындардың еркіне беріліп, өзін теңізге тастағанымен өте ұқсас жағдай. Ол осы еркіндік деп ойлайды, алайда, егер ол кемеге қайтып оралмаса, немесе көп кешікпей жағалауға жүзіп келмесе, онда ол суға батып кетеді — олай болса, бұл қандай еркіндік болғаны?»

Герман әкесінің сөздерін ой елегінен өткізді.

«Жақында сен өзіңнің сауытыңды тастайсың, ұлым», — деді ол, бұл туралы тиісті уақытынан, әлдеқайда ерте айтуына тура келгені, қаншалықты ауыр екенін ойлап.

Жас шаян таңқалған кейіппен қарап тұрған сияқты болып көрінді.

«Иә-иә, сен дұрыс естідің, — деді әкесі Фред, өзінің ұлының көзқарасындағы сұрақты айтпай-ақ оқып білгендей. — Олар өскен кезде, мұндай жағдай барлық шаяндардың басына түседі. Алайда, — деді ол ескерткендей үнмен сөзін жалғастырып, — осы жағдай болған кезде, сен өз өміріңде бұрын-соңды болмаған осал жерінді байқайтын боласың. Сенің жаңа сауытың мына сауытың сияқты мықты болмағанша — ол өзінің ұлының арқасын қорғап жүрген, мықты сауытты тарсылдатты, — сен әдеттегіден қарағанда, әлдеқайда абай болуыңа және алды-артыңды ойлап, сақ болып жүруіңе тура келеді. Бұл сауытсыз сен өзіңді әлдеқайда аз еркін сезінетін боласың».

«Мұның бәрі бір түрлі оғаш нәрсе, әке, — деді Герман. — Бұл туралы ешқашан ойламаппын. Сен бұл кейде біздің еркіндігімізді бір нәрсе шектейтін сияқты болып көрінеді, бірақ бұл сауыттан құтылу мүмкін бола салысымен-ақ, бұл бізге қаншалықты мүмкін болса, соншалықты еркін болуға мүмкіндік береді деп айтқың келіп отыр ма?! Мен сені дұрыс түсіндім бе?»

Фред шаян өзінің орасан үлкен сауытын Германның арқасына қойды және олар отбасылық тастың астынан бірге жорғалап шықты.

«Сен қайдан осындай ақылды болғаның, ұлым?» — деп сұрады ол.



Өзің көз жеткіз

Анархистер туралы аңыздың қисынсыз екендігіне көз еткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Көптеген адамдар Он өсиет пен Мәсіхтің бүкіл ілімі еркіндікті шектейді және адамдарға қысым жасайды деп санайды. Соған қармастан, шын мәнінде өсиеттер оларды орындайтындарға нағыз еркіндікті береді.

Мысырдан шығу кітабының 20-тарауы 1–17 аяттарын оқып шық. Осы өсиеттерді орындау қандай еркіндікті бере алады? (Мысалы, алтыншы өсиетті орындау, сені жыныстық жолмен берілетін ауруды жұқтыру қорқынышынан азат ете алады) Өз жауаптарыңды жаз:

Матай жазған Ізгі хабардың 5-тарауы 1–12 аяттарын оқып шық. Осы аятта жазылған Исаның тәлімдерін орындау саған қандай еркіндікті бере алады?

Жохан жазған Ізгі хабардың 8-тарауының 36-аятын оқып шық. Оны көшіріп жаз:

40.

**Жүрегің ауызыңа тығылып,
тынысың тарылғандай
болған кезде**



Бір көргеннен ғашық болу туралы аңыз

Оқиға былай болған еді, мектепке барған бірінші күні, мен шкафтың қасында тұрған едім, айналамда балалар қоршап, біз анау-мынау туралы әңгімелесіп тұрған едік, — ал, сіз жігіттер не туралы әңгімелескенді ұнататынын білесіз ғой?! Кенеттен — ол кіріп келді.

Ол мектеп ғимаратына кіріп келе жатқанда, мен оны көрген сәтте-ақ, бұл қыз мен үшін жаратылғанын бірден түсіндім. Жігіттер, ол нағыз хас сұлудың өзі еді. Мен оның иығынан түсіп тұрған, ашық сары түсті бұрымын көргенде, қаным басыма тепті. Оның денесі ол жағажайда жатқанда, жылы жел аймалағандай күнге тотығып күйген еді. Ал, оның дене бітімі мен сияқты он жеті жасар жігіттің әп-сәтте-ақ басын айналдырып, есінен тандыратындай еді.

Мен ғашық болып қалдым. Бір көргеннен, түсінесіз бе? Ең болмағанда, мен өзім туралы дәл осылай айта аламын. Әрине, оның көңілін өзіме аудару үшін және осы «таза сұлулықтың кемеңгерімен» кездесуге қол жеткізу үшін, біраз уақыт керек болды. Ал, әрі қарай бәрі өз кезегімен кете берді — үйлену тойы, балалар, ал содан кейін біз ұзақ және бақытты өмір сүрдік».

Иә, саған нағыз махаббат келгенде, осылай болады екен ғой. Бір көргеннен ғашық болу. Кейде қызға немесе жігітке бір рет қараудың өзі жеткілікті болады, сонда сен бүкіл өмір бойы бірге болатын махаббатыңды кездестіргенінді білесің.

Бұл аңыз. Бәлкім, кейде мұндай жағдайлар болып тұратын шығар, жүзден бір жағдайда. Алайда, бұл ерекше жағдайлар нағыз сүйіспеншілікті білдіреді деп санау қауіпті адасу болып табылады.

Біз сүйіспеншілік — бұл бірінші кезекте сезім: абыржу, қобалжу сезімі, қан басқа теуіп, тынысың тарылады және басың айналып, кө-



зің тұнады деп ойлауға дағдыланып қалғанбыз. Алайда, Киелі кітапта сүйіспеншілік туралы ең алдымен, әрекет ретінде айтылады; бұл тек жәй сезінген сезімің ғана емес, сенің істеген ісің болып табылады.

Көп адамдардың ойынша, сүйіспеншілік — бұл Колумбтың Жаңа Әлемді тапқанымен бірдей жағдай — сен оны ерекше жолмен іздейсің, бірақ кенеттен — ол сенің көз алдында пайда бола қалады! Сүйіспеншілік! Шын мәнінде бәрі де, керісінше. Сүйіспеншілік бақта өсіп тұрған, хош иісті гүлге ұқсайды — сен тұқымын сеуіп, оны суғарасың, көң төгесің және оған зиян келтіретін нәрселердің бәрінен оны қорғайсың, оны тағы да біраз уақыт суғарасың, сөйтіп, күндер, апталар, айлар өткен соң, өсімдік гүлдей бастайды. Және егер сен оған көң төгіп қамқорлауды жалғастырып, оны суғаратын болсаң, ол әрі қарай да өсіп, гүлдей береді.

Бәлкім, көптеген өзара қарым-қатынастар адамдар оны түсінбегендіктен дұрыс қалыптаспайтын шығар: өте аз адам өзінің сезімдерімен жұмыс істеуге дайын. Тұқымды суғару керектігі туралы өте аз адамдар ойланады. Өсімдікті түп-тамырымен жұлып алатын, дауылға өте аз адам дайын. Өте аз адамдар өсімдіктің арам шөптерін жұлып тазалап, түбіне көң сеуіп, қопсытып қамқорлайды. Нәтижесінде, нағыз сүйіспеншіліктен тарайтын хош иістен рақат табатын адамдар да өте аз.

Сүйіспеншіліктің белсенді сипаты туралы елші Пауыл былай дейді: «Күйеулер, Мәсіх қауымды қалай сүйсе, сендер де әйелдеріңді солай сүйіңдер...» Ал, Мәсіх қауымды қалай сүйді? «Мәсіх қауым үшін жанын қиды! ...Дәл осылай жұбайларын өз тәніндей жақсы көру — күйеулердің міндеті. Әйелін сүйген өзін де сүйеді. Ешкім де өз тәнін жек көрмейді, қайта, оған нәр беріп, баптап күтеді, Иеміз де қауымды солай қамқорлайды» (Еф. 5:25, 28, 29, туындыгерлердің курсиві).

Сіз бұрынғысынша, денесі күнге әдемі күйген, сары шашты қыз сіздің қасыңыздан өткен кезде, тынысыңыз тарылып, қобалжуыңыз мүмкін. Егер сізге футбол командасының капитаны көңіл аударса, сіздің басыңыз айналып, көзіңіз тұнуы мүмкін. Алайда, бұл сүйіспеншілік емес. Бұл тек сүйсіну, ол кішкентай тұқымнан тамаша хош иісті гүлді өсіріп шығару үшін, шабыттандыратын сүйіспеншілікті өсіретін сезім емес.



Өзің көз жеткіз

Бір көргеннен ғашық болу туралы аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Әйгілі Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 13-тарауын оқып шық, бұл тарауды елші Пауыл сүйіспеншілікке арнаған. Өзің оқып шыққан сөздеріңе сәйкес, нағыз сүйіспеншілікті не сипаттайтынын көшіріп жаз:

Сүйіспеншілік _____
Сүйіспеншілік _____ (4 аят).

Сүйіспеншілік дәйім _____,
ұдайы _____,
үмітін _____,
бәріне _____ (7 аят).

Сүйіспеншілік _____,
еш _____,
еш _____ (4 аят),
еш _____,
еш _____,
еш _____,

_____ есінде сақтамайды (5 аят).
Сүйіспеншілікеш _____,

қайта _____ (6 аят).

Сүйіспеншілік ешқашан _____ (8 аят).

Ал, енді өзің жазып шыққан сөздерге назар аудар. Атап көрсетілген сөздердің нешеуі сезімге қатысты айтылған? Олардың нешеуі — іс-әрекет болып табылады?

41.

Өзінді-өзің емдеп ал!



Гуманистердің аңызы

Бадди мен Натан, сауда орталығында серуендеп жүріп, кітап жатқан үстелдің қасына тоқтады. Үстелдің басында жігіттерге жымыып күлімсіреген, ер кісі мен әйел отыр екен.

«Егер сізді бір нәрсе қызықтырса, маған білдіріңіз», — деді ер кісі.

Кітапшалардың кейбіреуін тегін алуға болады, мысалы, «Иса ешқашан тіршілік етпеген» деп аталатын кітапшаны. Басқалары үшін ақша төлеу қажет болады, алайда олардың аттары, жалпыға ортақ әлем, білім, қауым мен мемлекеттің бөлінуі туралы көп нәрсеге уәде беретін әңгімелері айтарлықтай алдамшы естілді.

«Мынаған қарашы», — деді Бадди Айзек Азимовтың «Киелі кітап бойынша жол көрсеткіш» деп аталатын қалың кітапты қолына ұстап тұрып. «Мен бұл кісі туралы бірдеңелерді естіген сияқтымын», — деді ол.

«Иә, әрине, — ер кісі орнынан тұрып, үстелдің үстіне иіліп. — Бұл тамаша кітап. Бұл кітапта тек Топан су және Қызыл теңіз арқылы туралы аз-кем мәлім деректер ғана ашылып көрсетіліп қоймаған, сонымен бірге Киелі кітапта бірде-бір сөз айтылмаған, кейбір нәрселер туралы ашық айтылады. Онда Киелі кітаптық аңыздар мен тарихи деректер бірігіп, адамзат тарихы туралы айтарлықтай айқын көріністі беретіні көрсетілген».

«Иә, әрине». — Натан ер кісіге басын изеді, бірақ Баддидің қолынан кітапты алып, үстелдің үстіне қойды. «Бұл жерден кетейік», — деді ол.

«Саған не болды? — деп сұрады Бадди, олар үстелдің қасынан бірнеше қадам алыстаған кезде. — Біз неге ол жерден тез кетіп қалдық?»



Натан иығын көтерді: «Білмеймін. Бірақ, маған бір нәрсе дұрыс емес сияқты болып көрінді».

Натан даналықпен әрекет етті. Ол ақсүйек гуманистердің ойдан шығарылған қиялдарына берілмеді, олардың идеяларын кейде бірден білу қиынға соғады, алайда, олар кез келген жағдайда Киелі кітапқа, мәсіхшілерге және қауымға қарама-қайшы келеді.

Гуманистер адамдардың өзі әлемді құтқара алады деп ойлайды. Құдай адамды құтқара алмайды деп санайды олар, өйткені Құдай жоқ қой. Дін де адамды құтқара алмайды, өйткені дін — жалған. Гуманист құтқарылу, татуласу, тыныштық пен табысты өмірді көктен емес, өзінен іздеуі қажет.

Гуманистер, жеке құтқарылу мен әлемнің жақсаруына жалғыз үміт, бұл адамның діни ойлаудан бас тартуы және адамды ешнәрсеге сенбеу құтқарады деген пікірге сенуі, сонымен бірге адам тек өзіне ғана сенуі қажет деп болжайды. Олар адам өзін және қоршаған ортаны зұлымдықтан Құдайдың көмегінсіз-ақ азат етуге шамасы келеді дегенге, шын жүректен сенеді.

Бұл аңыз.

Адамзат тарихы бүкіл техникалық ілгерілеуге қарамастан, біз кеңпейіл, қайырымды, ақкөңіл болып бара жатқан жоқпыз деген шындықты растайды. Гуманистердің қозғалысы тыныштықты қосқан жоқ және соғысты жойған жоқ. Адам өзінің бүкіл мәселелерін өзінің күшімен шеше алмайды. Бұған XX ғасырдағы материалдық өмір куә бола алады: екі дүние жүзілік соғыс, Гитлердің тәртібі, Сталиннің тәртібі, Қызыл кхмерлер (Кампучия халқы) тәртібі, маккартизм, ку-клукс-клан, ядролық қаруды тарату, адамдардың соғыстан, аштықтан, қудалаудан қашуы — мұның бәрі адамзаттың өз күшіне және ақылына деген үміті бекер екенін көрсетеді.

Әрине, біз соғыс, аштық болмауы үшін, бар күшімізді салуымыз қажет, біз аурумен және әділетсіздікпен күресуіміз қажет. Алайда, адамзат өзін-өзі құтқара алмайды. «Исadan басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды!», — деп жазылған Киелі кітапта, — Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!» (Елш.іст. 4:12).

Және бірінші жүзжылдықта Пауыл жазған кездегіге қарағанда, осы ғасырдағы гуманистер құтқарылуға жақын болмайды:



Өйткені адамдар Құдай туралы шындықты мойындамай, жалған тәңірлерге сиынып келеді. Жаратушы Иеге бас ұрып ғибадат етудің орнына жаратылған нәрселерге құлшылық етеді. Ал Жаратушы Құдай мәңгілік мадақталуға лайық! Аумин.

Рим. 1:25



Өзің көз жеткіз

Гуманистердің аңызының қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Еремия Пайғамбардың кітабының 16-тарауы 20–21 аяттарын оқып шық. Бұл сөздердің гуманистердің аңызына қандай қатысы бар?

35-Забур жырының 1–3 аяттарын оқып шық. Бұл сөздерді гуманистер таңған идеялар деп айтуға бола ма? Қалайша?

36 Забур жырының 39-аятын оқып шық. Оқып шыққан аяттың негізінде, адам өзін-өзі құтқара алады деген гуманистердің үмітінің болашағы туралы не істеуге болады?

61 Забур жырының 1–3 аяттарын оқып шық. Бұл аяттағы «тек» деген сөз қандай мағынаны білдіреді? Ол неліктен қайталанатын? Сен «Менің» деген сөздерді кездестірген сайын, екпін салып бұл аяттарды қайтадан оқып шық.

Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 3-тарауы 11-аятын оқып шық. Осы аятқа байланысты, гуманистерді қандай болашақ күтіп тұр?

42.

Өз үйім — өлең төсегім



*Жер бетінде де жұмақты табуға
болатыны туралы аңыз*

Белинда Карлайл жақында ғана өзінің жиырмадан астам жақсы әндерінің ішіндегі «Жер бетінде де жұмақты табуға болады» деген хитімен басты орынға ие болды.

Ән жаман емес, ал теологиясы өте нашар.

Ол, әрине, осы әнді айтатын жалғыз әнші емес. Бәлкім, сіз оны естіген де шығарсыз және басқа біреудің орындауында.

«Менің не ойлап тұрғанымды білесің бе?» (Сен автобуста сенімен бірге кетіп бара жатқан қыздың қасында отырған былғарыдан тігілген кеудеше киіп алған, жігітіне айтып отырған сөздерін естуге мәжбүрсің.) «Мен жұмақ біздің жан дүниемізде деп ойлаймын, бұл жан дүниеміздің жағдайы деп ойлаймын. Ал, сен ше?»

Бәлкім, сізге осы күйтабақтың екінші жағын естуге тура келген шығар.

«Ей, сен, — деді толықтау келген денесінде әшекейі (татуировка) бар ер кісі, ақ алжапқышы бар жас жігітке. — Менің жер бетінде көрмегенім жоқ, оның қасында тозақ түкке де тұрмайды. Осы сөздерді айтып тұрып, ол бар күшімен жұдырықтап бағананы ұрды: «Мен бастан кешіруге тура келген жағдайлармен, ешқандай тозақты салыстыруға да тұрмайды».

Сізге не десем екен? Бұл аңыз.

Иә, шынында да, кейде адамның тағдырына, бұдан жақсы бір нәрсе болуы мүмкін бе деп, тіпті көз алдыңа да елестетіп көруге қиын болатын «бақыт» түседі. Расында да, кейде біздің өмірімізде сұмдық жағдайлар болады, олардың жаныңа бататыны соншалықты, сондай кездерде тіпті тозақта да жаман болмайтын сияқты болып көрінеді.

Соған қарамастан, Киелі кітапта шын мәнінде жұмақ және тозақ бар екені туралы анық айтылған.



Иса Өзінің ізбасарларына былай дейді:



Көктегі Әкемнің үйінде тұратын орын көп. ...Енді сол жерден сендер үшін орын дайындауға бара жатырмын.

Жох. 14:2

Сонымен бірге жұмақ — деген сөзді Ол адамдардан жынды қуып шығара алатынына қуанған, Өзінің шәкірттерімен әңгімелескен кезде, бұл бар ынтамен ұмтылу қажет болатын орын немесе жағдай екенін анық түсіндірді:



Дегенмен, жындардың өздеріңе бағынғандығына емес, есімдеріңнің көктегі кітапқа тіркелгендігіне қуаныңдар.

Лұқа. 10:20

Ал, елші Жохан, егде тартқан шағында, Киелі кітаптың ең соңғы кітабы Аян кітабында айтылған, болашақ пен жұмақ туралы аянында, Құдай болатын орын ретінде жұмақ туралы бізге кейбір шындықтарды айтады, «...енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды», «...Құдайдың қызметшілері Оған бас ұра қызмет етеді. Оның бет-жүзін көретін болады... Олар мәңгі патшалық құрмақ» (Аян. 21:4; 22:3–5). Автобустағы жұмақ жер бетінде болуы мүмкін деп ойлайтын әлгі қызға, Киелі кітаптың сөзімен: «Сіз әлі ешнәрсе көрген жоқсыз!» — деп айтуға болады.

Құдайдың Сөзінде, алайда, сонымен бірге, бізге «тозақ» деген атпен мәлім жерде күнәарларды болашақта жаза күтіп тұрғаны анық айтылған. Иса сол уақыт туралы тікелей айтты: «Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады: „Менен аулақ кетіндер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіндер!...“» (Мат. 25:41).

Жохан өзінің аянында сонымен бірге күнәсіне өкініп, тәубе етпеген күнәарларды күтіп тұрған жаза туралы айтады: «Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер және бүкіл өтірікшілердің алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ. Бұл — «екінші өлім»» (Аян. 21:8). Бұл өте қайғылы жәйт, сонымен бірге толық



келген ер кісіге де Киелі кітаптың сөзімен: «Сіз әлі ешнәрсе көрген жоқсыз!» — деп айтуға болады.

Шын мәнінде Киелі кітапта тозақ туралы жеткілікті айтылған және оның сипаттамасы ең қараңғы қапас бояулармен берілгенін көп рет кездестіруге болады. Бұл ескерту тежегіші жұмыстан шығып, құламалы еңістен төмен қарай зымырап келе жатқан, жүк көлігінің шыңғырған дабылына ұқсас.

Өкінішке орай, тозаққа түсетіндерді не күтіп тұрғаны туралы Киелі кітаптық ескертулерге бәрі тиісті түрде көңіл бөлмейді. Жұмақ туралы уәдеге де бәрі құлақ аса бермейді. Алайда, Еврейлерге арналған хатта айтылғандай: «Сол себепті біз беттеген бағытымыздан ауытқып кетпеуіміз үшін Мәсіх туралы естігендерімізге мықтап ден қоюымыз керек. Құдайдың періштелер арқылы (Мұсаға) жеткізген Таурат заңын халықтың бәрі берік ұстануға міндетті болды. Кім оның ережелерін бұзып, бағынбаса, сол әділ жазасын тартты. Бұл осылай болған күнде, егер біз сондай керемет құтқарылуды елемесек, онда жазадан қалайша құтылмақпыз?...» (Евр. 2:1–3).



Өзің көз жеткіз

Жер бетінде де жұмақты табуға болады деген аңыздың қисынсыз екендігіне көз жеткізу үшін, келесі тапсырманы орында.

Жазбадан келесі үзінділерді оқып шық және арнайы қалдырылған қатарларға жұмақ туралы айтатын уағыздаушылардың немесе жазушылардың есімдерін жазып шық:

1. Мат. 6:20 _____
2. Қор. 2-хат 5:1 _____
3. Пет. 2-хаты 3:13 _____
4. Аян. 19:11 _____



Ал, енді тозақ туралы айтқандардың есімдерін көшіріп жаз:

5. Мат. 23:33 _____

6. Пет. 2-хат 2:4 _____

7. Аян. 20:13–15 _____

(Жауаптар: 1. Иса; 2. Пауыл; 3. Петір; 4. Жохан; 5. Иса; 6. Петір; 7. Жохан)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР	
1. Ғарыштық полицей	5
2. «Жұлдызды соғыстағы» Люктің Құдайы	9
3. Мейірімді Аяз Ата	13
ИСА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР	
4. Иса пайғамбар	17
5. Иса — жәй көрнекті адам болған	23
6. Жалған Иса.....	27
7. Иса — арманшыл	31
8. Ақ нәсілді Иса.....	35
КИЕЛІ КІТАП ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР	
9. Жалғыз, бірегей кітап	41
10. Киелі кітап және швейцар ірімшігі	45
11. Киелі кітап және бұзылып қалған телефон ойыны.....	49
12. Болған оқиға немесе ойдан шығарылған оқиға	55
13. Дәрігер Лұқа және қайдан шыққаны белгісіз «политарх» деген сөз.....	61
14. Шынайы пайғамбарлық сөздер немесе кездейсоқ түйісулердің кезегі ме?.....	67
ҚАЙТА ТІРЛІУ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР	
15. Өлген кісі болып көрінді?.....	73
16. Соқыртеке ойыны?.....	79
17. Жасырынбақ ойыны?.....	83

МӘСІХШІЛІК ЖӘНЕ МӘСІХШІЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

18. Орыс үшін жақсы болып көрінген нәрсе, неміс үшін өліммен тең	89
19. Бәрі де салыстыру арқылы білінеді	93
20. Көкте Құдай түгендегенде, барлық адамдар сонда болады	97
21. Сіздің нені білетініңіз маңызды емес, кімді білетініңіз маңызды	101
22. Парасатты адамдарға кіруге тыйым салынған!	105
23. Джефф және профессор.....	111
24. Авраам Линкольн және таңғы сағат 10 белгіленген тарих пәні бойынша емтихан	115
25. Бұқтырылған қызанақ және кроссовки.....	121
26. Күмәнға орын жоқ	127
27. Үй өсімдіктері мінәжатқа жауап бермейді	131
28. Күнә, екіжүзділік және Билли Грэм	135
29. Жыланның арам ойлы уәдесі	139
30. Мұның бәрі не үшін менің басыма түсті екен?	143

ӨМІР ЖӘНЕ БАҚЫТ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

31. Байлар — демек, бақытты адамдар	147
32. Арсыз және жылпос Доджер.....	153
33. Біз осалдармен, жасықтармен және ойрандаушы, баукеспелермен бірге жүрмейміз	159
34. Түзелмейтін балалар	163
35. Жердің кіндігі және бүкіл әлемнің орталығы	167
36. Хас сұлу емес, құбыжық.....	173
37. Бәрі қалай істесе, мен де солай істеймін.....	177
38. Жыныстық қарым-қатынас — бұл әдепсіз сөз емес.....	181
39. Бәтеңке, кеме, шаян және тағы да кейбір нәрселер туралы ...	185
40. Жүрегің ауызыңа тығылып, тынысың тарылғандай болған кезде	189
41. Өзіңді-өзің емдеп ал!	193
42. Өз үйім — өлең төсегім	197